

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
АКАДЕМИК Т. ТӘЖІБАЕВ атындағы  
ЭТНОПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ЭТНОПСИХОЛОГИЯ ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

---



АКАДЕМИК Т.Т. ТӘЖІБАЕВТЫҢ ХVІІІ-ОҚУЛАРЫ  
ШЕҢБЕРІНДЕГІ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ  
КОНТЕКСІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ  
ҒЫЛЫМ МЕН ТӘЖІРИБЕ» атты  
республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияның  
МАТЕРИАЛДАРЫ

Материалы Республиканской научно-методической конференции  
"СОВРЕМЕННАЯ ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА И  
ПРАКТИКА В КОНТЕКСТЕ  
ПРОГРАММЫ "РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ"  
В РАМКАХ ХVІІІ ТАЖИБАЕВСКИХ ЧТЕНИЙ

Materials of  
Republican scientific and methodical conference  
"MODERN PSYCHOLOGICAL SCIENCE AND PRACTICE IN THE  
CONTEXT OF IMPLEMENTATION OF THE "RUHANI ZHANGYRU"  
PROGRAM IN THE FRAMEWORK OF THE ХVІІІ TAZHIBAЕV  
READINGS

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2018

## **Ұйымдастыру алқасы:**

### **Төраға:**

**Мұтанов Ғ.М.**, техника ғылымдарының докторы, профессор, академик, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры

### **Төраға орынбасарлары:**

**Бүркітбаев М.М.**, химия ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші проректоры

**Рамазанов Т.С.**, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры

**Хикметов А.К.**, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу жұмысы жөніндегі проректоры

**Саксенбаева Ж.С.**, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әдістемелік бөлімінің басшысы

**Масалимова А.Р.**, философия ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің деканы

**Әлғожаева Н.С.**, педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

**Мейрбаев Б.Б.**, философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары

**Мадалиева З.Б.**, психология ғылымдарының докторы, профессор, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі

### **Ұйымдастыру алқасының мүшелері:**

**Жарықбаев Қ.Б.**, пед.ғ.д., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

**Құдайбергенова С.Қ.** психол.ғ.к., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доцент м.а., ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары

**Баймолдина Л.О.**, PhD, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доценті, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары

**Жұбаназарова Н.С.**, психол.ғ.к., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доценті

**Жолдасова М.К.**, PhD доктор, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доцент м.а.

**Академик Т.Т. Тәжібаевтың XVIII-оқулары шеңберіндегі «рухани жаңғыру» бағдарламасы контекстіндегі қазіргі таңдағы психологиялық ғылым мен тәжірибе» Республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 190 б.**

**ISBN 978-601-04-3205-5**

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

**ISBN 978-601-04-3205-5**

## 1 СЕКЦИЯ

### Т.Тәжібаев идеялары және «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

ұлтты рухани жандандыру бағдарламасы идеяларының контекстіндегі қазіргі таңдағы психологиялық-педагогикалық ой

Идеи Т. Тажибаева и современная психолого-педагогическая мысль в контексте идей программы духовного возрождения нации «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

---

*Акажанова А.Т.*

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университет)*

### ШОҚАН ШЫҢҒЫСҰЛЫ УӘЛИХАНОВТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Шоқан Уәлиханов (шын есімі Мұхаммед-ханафия Шыңғысұлы) 1835 жылы Құсмұрын бекінісі, қазіргі Қостанай облысы, Алтынемелде, дүниеге келді. Қазақ халқына белгілі – ғалым, ориенталист, тарихшы, этнограф, географ, фольклоршы, ағартушы, демократ, суретші [1, 603 б.].

Бүкіл әлемдік өркениет қорынан мейлінше мол сусындаған Ш.Уәлиханов жан-жақты білімді, озат ойлы, ерекше дарынды адам еді. Ол өзін тарихшы, ғылыми ізденімпаз, ерінбес этнограф, батыл саяхатшы, қажымас географ, білгір әдебиетші, шебер суретші, жалынды публицист, жан сырын ұққыш нәзік психолог ретінде көрсете білді. Аз өмірінің ішінде бүкіл адамзаттық ғылымның көптеген салаларына бағасын мәңгі жоймайтын зор үлес қосты. Ағартушылық идеяның туын алғаш көтерген Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов не бәрі отыз-ақ жыл өмір сүрді, аз ғұмырының ішінде білім-ғылымның көптеген салаларына бағасын мәңгі жоймайтын үлес қосты.

Ш.Уәлихановтың қабілеттілігіне таң қалған К. Губарев бір мақаласында былай дейді: «Шоқан Уәлиханов – сібірлік бұратана (инородец) араларында кездеспейтін, айтарлықтай ерекше қабілетті тұлға», ал Н.Семилуженский Шоқанды «Өте білімді, ... жаратылысынан ерекше өнерлі, тапқырлығы шексіз тұлғалардың бірі» деген баға береді [2, 253-254 бб.].

Шоқан еңбектерінде психологиялық мәселелерге байланысты әртүрлі сипаттағы деректер баршылық. Осылардың ішінде басқа мәселелерден көбірек сөз болғаны – халқымыздың ұлттық санасы, оның ішінде өзіндік психологиялық ерекшеліктері туралы мәселе еді. Шоқанның психологиялық пікірлерінде материалистік сарын ерекше байқалады. Оның еңбектерінде адам психологиясы сыртқы ортаға, әсіресе географиялық, табиғат жағдайларының әсеріне байланысты қалыптасып отырады дейтін пікірлері баршылық. Тағы бір психологиялық пікірлерінің арнасы оның дін жөніндегі толғаныстарымен астарласып жатады. Ол қазақ даласында кейінірек таратылған шаман дінінің пайда болуының да белгілі себептері бар дейді. Дін мәселесіне байланысты Ш.Уәлиханұлы патша өкіметіне әртүрлі сұраныс жасауға мәжбүр болды. Мысалы, «О мусульманстве в степи» атты мақалада: «Біз қалай болсада татарлық кезенді айланып өтуіміз қажет, өкімет басшылары осыған қатысты көмек көрсеткені жөн. Біздерге бұл әрекет суға батқандарды құтқарудай болса – оларға ол міндет» [3, 253-254 бб.].

Алғыр ойлы, сезімтал Уәлиханов көп заманнан бері қазақтармен аралас-құралас Орта Азия, Шығыс Түркістан халықтарының тіршілік-тұрмысындағы өзіндік ерекшеліктерінде шұқшия зерттеп, бұларды ғылыми әлемге паш етті. Мұны ол сырттан жорымай, солармен мидай араласып, ел арасында жүріп зерттеді. Мәс., ол қашқарлықтардың (ұйғырлардың) психологиясын, әдет-ғұрпын, тіл өзгешеліктерін алғаш зерттеушілердің бірі болды. Ата мекені Шығыс Түркістан ұйғырлардың бостандық пен тәуелсіздік жолындағы ерлік істерін, өз Отанын жан-тәнімен сүю сезімінің жоғары екендігін көрсете келіп, мінездері жайдары, елгезек, адамға жұғысқыш, еңбекор және өте кішпейіл, – деп жазды. Ғалымның ойынша, белгілі бір этнос өкілі ретінде адамның өзі туралы түсінігіне ықпал ететін: *біріншіден*, сол этникалық ортада таралған этностың ерекшеліктері мен қасиеттерін өзіндік бағалауын құратын пікірлер мен көзқарастар, *екіншіден*, осы этносқа өзге этникалық топтардың өкілдері берген бағалар мен пікірлер. Осыдан-ақ байқауға болады Шоқан Уәлихановтың қазақ-қырғыз елдері мен т.б.

көршілес елдердің тілін, дінін, мәдениеті мен әдебиетін, салт-дәстүрін жан-жақты зерттеп, көптеген ғылыми еңбектерді жария еткені. Солардың бірі «Абылай», «Сібір қазақтарының сот реформасы туралы записка», «Шаман дінінің қазақтар арасындағы қалдықтары», «Жоңғария очерктері» т.б. Осы туындылары арқылы зерттеуші ғалым Шығыс халқын орыс, батыс оқымыстыларына таныстыруы халықтың ұлттық өзіндік санасын қалыптастыруда құндылық бағдарларын және өз халқы мен өзге халықтарға қатынасындағы бағытын анықтауға, ұлттық пен жалпы адамзаттықтың үйлесімділігін табуға ұмтылуы түсінікті. Ғұлама ғалым алғашқы адамның қиялы мен діни сенімдері оның табиғатқа тікелей қатынастарының бейнесі ретінде пайда болғандығын айтады. Шоқан қазақ халқындағы шамандық ұғымдардың шығу тегін түсіндіргенде де, оның психологиялық жақтарын ашқанда да, материалистік позицияны берік ұстады. Мысалы, Шоқан Уәлиханов молланың неке қию рәсіміне ерекше назар аударды «Жастайынан қыздарды олардың келісімінсіз тұрмысқа беру – бұл қырғыздардың (казак) дәреке дәстүрі, ал кей кездері бесік балалары да үйірлестіріп жатады», – дейді зерттеуші [4, 74 б.]. Ал ерте босанудың салдарынан денсаулықтарына зиян келтірілетін, дәрігерлікпен шұғалданатын татарлар мен ортаазиаттардың дүмшелік әрекеттері туралы Шоқан ашыну сезіммен былай деп жазған: «Қазақтар аяғы ауыр әйелдермен не істемейді? ... Жас әлі буыны қатпаған әйелдердің толғағы мен босануы өте ауыр болады. Оны ескермейтін қырғыздар (қазақ) оны сұм рухтың ісі деп босанып жатқан әйелді ұрып-соғып, қорқытып, тілдерінен тартады. Түсінікті, ұрып соққаннан немесе босандыратын шебер кемпірлер мен акушер мамандар болмағандықтан болар, екіқабат әйелдер көп жағдайда дүниеден озатыны», – деп тұжырымдайды ғалым [3, 75 б.].

Шоқан туған халқының әдет-ғұрпының түрлі жақтарын талдай келе, қазақ арасындағы кейбір жағымсыз әдеттерді де мейлінше сынап, олардың психологиялық астарларына үңіліп, осы айтылғандардың қазақ қауымын ілгері бастырмай келе жатқан мерездер деп қарады. Мәселен, осындай кінәраттың бірі барымта екендігін, оны жұрттың көпшілігі баюдың мал жинаудың ең жеңіл әдісі деп қате түсініп жүргенін баса айтты. Ол мұндай "кәсіппен" айналысқан адамның еңбекке ынтасы болмайды, жан-жүйесі жұғымсыз, ұсқынсыз келеді. Белгілі бір кәсіппен айналысу уақытты, зор ынтаны керек етеді деп дұрыс тұжырымдады. Осылайша ол жастарды сұрқия кәсіптен бойын аулақ ұстауға шақырып, осынау жексұрын қасиеттің адамды арамтамақтыққа, еріншектікке итермелейтінін айта келіп, осы жаман әдеттің сайып келгенде қазақ даласында түрлі кәсіптің дамуына кедергі келтіретініне тоқталды.

Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстан тарихы мен этнографиясын зерттеген шовинистік рухтағы орыс ғалымдарының еңбектерінде халқымыздың ондаған ғасырлық тарихы бар мәдениетіне қиянат жасалып, тіпті ұлттық психологиямызға күйе жағылып, екінші сорттағы халық деп келгені белгілі. Осы жағдайға байланысты Ш. Уәлиханов өз халқының өмірін жете зерттеп, кеңдаласымен дархан халқын орыс пен Еуропа жұртшылығына таныстыруға бел байлаған еді. Зерттеуші ғалым өз халқының тарихын, мәдениетін ерте танылған елдермен сабақтастыра сипаттайды: «Біздің бай және поэзиялық құны жоғары, реалистік әдебиетіміз бар. Ол шығыстың эпосына емес, индогермандық эпосқа ұқсамайды», – деп ой түйіндей келе, былай деп жазады: «Түрік тектес халықтардың ішінде поэтикалық қабілеті жағынан қазақ бірінші орын алады деуге болады. Біздің шығысты зерттеуші ғалымдарымыздың арабтар туралы айтқан сөзі қазақтарға дәл келеді. «Қазақтар да бәдәуилер сияқты жаратылысынан өлеңші және ақын». Шоқан қазақ ақындарының төгілдіре жырлау қабілетін олардың негізгі ерекшеліктерінің бірі деп бағалады. Зерттеуші-ғалымның айтуы бойынша: қазақтардың шешендік өнерге қабілеті, өлең мен жырға икемді келеді дейді. Жалпы көшпелі халықтарға да осындай қасиеттің тән екендігін атап көрсетеді: «Көшпелі елдердің қай-қайсысының болсын бір өзегешелігі – олар өлең-жырға бай, шебер келеді... Монғол, түрік тектес рулар дәл осындай». Ғалым бұл халықтарда төкпе, суырып салма қасиеттің мұншалықты дамып жетілуінің сырын ашуға да тырысты. «Мұндай қасиеттің болуына көшпелілердің алаңсыз өмірі әсер етті ме, болмаса ұшықиырлы жоқ жасыл дала мен моншақтай тізілген жұлдызы көп, ашық аспанды сұлу табиғат әсер етті ме, – ол әзір бізге мәлімсіз, – деп ұйғарады зерттеуші» [5, 255-260 бб].

Ш. Уәлихановтың кейбір ойлары жас және педагогикалық психологияның мәселелерімен ұштасып жатады. Тұлғаның қалыптасуындағы тектік фактордың ролін жоққа шығармай, білім мен тәрбие мәселелеріне ғалым ерекше көңіл аударады. «Мәдениет, адам ағзасын жақсартуға қабілетті. ... Еуропалық жаңартушы идеяларды қырғыздарға қабылдату үшін, ең алды оның бассүйегін және нерв жүйесін білім арқылы алдын ала дамыту қажет. Толық жетіспеген ағза керек мәліметті толыққанды менгере алмайды» [4, 79-80 бб.]. Педагогикалық психологияға қатысты Шоқанның әртүрлі этностың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, этникалық ерекшеліктері туралы оның бақылау күнделігінен қызықты мәліметтерді кездестіруге болады. Мысалы «Жалпы тарих» деп аталатын мақаласында қытайлардың психологиялық қасиеттерін былай сипаттайды: «Ата-аналарының отбасына мейірімділігі, балалардың

ата-анасына деген құрметі, құқыққа бағынушылық, қонақжайлылық және еңбекқорлық. Бірақ, қытай секілді азғындыққа бейім халық әлемде жоқ», – деп жазады ғалым [5, 304-305 бб.]. Бұл мысал адамның ішкі әлеміне терең үгіліп және оны айқын ашлатын дарынды тұлғаға ғана тән қасиет деп білеміз.

Ғалым Шығыс Түркістанды мекендеуші көптеген халықтардың (қырғыздар, түрікпендер, өзбектер, қытайлар, т. б.) психологиялық ерекшеліктерін, олардың әрқайсысына тән әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін де өте білгірлікпен көрсете келіп, бұларды ерекше дәріптемей, психологиялық жағынан бір-бірімен тең түсіп отыратындығын айта келе, ұлттық томаға-тұйықтық көзқарасқа да соққы беріп отырады. Шоқан аталған халықтардың экономикасы мен мәдениетіндегі артта қалушылықты, әсіресе туған халқы – қазақтардың бұл арадағы кешеуілдеген жағдайын баса айтып, одан шығудың жолдарын көрсеткісі де келді. Бірақ Шоқан көрсеткен жолдың түп-төркіні тек ағартушылық жол еді. Оның этнопсихологиялық пікірлерінің бұдан басқа да кейбір келісе бермейтін жақтары бар. Мәселен, ол халқымыздың басты-басты психологиялық ерекшеліктерін (қонақ жайлылық, үлкенді сыйлау, т. б.) дұрыс көрсете келіп, осы ұлттық мінезде кейбір өзгермейтін, тіпті тұқым қуалайтын жақтары да бар деген пікір айтты [6, 78-79 бб.]. Зерттеуші ғалымның ойынша, білім-ғылымнан кенже, тәжірибесі аз адамның табиғатпен күрестегі енжарлығы, оған тәуелді болуы – діни мен сенімдердің пайда болуының көзі. Екінші бір көзі адамның жан-дүниесінің, оның сана-сезімінің кейбір ерекшеліктерінен туындайды. Дүниедегі ерекше бір керемет – ол адамның өзі, оның жаны, қабілеті, ойлайтын және бәрін білгісі келетін рухани өмірінің зерттелуі аса қиын нәрсе. Адамның табиғат күштерінен қорқуы – діни түсініктерінің пайда болуының басты себептерінің бірі.

Шоқан психологияда өзіндік теориялық тұжырымдар ғана жасап қоймай, шын мәніндегі адам жанын түсінетін тәжірибелі психолог ретінде де өзін көрсете білді. Оған ғалымның жекелеген адамдарға берген сипаттамалары жақсы дәлел. Көркем очерк түрінде жазылған күнделіктері мен жол жазбалары «Құлжа сапарының күнделігі», «Қашқария сапарының күнделігі» психологиялық тұрғыдағы құнды дүниелер.

Кейбір келеңсіз көзқарастарға келіспеушілік білдірген зерттеуші, қыр жағдайында туған халқының ұлттық ар-намысын қызғыштай қорғап, қазақ халқын "тағы халық" деп қарау мүлде қате, бұл білместіктен айтылған сөз, халқымыз ертеден елдігі, өзіндік өнері бар, ылғи да көшіп-қонудың салдарынан оқу-білімнен кенжелеу қалса да, рухани дүниесі бай, жағашылдыққа ұмтылғыш, жаңалыққа бейім халық деп тебіренеді. Ол Шығыстың эпосына емес, индогермандық эпосқа ұқсайды, – деп ой түйіндей келе, қазақтардың рухани байлығын өркеніеті аса бай ірі елдермен төркіндестіре сипаттайды. Шоқан қазақ ақындарының төгілдіре жырлау қабілетін олардың негізгі ерекшеліктерінің бірі деп бағалайды. Ғұлама ғалымның осы пікірлерін кең-байтақ өлкемізде болған орыс, украин, поляк зиялылары да қостайды [6, 82 бб.].

Қорыта келгенде, Ш.Уәлиханұлы жоғарыда сөз болған этнопсихологиялық еңбектерімен қоса педагогикалық психологияға қатысты мәселелерді де қозғаған.

#### **Әдебиеттер**

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd., 2005. – 656 б.
2. Валиханов Ч.Ч. Киргизская степь // Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. – 5 т. – Алма-Аты: Китап. – Т. 5, 1985. – 254 с.
3. Валиханов Ч.Ч. Арвахи или онгоны, духи умерших предков // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. – 5 т. – Алма-Аты: Китап. – Т. 4, 1985. – 404 с.
4. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе // Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. – 5 т. – Алма-Аты: Китап. – Т. 4, 1985. – 404 с.
5. Валиханов Ч.Ч. Общая история // Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. – 5 т. – Алма-Аты: Китап. – Т. 2, 1985.
6. Жарикбаев Қ.Б. Психологическая наука Казахстана в XX веке. – Алматы: Эверо, 2006. – 429 с.

***Байманова Л.С., Фахруденова И.Б.***

*(Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.,*

*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті)*

### **АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҢ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ**

Қазақстан Президентінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» [1] атты мақаласы аясындағы «Туған жер» бағдарламасын қалыптастыру және іске асыру мақсатында Зеренді ауданының Қазақстан ауылының аумағында орналасқан «Уәлихан мазарына» 19-шы мамыр күні сапар шектік.

Тарихи анықтама: Қазақстан ауылынан Көкшетау қаласына қарай бетте бір шақырым жерде ежелгі қорған көп шоғырланған жерде, Омбы арқылы Сібірден Көкшетаудағы Майбалық көлі арқылы

Түркістанға олан әрі Бұқараға баратын ескі керуен жолы бойында орналасқан. 2006 жылы бұл жерді атақты археолог Ф. Зайберт [2] зерттеп шығып, бұл жерде сармат дәуірінен бастап жоңғар дәуірі мен қазақ хандығы кезеңінің ескерткіштері шоғырланғанын анықтаған болатын.

Ауылдың орналасқан жері Абылайдың қарақалпақ қызы Сайман ханымның ауылы орналасқан. Жергілікті қарттар бұл биік төбені бұрыннан «хан сүйегі» деп атаған. 1993 ж. Уәлі ханның құлпытасы табылып, ол біраз жыл зерттелмей, мәтіні оқылмай жатып қалды. Елімізге танымал, жазушы, журналшы Естай Мырзахметов, Төлеген Қажыбаев сияқты ел адамдары, хан ұрпақтары Сансызбай Мұқиттанов, Өмірбек Дәулеткерев сияқты азаматтар бұл мәселені көтеріп, қоғамдық пікір туғызғанға дейін осы жағдайда қала берді. Бір топ азаматтар сол кездегі Ақмола облысы әкімдігіне осы хан қорымына қамқоршылық жасап, ескерткіш қою мәселесін көтерген кезде ол аяқсыз қалды. Бұрыннан «Хан төбе» аталған хан қорымы» аталған ескерткіш «Мәдени мұра» [3] бағдарламасына енбей қалып қалды. Сондықтан 2006-2008 жж. Ел азаматтары бастамшылықты өз қолдарына алып, өздерінің ортадан шығарған қаржысына осы ескерткішті қазақ мемлекетінің тарихында өзіндік үлкен орны бар Уәлі ханның құрметіне, әруағының ризашылығы үшін салдырған болатын.

1903 ж. төре Сұлтанғазы Уәлиханов осы құлпытасты бабасының құрметіне қойдырған болатын. Сол кезден ол жер топонимикасында «Төре түскен» деген жер бар. Ескерткіш бірнеше рет алтын іздеуші вандалдардың тарапынан қиратылып, асты-үстіне келтірілген жағдайда 2006 жылға дейін болды.

Мазар шаруашылық әдіспен салынғандықтан заман талабына Уәлі ханның қазақ мемлекеті тарихында алатын орынына еш сәйкес келмейді. Егер біз тарихи туризмді дамытамыз десек бұл жердің өте қолайлы инфраструктурасы барлығын айта аламыз.

Ескерткіштің анықтама-ақпарат беретін тақтайшалары тозып, жазулары өшіп кеткен. Қоршау ағаштан жасалғандықтан кей жерлері бұзылып құлаған. Ескерткішке және Қазақстан ауылына баратын жолда асфальт төсеу және ескерткішке баратын жол бойындағы жазуды үлкен заманауи тақтайшаларға жазу қажет. Ескерткішті болашақта мемориалды кешенге және туристік маршруттың бірмаңызды тармағына айналдыруды ұсынамыз. Қазақстан ауылында табан аудармай отырған шағын ел бар егер бұл ауылды этноауыл жобасына енгізер болсақ жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз етіп, елді орнықтыра түсер едік. Ауылда типтік мектеп жоқ. Салынып дайын болған мектепті 1990 жж. бұзып әкеткен. Отыздан астам оқушысы бар шағын негізгі мектеп ескі ғимаратта орналасқан. Мектеп жанында соғыс пен тыл еңбеккерлері мен ауған соғысы ардагерлеріне арналып ескерткіш тұрғызылған. Мектеп оқушылары мен ұстаздары ескерткішті өз қамқорлықтарына алған.

Уәлихан – маңызды тарихи тұлға. Абылайханның үлкен баласы. Қазақ елінің соңғы легитимді басшысы, ханы. Уәлиханмен Ресей патшалығы да Цинь империясы да есептескен. Уәлиханға қатысты Ресей мен Цинь империясының мемлекеттік тарихи құжаттары Ресей, Қытай, Қазақстан мемлекеттерінің архив қорларында сақтаулы тұр.

Сонымен қатар «Туған жер» экспедициясының Зеренді-Сандықтау сапары да жүзеге асырылды. Алыстан көрінгенде қайыңды-қарағайлы орманды таулары мұнартып, көгірлендіріп көрінгендіктен «Көкше» атанған өлкенің оңтүстік-батысындағы бұл бағыт өңірдің ел есінде қалардай сұлулығын айшықтай түсетін сұлу да әсем дала, шалқыған көлдері мен өзендері мол, сулы да нулы жер. Елімізде еңсере енген отарлаушылар да осы өлкеге назарын сұққан ғой. Соның айғағы Сандықтау аймағында екі-үш мекеннен басқа жерлер әлі күнге жергілікті атауларынан ада қалып келеді. Содан да болса керек халқымыздың соңғы ханы, елдігіміз үшін күрескен Кенесары ханды қолдап, оның қолының тірегі болғандар қалың қарауыл төңірегіне болған басқа батырлар, ал солардың басшысы болған үш батырдың зиратын бір-біріне жақын тұста: Кенжебай батыр, Тайлақ батыр,.... Кенжебай батырдың белгісін оның шөбересі Шаңтөбе кенішінің қарт шахтері (кеншісі) еңбек ардагері Қали Әннәйұлы орнатса керек. Өкінішке орай талай есікті қақса да айтқанын өткізе алмаған ол өз бабасы Кенжебай басына ғана тас қойған екен. Егін ортасында қалған ескерткіш белгіде Кенжебайдың туған – қайтқан жылдары ғана жазылған. Ол кісінің жиған деректерінде Кенжебай батыр 1825 жылы туып елу тоғыздан асып алпысына қараған шағында қайтса керек. Осы тұс Барақбай қонысы атанады, оның қазіргі атауы Новомаксимовка, жанындағы төбеде оның төңірегіндегі қалың жыныс та Ақсораң атанады. Сол жерде қылды қарауылдың Барақбай әулеінің қонысында әлі күнге дейін қоршалып, қорғалмаған қорымды жергілікті басшылық енді-енді қолға алмақ.

Кенжебай батыр, атасы Ақылбай батырлары Киікбай, Барақбай батырлар сияқты қол бастаған батыр, Кенесарының белгілі сарбазы, батыр інісі Наурызбайдың оққағары болған. Барақбайдың Ақпаннан Кенжебай, Амандық, Жиенбек. Ал Кенжебайдан Тәуірбай, Тілеуберді. Тәуірбайдан Ебікен (Еркеш Ибраһимнің әкесі Еркештің шын аты Еркебұлан), Тілеубердіден Әннәй, Кенжебай батырға белгі қойғызған Қали ақсақалдың әкесі.

Қазақ әдебиетінің асқарлы биігі, белгілі ақын, Көкше өңірінің өнерін асқақтытып бүтін елге танытқан айтулы ақын Еркеш Ибраһим (айтулы ақын Қадыр Мырзалиевтің студенттік шағындағы ұстазындай атанып, өзім көрген алғашқы «тірі ақын» атандырған) осы Баракбай ауылының тумасы. Жастайынан жетім қалып, қиындықты көп көрген Еркеш (Еркебұлан) Балқашиндегі жеті жылдық мектепті бітірген соң Атбасардағы жетімдер- пансионатында орта білім алған –ды. Бүкіл санаулы ғұмырын ақын-азаматтық кезеңін Көкшетауда өткізген, Көкшетауын жырлап өткен ақынға туған өлкесінде еш белгі жоғы өкіндіреді. Замандас, қаламгер інісі Мәтен Бижанов, ақын шәкірті Төлеген Қажыбай бастаған зиялы қауым көтерген мәселелер, тым құрығанда Көкшетау қалалық кітапханасына есімін беріп, өзі ардақтаған қаласының бір көшесін атаса деген тілек әлі күнге аяқсыз қалып келеді.

Кенжебай батыр отбасынан шамамен 20 шақырымдай жерде Тайлақ батырдың қорығы бар екен, оған да белгі қойылмаған. Бұл батыр туралы деректер жинақталмаған, Кенесары ханның айтулы батыры болған. Тайлақ туралы белгілі жазушы Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының (3-ші томында, 19-ғасырды сөз ететін) «Қаһар» романында Тайлақ батыр туралы деректер бар (92-93 беттерде).

Сандықтау өңірінен қайта оралғанда кезеңде Зеренді ауданындағы екі тарихи белгіге соқтық. Оның бірі Зерендінің Көкшетауға шығар бетінде тұрған, өзінің көрікті тұлғасымен көзге тартар, Ақан сері жырға қосқан Балқадияша мүсіні. Кешегі кеңес кезінде, ақын жүрегінен тамсана шыққан сөздердің көпшілігі саясатқа негізделіп, өзгертіліп айтылған шақта ардақты Ақанның [4]:

Қызы едің Ыбекеңнің Балқадияша,  
Өзенді өрлей біткен, шіркін-ай, тал Қадияша!

Сексен қыз серуенге шыққан кезде,

Ішінде қара басың, па, шіркін хан Қадияша! – деген сөзі кейбір жеңіл ауыз әншілердің айтуынан: Балқадияша, Балқадияша.

Күйеуің сексен бесте шал Қадияша- деп айтылып кете барды. Әлі де кейде, тіпті көпке танымал «Жігіттер» квартеті әншілері ән құдіретінің білгірі, Арқа әндерін көпке танытып жүрген атақты композитор Илья Жақановтың сынына қарамастан әлі күнге дейін солай айтады, тіпті осы сыңайлы Балқадияшаға ынтық болған Ақан аузынан сөз айтқызып клип шығарыпты....

Қазақстан Республикасы Президентінің рухани жаңғыруға қатысты жолдау-мақаласындағы «Туған жер» [5] бағдарламасына сәйкес, кесенелерге қатысты мынадай жайттарды айтқымыз келеді:

- кесененің алып жатқан үлкен аумағындағы ағаш қоршауларды алып, металдан не жылтыр мрамор тастардан қоршау орнатылса;

- кесененің жан-жағын үлкен пантеон деп есептеу керек. Және осы қорымда жатқан басқа тұлғаларды анықтау керек. Кесенені орай қоршап жатқан биік қорымды ежелгі сақ қорғаны деп қарастыруымыз керек. Оның сақ қорғаны екендігін елімізге белгілі археолог Ф. Зайберт растаған;

- кесене орналасқан биік шоқыдан жақын маңдағы ауыл «Қазақстанға» дейін асфальт жол салынып, кесенеге келушілерге, туристерге арналған инфраструктура жасалу қажет;

- «Уәлихан мазарына» баратын барлық жол тораптарына арнайы анықтамалық белгілер орнату қолға алынса;

- «Уәлихан мазарының» жанына арнайы шырақшы, қорықшы белгілеп, музей-үй кешені жасақталса;

- «Уәлихан мазары» кесенесіне қатысты арнайы жарнамалық, бағдарламалық жұмыстар жүргізіліп, кесене өлкенің арнайы туристік кластеріне енгізілсе;

- «Уәлихан мазары» және Уәлихан тұлғасы жайында арнайы ғылыми-танымдық деректі фильм түсірілсе.

Президенттің жаңа бағдарламасына сәйкес Қазақстан үкіметіне «Уәлихан тарихи кешенін» дамытып салуға мақсатты қаражат бөлуін сұрау мәселесін қоюды ұсынамыз. Қазақ тарихындағы мемлекеттік тұлғаларды ұлықтау ол қарапайым халықтың ғана ісі емес, мемлекеттің ісі деп білеміз.

Қорыта айтқанда, осы жұмыстардың жастарға, туристік маршрутпен келген қонақтарға берер өлкетанушылық, патриоттық мәні ерекше.

#### Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы [Электрондық ресурс]: [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy) (айналым мерзімі: 10.02.2018).
2. Зайберт В. С казахской степи начинались великие инновации на Земле [Электрондық ресурс]: [http://www.inform.kz/ru/s-kazahskoy-stepi-nachinalis-velikie-innovacii-na-zemle-viktor-zaybert\\_a3054271](http://www.inform.kz/ru/s-kazahskoy-stepi-nachinalis-velikie-innovacii-na-zemle-viktor-zaybert_a3054271) (айналым мерзімі: 08.02.2018).
3. Қазақстанның Мәдени мұрасы [Электрондық ресурс]: <http://www.Madeni.mura.kz/kk/culture-legacy/region/> (айналым мерзімі: 05.02.2018).

4. Балқадіша әні - қазақтың ұлы күйші-композиторы Ақан серінің туындысы [Электрондық ресурсы]: [https://kk.wikipedia.org/wiki/Балқадіша\\_әні](https://kk.wikipedia.org/wiki/Балқадіша_әні) (айналым мерзімі: 10.02.2018).
5. Қазақстанда «Туған жер» бағдарламасы қолға алынады [Электрондық ресурсы]: [http://www.inform.kz/kz/kazakstanda-tugan-zher-bagdarlamasy-kolga-alyнды\\_a3016317](http://www.inform.kz/kz/kazakstanda-tugan-zher-bagdarlamasy-kolga-alyнды_a3016317) (айналым мерзімі: 08.02.2018).

**Киришбаева Б.А., Абилядаева К.Ж.**

*Алматы қ, Орталық Азия университеті, педагогика және гуманитарлық пәндер кафедрасы*

## **«МӘНГІЛІК ЕЛ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей, егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Жолдауда бұл құндылықтар аталған: Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Президент сондай-ақ, белсенді, білімді және дені сау азаматтар қалыптастыру, жаңа қазақстандық мәдениетті дамытуға жаңа серпін беру міндетін қойды. 2020 жылғы қазақстандық жастарды патриот, білімді, дені сау, жауапкершілікті және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты жұмыс жасайтын, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, қазақ халқының құндылықтары мен мәдениетін бойына сіңірген, толерантты, әлемде танымал және құрметті тұлға ретінде көреміз.

Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауына сәйкес қазіргі таңда Қазақстандық қоғамның «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайындағы тәрбиенің өзектілігі білім беру ұйымдарының ұлттық мәдениетті меңгеру, бекіту, көріну және трансляциялауына ықпал ететін білім алушы тұлғасын рухани, ұлттық теңестіру мен әлеуметтендіруге бағдарлау қажеттілігімен айқындалады.

Мәңгілік Ел - жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы «Мәңгілік Ел» идеясының мемлекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. «Мәңгілік ел» - ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Оларман тұрмысы байқуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Қазіргі таңда асу армандар ақиқатпен ұштасуда.

Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі» дейді Елбасшымыз Қазақстан Халқына Жолдауында.

«Мәңгілік ел» дегеніміз не? Ол қуатты, мықты, рухы асқақ, діні берік, салтын ұстанған, тарихы тереңде, ынтымақ пен ауызбіршілігі жарасқан, ірі мемлекеттермен бәсекеге түсе алатын, ешқашан жойылмайтын ел. Ендеше, біз үшін болашағымызды бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея. Мәңгілік ел идеясының мақсаты – «Мәңгілік Елді» нығайту, Отанымыздың – Қазақстанның Тәуелсіздігін нығайту! Ортақ мүддеміз – біздің баршамызға ортақ құндылықтарымыз, еркін және өркендеуші елде өмір сүруге деген құштарлығымыз! Ортақ болашағымыз – «Мәңгілік Елдің» - біздің ортақ үйіміздің – Қазақстан Республикасының гүлденуі. «Мәңгілік Ел» - Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. «Мәңгілік ел» мемлекетін құрудағы жастардың рөлі мен жауапкершілігін анықтай отырып, Президент оларда ұлттық сана-сезімдері мен тарихи сананы жан-жақты қалыптастыру мәселесін өзектендірді.

Бұл өте заңды құбылыс, себебі ұлттық компонент - қазіргі заман адамы санасының ажырамас бөлігі. Барлық өркениетті елдерде заманауи білім берудің мәні іс-әрекет пен ойлаудың түрлі формаларына, түрлі мәдениеттік мәндерді іздестіру мақсатында диалогқа қатыса алатын, ұлттық мәдениет адамын тәрбиелеу болып табылады. Ғылыми зерттеулерде білім алушы жастарға ұлттық тәрбие беру мәселелері бойынша: тұлғаның ұлттық сана-сезімі ұлттық тиістілік туралы түсініктерін, ұлттың өткен тарихына, оныңбүгінгісі мен болашағына деген қатынасын, ана тілін меңгерудегі, төлмәдениетін



игерудегі, ұлт мүддесі мен құндылық бағдарын жете ұғынудағы және қабылдаудағы белсенділігін көрсетеді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, соңғы жылдары қоғам жастардың рухани дамуындағы адамгершілік, әлеуметтік, физикалық және психикалық аспектілерде рухани-адамгершілік дағдарыстың үдей түсуімен байланысты ең бір қиын кезеңді өткеріп жатқанын айтпауға болмайды. Бүгінгі Қазақстан жастарының белгілі бір бөлігінің ұлттық сана-сезімі мен дінінің, азаматтығы мен патриотизм деңгейінің құлдырауы осындай тұжырым жасауымызға негіз болып отыр. Әсіресе бұл өзінің туған тілін ғана емес, өз халқының тарихын, салт-дәстүрлерін білмейтін қазақ жастарына қатысты. Сол арқылы: халықты жою үшін оны толық физикалық құртудың қажеті жоқ, тек оның ақылын, ойын және сөзін тартып алу керек, сонда халықтың жаны өледі деген қарапайым шындықты елемейді.

Стратегиясының негізгі алты бағыттарын ескеру қажет:

Бірінші. Жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу. Жаңа қазақстандық патриотизм – бұл этникалық айырмашылықтардан тыс бүкіл қоғамды біріктіруі тиіс барлық мүмкіндік.

Екінші. Барлық этностар азаматтары құқықтарының теңдігі. Біз барлығымыз тең құқықты тең мүмкіндіктерді иеленген қазақстандықтармыз. Біздің жерімізде бейбітшілік пен тыныштық орнауына біз тікелей жауаптымыз.

Үшінші. Қазақ тілінің дамуы және тілдердің үш тұғырлылығы. Жауапкершілікті тіл саясаты қазақ ұлтын біріктіруші басты факторлардың бірі болып табылады. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз және оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту керек.

Төртінші. Мәдениетті, дәстүрлі және даралықты қайта өркендету. Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды.

Бесінші. Ұлттық зиялы қауым рөлін көтеру. Зиялы қауым қалыптасқан мемлекет кезеңінде жаңа жалпыұлттық құндылықтар жасауда жетекші күш болуы керек.

Алтыншы. Мемлекеттің зайырлы сипатын нығайту – бұл Қазақстанның сәтті дамуының маңызды шарты.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» деп Елбасымыз айтқандай мәңгілік елдің ұрпағы ол Қазақтың перзенті. Мәңгілік ел идеясын қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі анық көрсетіледі.

«Мәңгілік Ел» идеясының негізі – бұл біздің Қазақстан халқы ұрпақтарының алдындағы жауапкершілік, әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттің қатарына ену мәртебесі белгіленген және бұйырған лайықты және ұлы Қазақстанды дамытудағы біздің стратегиямыз деп Мемлекет басшының ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында айтылған болатын.

«Нұрлы Жол» – болашаққа бастар жол» атты 2015 жылға арналған Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді» деп айтқаны бар.

«Мәңгілік Ел» идеясы мәңгілік халық, мәңгілік мемлекет ретінде халқымыздың көп ғасырлық арман-мұратына, ел дамуының нақты нәтижелеріне негізделген. «Мәңгілік Елдің» жұмылдырушы күш-қуаты келесілерге негізделген:

- өз барабарлығын, өз тамыр-тегін, өз ұлттық рухы мен өзіндік бірегей даму
- жолын сақтауға;
- әлем қауымдастығындағы өз рөлін айқындауға;
- тарихи-мәдени құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу үшін сақтауға
- мүдделілікке;
- маңызды міндеттерді барынша ауқымды түрде шешуге ұмтылысқа.

«Президент Қазақстанның «Мәңгілік ел» ретіндегі болашағы туралы сөз қозғағанда, ол ұлттың тарихи санасына қатысты мәселелерді күн тәртібіндегі бірінші мәселе ретінде қарастырады. Әлеуметтік-мәдени категория ретінде сипатталатын тарихи жады мейлінше терең болған сайын, сондай-ақ тарихи сана неғұрлым тереңнен тамыр тартқан сайын, адам және тұтас қоғам соғұрлым рухани байи түседі.

Бүгінгі күнді түсініп, келешекті болжау үшін өткенді білу қажет. Адамалдыңғы буынның жинақтаған әлеуметтік-мәдени тәжірибесіне терең бойлағанда, оның өмірлік және азаматтық ұстанымдары айқындала түседі.

«Руханилық – бұл әрбір өркениеттің негізіне айналатын ұғым. Руханилық қандай болса өркениет те сондай. Адамзаттың көпғасырлық тәжірибесі бойынша руханилық адамның қандай ұлтқа, қандай діни конфессияға жататындығына қарамайтын нәзік ұғым», – деп жазады ресейлік философ В.В.Уваров «Руханилық» (Духовность) деген мақаласында. Руханилық – әрбір адамға жақын түсінік.

Ол адамның ішкі әлемінің байлығын анықтайтын категория. Руханилық бұл адам табиғаты, адам ойы, санасы, еркі, бұл адамның ерекшелігін құрайтын біртұтас ағын. Адам Әлеммен тығыз байланыста. Руханилық табиғатта жоқ нәрсе. Біз оны өз санамызбен, жеке дамуымыз арқылы жасап, құрамыз.

Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Ғалым І.Ерғалиевтің анықтамасы бойынша, барлық әлемге (макрокосмосқа) эквивалентті (тең деп айтуға болады) адамның микрокосмостық универсуммен (космоспен) жіктелмейтін үйлесімділік тұтастығы. Универсуммен бұл үйлесімділік тұтастығын адам ең жоғары ерекше формаларда сезініп, онымен айрықша бірігіп, ырғақты күйге бөленеді. Адамның өзінің космоспен (универсуммен) үйлесімділік тұтастығын сезінетін, соған реалды енетін осы күйін руханилық деп атауға болады. Бір айта кететін жай, адам рухы өзін қоршаған ортасында алғаш танысқан құндылықтар және дүниетанымды ұстындармен тұтастану арқылы өзіндік болмысына қайтып келеді. Осы ойды негізге алсақ, барлық адамдардың рухтық әрекет ету бастаулары бірдей, бұл оның бір жаратушыдан таралғандығын білдіреді.

Бірақ осы құндылықтардың өмірдегі мәнін түсініп, талдап, саралап қабылдайтын бұл - адам санасы. Адам санасында бірінші құндылықты анықтау үшін белгілі бір себепке байланысты қажеттілік оянады, әрі қарай сол қажеттілікті қанағаттандыру жолында өз алдана мақсат қойып өзі үшін құндылық негізін анықтап алады. Негізгі рухани-адамгершілік құндылықтар бұл адам бойынан бастау алады десек те болады. Себебі рухани-адамгершілік құндылықтар адам жаратылысы, олардың өмірге қарым қатынасы, тұрмыс тіршілігі, саналы іс-әрекеті мен сезімі арқылы өлшеніп, сараланып отырады. Сондықтан ең жоғары құндылықтардың өзегі - бұл адами қасиеттер және адам екендігі қоғам дамуында әрдайым дәлелденіп келген.

#### **Әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2011 ж. 02 ақпандағы берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. «Мәңгілік Ел». Патриоттық актісі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында сөйлеген сөзі. – Астана қ., 2016.- 26 сәуір.
3. Нысанбаев А.Н. Национальная идея: мировой опыт и Казахстан. - Общациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа. /Под ред. А.Н.Нысанбаева. - Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2006. - 412 с.

***Курманбекова А.С., Молдакасов Р.Б., Сураншиева А.С.***

*(Республика Казахстан, г. Тараз,*

*Таразский инновационно-гуманитарный университет)*

## **МЫСЛИ О СОЦИАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЯХ В ТРУДАХ КАЗАХСКИХ ПРОСВЕТИТЕЛЕЙ**

Особенности становления личности зависят от экономического и культурного уровня развития общества, в котором растет ребенок, от того, какой этап развития культуры народа он застал. Общечеловеческие, национальные и индивидуальные социальные ценности, ценностные ориентации личности должны сосуществовать в социальной структуре индивида в гармонии. В современном обществе основными ценностями, которые, впрочем, и ранее всегда были в почете, являются: семья, здоровье, образование, работа, но духовно-ментальные ценности в XXI веке несправедливо отошли на второй план.

Прежде чем рассматривать содержание самой проблемы, мы обязаны рассмотреть те основные подходы ученых, которые классифицируют ценности и определяют их статус в обществе. Отметим, что общечеловеческие ценности тесно связаны с личными ценностями человека и их можно условно разделить на две группы: материальные и духовные (нравственные). Реализация совокупности этих ценностей необходима для самоутверждения, признания личности в обществе. Человеческая система ценностей является основой отношения индивида к миру.

Значительную роль в развитии ценностей, национальном воспитании сыграли Абай Кунанбаев. В его творчестве представлены слова- назидания, песни.

Основным содержанием поэзии Абая становится жизнь казахского народа, характеризующаяся началом кризиса патриархально-феодалных отношений, кризиса, возникшего под влиянием проникавших и развивавшихся в казахской степи капиталистических отношений. Родовая вражда, раздоры между крупными феодалами, поддерживаемыми баями и аткаминерами, борьба за должность

волостного управителя или бия, темнота и забитость, невежество и бескультурье – все эти явления находили в стихах Абая справедливое осуждение. Абай понимал и то, что эти раздоры искусно разжигались и поддерживались царизмом, действовавшим по принципу "разделяй и властвуй". Поэт видел, что управители, бии и старшины превратились в ставленников колониальных властей. Задумывался он и над тяжелой судьбой своего народа. В стихах Абая звучала глубокая скорбь о злосчастной доле угнетенного, бесправного и отсталого казахского народа. С особой силой скорбь поэта отразилась в стихотворении "О, бедная моя страна!".

В нем поэт рисовал яркий и печальный облик казахского народа, обнищавшего и униженного:

О, бедная моя страна,  
Народ казахский мой,  
Обвисли жесткие усы  
Нечесаной каймой.  
Пути добра не отличал  
Ты от стези дурной.  
Одна щека твоя в крови,  
Румянец - на другой...

Как бы отвечая поэтам-предшественникам, которые оплакивали бедствия народа, но впадая в безысходный пессимизм, уныние и мистику, уходя в реакционную идеализацию прошлого, не видя для него выхода, Абай призывал народ к борьбе за будущее:

Народ мой, если ты, борясь,  
Не смоешь эту грязь,  
Любой унизит честь твою  
И оскорбит любой...

Абай пытался открыть народу глаза, громогласно осуждая и беспощадно бичуя в правдивых, желчных, обличительных стихах пороки феодально-родовой знати и чиновничества и призывая народные массы к просвещению, которое, по мнению поэта, одно может указать им путь к новой жизни.

Всю силу ненависти и страстного негодования поэт вкладывал в свои стихи, рисуя образы баев, мулл, управителей, царских чиновников, всех тех степных хищников, которые обманом и силой эксплуатировали и угнетали казахский народ. Таков, например, образ эксплуататора Абая и его сына:

«Но бай балованным сынком доволен без конца,  
На радость, баю он растет собакой, весь в отца:  
Голодных сверстников своих стыдится байский сын,  
В нем жадность вора, кровь отца и совесть подлеца.  
Бай не поможет бедняку, зачем его жалеть!  
А если даст кусок, – гляди, длинна у бая плеть.  
Трудись, бедняк, проклятый долг сторицей возврати.  
Ведь баю – жить и богатеть, тебе – в могиле тлеть».

Поэт-просветитель призывал преодолеть нищету, невежество, рабскую покорность, межродовую вражду и разобщенность при помощи свободного труда и просвещения.

На свою роль поэта-просветителя Абай смотрел как на общественный подвиг:

«Истины сеять зерно я хочу, окрылять языком,  
Чтоб не только в глаза, но и в души свет проник.  
Пусть же берет молодежь достойный пример с того,  
Кто не унизит стиха, кто в нем высокую мудрость постиг».

Глашатай просвещения народа, Абай сам усиленно занимался самообразованием.

Абай обогатил свой духовный мир новыми идеями. Просвещенный и пламенный борец за культуру казахского народа в мрачной среде ханжей, стяжателей, косных старшин-феодалов, Абай был выдающимся человеком своей эпохи не только в истории казахского народа, но и в истории всего Ближнего Востока. Он стал выразителем народных дум, заступником и защитником интересов угнетенного казахского крестьянства, которому принадлежало историческое будущее. Народность Абая была своеобразным и важнейшим явлением большого исторического смысла. Абай народен в выявлении дремлющих духовных возможностей своего народа, которые действовали не на одну эпоху и не только на нужды текущего дня, а играли длительную, благотворную и все возрастающую роль в большой исторической перспективе. В этом смысле к Абаю, как и к другим великим сынам братских народов Советского Союза - Шевченко, Чавчавадзе, Абовяну, Ахундову, Тукаю, весьма подходит характерное определение Белинского в отношении значения Пушкина: "Пушкин принадлежит к числу

тех творческих гениев, тех великих исторических натур, которые, работая для настоящего, приготавливают будущее, и по тому самому уже не могут принадлежать только одному прошедшему".

Высшим критерием народности любого художника является влияние его произведений на развитие национального духовного богатства, определение того, насколько он двинул вперед духовную культуру своего народа, насколько обогатил ее. Все великие художники слова, в том числе и Абай, использовали народное культурное достояние, обогащая, развивая и творчески совершенствуя его. Они обогащали источники народной культуры, ее языковые красоты новым, неведомым народной памяти идейным содержанием. Только таким путем они достигали наиболее высокой степени художественного воплощения передовых идей и чаяний своей эпохи. В этом смысле дистанция от первоначального народного мотива, народного источника до вдохновенного поэтического воплощения его в произведении великого классика может оказаться огромной.

Такую именно дистанцию между устной народной поэзией, несомненно обильно питавшей творчество Абая, и его совершенными, высоко поэтическими культурными творениями наблюдаем мы при их сопоставлении. Народно и то, что составляло первоисточник, и то, что в полноценном, преображенном и развитом виде представлено в наследии поэта.

Творчество Абая обогатило историю народа и, вместе с тем, общечеловеческую культуру новыми ценностями. Эти ценности народ хранил потому, что в них воплощались высшие достижения народного духовного богатства, способствовавшие расцвету его передовой культуры.

Велика была сила поэзии, которой Абай вторгался в неприглядную действительность своей эпохи, стремился разрушить ее косные устои, осудить все и всяческие препятствия, стоявшие на пути развития своего народа.

Также немаловажную ценность и роль в жизни казахского народа сыграл Ибрай Алтынсарин. Сам Алтынсарин писал 16 марта 1864 года: «Как голодный волк за барана, взялся я горячо за учение детей; и, к крайнему моему удовольствию, мальчики эти в течение каких-нибудь трех месяцев выучились читать и даже писать по-русски и по-татарски... Словом, надеюсь, что эти молодцы в течение 4-х лет, по окончании курса, будут говорить порядочно и узнают кое-что. Стараюсь всеми силами, чтобы подействовать еще на их нравственность, чтобы они впоследствии не были взяточниками» [8].

В 1879 г. получает назначение на должность инспектора школ Тургайской области. Вступив в должность инспектора школ Тургайской области, Алтынсарин открыл по одному двухклассному русско-киргизскому училищу в Иргизском, Николаевском, Тургайском и Илецком уездах и укомплектовал эти училища учениками и учителями. Особое значение придавал оборудованию этих училищ. Много внимания уделял созданию библиотек при каждой школе, «При училищах Тургайской области, – писал Алтынсарин, – я намеревался учредить библиотеки учительские и ученические, на что я и собрал уже 600 руб. Цель этих библиотек заключается не только в том, чтобы книгами из них пользовались одни учащиеся и учителя; но чтобы и окончившие курс (ученики), грамотные вообще люди, имели в степи места, откуда есть возможность брать полезные книги и руководства к дальнейшему их самообразованию». Алтынсарин потратил много сил и энергии на открытие ремесленных и сельскохозяйственных училищ, придавал исключительное значение подготовке из среды коренного населения специалистов, необходимых для экономического развития Казахстана. Много труда вложил в начало организации женского образования. При его поддержке открылась женская школа в Иргизе. Позднее женские училища с интернатом открылись в Тургае в 1891 году, в Кустанае – в 1893 г., в Актюбинске (Актобе) – в 1896г.

По долгу службы бывал в аулах, участвовал в выборах волостного управителя и аульных старшин. При выборах Алтынсарин пытался практически повлиять на успех справедливого решения, не давая ходу подкупам, взяточничеству и злоупотреблениям. Недовольные баи подавали на него жалобы в областное правление, военному губернатору и далее министру внутренних дел, обвиняя его в нарушении правил выборов, предусмотренных «Временным Положением» 1868 г. Они добивались отстранения Алтынсарина от службы в уездном управлении. Выступал против политики царизма [8].

Тем самым следует сказать, что значимость его трудов и как человека заключается в развитии лидерских качеств, целеустремленности, силе воле, стойкости, стрессоустойчивости, требовательности, равного отношения ко всем слоям общества, независимости, чувства патриотизма, развитию самообразования, уважения к своему народу, нации, языку.

Одним из выдающихся деятелей, является Ахмет Байтурсынов. Ахмет Байтурсынов был чуть ли не единственным человеком, который в царские времена будил народ, поднимая вопросы национальной чести и достоинства. Когда некоторые казахи тех времен старались устроиться в уездные, губернские суды переводчиками, продавая честь, старались выслужиться в начальники, Ахмет, не щадя своих сил, служил идее... рисковал своей головой, поднимая самосознание народа" (С. Сейфуллин). Он не плыл

по течению как многие, не делил казахов на бедных и богатых, "болел" за честь и достоинство всех. Поняв, что борьба против колонизаторской политики насилия невозможна без просвещения народа, он всю свою жизнь посвятил борьбе с невежеством. Подвергали преследованиям - не сдался, посадили в тюрьму - не сломался. Стал учителем, учил детей, просвещал молодое поколение, выпускал газеты, писал статьи, стихи, будил народ от спячки, объясняя скрытый смысл происходящих событий, знакомил с целями борьбы.

Любую свою должность, большую и маленькую, школу, где преподавал, издательства, где выпускал стихи и статьи - все, все он рассматривал как средство претворения своих идей в борьбе за интересы народа. "Даже если мы забудем казахскую школу, которую открыл Ахан, его заслуги перед родным языком, его пламенные призывы к многострадальному народу в созданной им литературе - "Қырық мысал", "Маса", в газете "Қазақ", его огромный труд и неиссякаемую энергию, отданные делу просвещения, если мы забудем все это, - его дела и заслуги не забудет история" (М. Ауэзов). Так говорил и писатель, Мухтар Ауэзов. Все его творчество служило созданию общего слоя литературы, связующего культуры соседних народов, русского и казахского, закладывающего основы новой исторической общности. Таким образом, великий педагог призывал нас не сдаваться, всегда гордиться своей страной, бороться за несправедливость, защищать честь своего народа, помогать ближнему, не оставаться безразличным к жизненным трудностям окружающих, призывает нас к трудолюбию, быть сильными духом, честности, быть верным и знать свою историю.

Толық емес отбасындағы балаларды зерттей отырып, олардағы өз жынысына байланысты рөлдерінің үлгісінде қиындық көретінінен де куәгер ақпараттар бар. Ер балалар әкелерінен бес жасқа дейін айырылса, олар қоршаған ортаға үлкен психологиялық тәуелділік, өзін-өзі бақылау деңгейінің төмендігі, импульсивтілік, ерлер іс-әрекетінің олар үшін таңдаудан тыс қалуы байқалады. Ал қыз балаларда гетеросексуалды қарым – қатынас сферасында қиындықтар кездеседі (болашақта олар ерлермен өзара қарым – қатынас орнату барысында қиындықтарға тап болуы мүмкін). Екінші жағынан қыз балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін ана ерлердің бұрмаланған бейнесін құруы мүмкін. З. Матейчик айтуы бойынша, егер қыз балаларда ерлердің идеалы анасының әсерімен бейнеленсе, яғни олардың қарым – қатынастарының бұзылуы, анасының көңіл қалуы, бұрынғы еріне жағымсыз қатынасы қызында интимді қатынастар туралы деморфацияланған көзқарастар қалыптастыруы ғажап емес. Бірақ мұндай тәрбиесіз-ақ әкесіз өсетін қыздар үшін өзіндік жігіт идеалын құруының шынайылығы аз, көбінесе көркем шығармалар, кинофильмдер және телебағдарламалардағы батырлар бейнесіне ұқсастырып идеал жасайды.

Сондай-ақ толық емес отбасында балаларға қарым – қатынастың әр түрлілігі де байқалады. Толық емес отбасында ер балаларға қыз балаларға қарағанда көбірек шектеулер мен тиымдар салынады. А.И. Захарова бойынша мұндай отбасыларда ер балаға анасының шек қою әрекеті бұрынғы ерінің мінез қырларын қайталамауына реакциясының интерпретациясы ретінде түсіндіріледі. Анасының тарапынан толық отбасыларға қарағанда ер балаларға қорқытулар, бетіне басу, физикалық жазалаулар жиі қолданылады. Осылайша ер балалар анасының жүйкелік қысымдары мен эмоционалды қанағаттанбаушылық сезімдері деңгейін түсіруге қолданылады (психиатрлар мәліметтері бойынша толық емес отбасында ер балалар аналарында невротизация индексі жоғары). Керісінше толық емес отбасындағы қыз балаларға физикалық жазалар, айыптаулар толық отбасындағыға қарағанда азырақ орын алады.

Жоғарыда айтылғандарды жалпылай отыра, толық емес отбасындағы жағдай балалардың дамуына негативті әсер етеді деген қорытындыға келуге болады. Және де бұл әсер етулер көпжақты. Әлеуметтік – экономикалық жағынан балалар экономикалық аз қорғалған, сәйкесінше анасының шектен тыс қолының бос болмауы себебінен өздеріне көңіл бөлу жеткіліксіз. Медициналық жағынан мұндай әр түрлі ауруларға шалдыққыш және есейген шақта соматикалық аурулармен көбірек ауырады. Психологиялық – педагогикалық аспектісі тұрғысынан қарастыра келе, толық емес отбасындағы балаларда жүйкелік және психикалық бұзылыстар, жүріс-тұрыс бұзылыстары, психологиялық мінез-құлқының көптеген қиындықтары (өзіне сенімсіздік пен қорқыныш сезімінен бастап, жынысына сай өзіндік идентификациясы мен өзіндік бағалауының төмендігіне дейін) байқалады, тұлғалық дефект түрі қалыптасады.

Толық емес отбасы – бұл диагноз емес. Жоғарыда сипатталған отбасылық жағдайлар әсерінен пайда болатын негативті сезімдер барлық толық емес отбасында өскен балаларда болмайды. Егер балада әкесінің орнын ауыстыратын үлкен кісі (атасы, ағасы, т.б.) аз болса да әкесінің қызметтерін орындап, бала өміріне адекватты және үздіксіз ықпал жасаса, онда негативті әсерлер деңгейін төмендетуге болады. Мұндай орын басатын адам болмаса немесе оның әсері жеткіліксіз болса да, бұл көңіл қалу үшін себеп емес. Толық емес отбасындағы балаға деген негативті әсерлер (артынша үлкен өміріне ауысуы) психотерапия және психологиялық кеңес беру есебінен де түзетіліп отыруы мүмкін.

#### **Әдебиеттер:**

1. Андреева Т.В. Семейная психология. Учебное пособие. - СПб.: Речь, 2004. - С. 27-45 .
2. Шнейдер Д.Б. Психология семейных отношений. - М.: Мир, 2000. – 512 с.
3. Антонов А.И. Социология семьи. – М.: ИНФРА-Москва, 2007. - 296 с.
4. Мацковский М.С. Социология семей. Проблемы теорий, методологии и методики. – М.: «Наука» 1989.-111с.
5. Шнейдер Л.Б. Семейная психология: Учеб. посб. для вузов. - Екатеринбург: Деловая книга, 2006.-768с.

## **ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ПРОСВЕЩЕНИЕ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ**

Под психологическим просвещением понимается повышение психологической культуры педагогов, формирование запроса на психологические услуги и обеспечение информации по психологическим проблемам.

В настоящее время существует две точки зрения на психологическое просвещение и его место в системе работы практического психолога: ряд авторов выделяет психологическое просвещение как отдельный вид работы, другие рассматривают психологическое просвещение как составную часть психопрофилактической работы практического психолога [1].

В процессе данной работы педагоги дошкольной организации должны понять, что, по выражению профессора Б.З. Вульфова, «педагогика без психологии – это то же самое, что врач без лекарств: знает, что и как делать, но без них все равно не может обойтись», хотя часто кажется, что «педагогика» и «психологи» говорят на «разных языках».

Педагоги порой проявляют психологическую «безграмотность»: не знают возрастных и психологических особенностей детей, психологии управления детским коллективом и группой и др. С другой стороны, в рекомендациях психологов они не видят ответа на важные для себя вопросы: как поступать в той или иной реальной конфликтной ситуации, на что должна быть направлена коррекционно-развивающая деятельность педагога в работе с конкретной проблемой конкретного ребенка в конкретной ситуации.

Таким образом, «психологическая некомпетентность» педагогов и «педагогическая малограмотность» психологов часто служит причиной их разговора на «разных языках», что не способствует эффективности совместной работы педагогического коллектива.

Психологическое просвещение выполняет следующие четыре задачи:

- 1) формирование научных установок и представлений о психологической науке и практической психологии в частности (психологизация социума);
- 2) информирование педагогов по вопросам психологического знания;
- 3) формирование устойчивой потребности в применении и использовании психологических знаний в целях эффективной социализации подрастающего поколения и в целях собственного развития;
- 4) профилактика дидактогений (ятрогений). Содержание психологического просвещения определяется исходя из специфики, вида и профиля учреждения, уровня общей и психологической культуры информируемого субъекта (отдельный человек, группа, коллектив, массовая аудитория) и социальной ситуации.

Проведение на протяжении учебного года систематической работы с педагогическим коллективом по психологическому просвещению позволяет:

1. Отработать содержание и методы психологического сопровождения развития детей, родителей и педагогов ДО.
2. Овладеть проектной деятельностью по моделированию и корректированию процесса комплексного сопровождения развития ребенка.
3. Отработать приемы, направленные на сплочение педагогического коллектива, и сформировать у воспитателей личностные установки, связанные с совместным решением проблемных ситуаций при их обсуждении с родителями детей и специалистами ДО.

Формы работы по психологическому просвещению разнообразны: это лекции и беседы, проводящиеся на методических совещаниях, групповые и индивидуальные консультации, наглядная агитация, подготовка памяток, подбор и распространение психологической и психолого-педагогической литературы, организация деловых игр, семинаров-практикумов, «круглых столов», дискуссий, курсов повышения квалификации и др. [2].

При анализе различной методической и психологической литературы мы выделили основные методы и формы работы психолога в дошкольной организации по вопросам формирования профессиональной компетентности.

«Мозговой штурм» можно использовать в различных формах работы с взрослой аудиторией. Этот метод дает педагогам возможность быть активными участниками и генерировать множество идей и предложений за короткий промежуток времени. Это также один из приемов, способствующий

развитию практических навыков, творчества, выработке правильной точки зрения на определенные вопросы педагогической теории и практики. Этот прием удобно использовать при обсуждении методики прохождения какой-либо темы, для принятия решений по определенной проблеме.

Руководитель должен хорошо продумать вопросы, чтобы ответы были краткими, лаконичными. Предпочтение отдается ответам-фантазиям, ответам-озарениям.

Чтобы не упустить важные идеи, нужно записывать все возникающие предложения, не оценивая их, поскольку критика препятствует процессу творческого мышления. При окончательном разборе, который состоится позже, идеи пересматривают и из них выбирают лучшие. Продолжительность «мозгового штурма» 15-30 минут.

Столы желательно поставить так, чтобы выделились 2-3 команды педагогов. В каждой команде выбирается капитан, который будет оглашать правильный ответ. Каждой команде могут раздаться карточки, в которых будут одинаковые вопросы и педагогические ситуации. Дается время для подготовки. Команды отвечают на одни и те же вопросы и решают одни и те же ситуации.

В ходе работы одна команда дает ответ, другая дополняет его и наоборот. Победителем считается та команда, которая дала наиболее исчерпывающие ответы и сделала наибольшее число существенных дополнений к ответам коллег.

Известно несколько других методик проведения мозговой атаки.

*Брейнсторминг.* Члены коллектива, например, озадачены поисками путей решения какой-либо проблемы. Все педагоги делятся на две группы по 7—9 человек.

Первая группа – «генераторы идей» – должны в течение короткого времени предложить как можно больше вариантов решений обсуждаемой проблемы. При этом они не имеют права обсуждать эти варианты, отмечая или соглашаясь с ними. В группе выбирается один человек, которому поручается фиксировать все возникающие идеи.

Вторая группа – «аналитики» – получают от первой группы списки вариантов и, не добавляя ничего нового, рассматривают каждое предложение, выбирая наиболее разумное и подходящее. Выбранные предложения группируются и объявляются.

Проведя первый круг мозговой атаки, группы меняются своими функциями и проводят второй круг. Задача старшего воспитателя во время проведения мозговой атаки – кратко изложить суть проблемы и правила (условия) ее проведения. Запрещается всякая критика поступивших предложений. Предпочтение отдается количеству, а не качеству идей, поощряется комбинирование, перенос уже высказанных идей. Предложения должны поступать безостановочно. Если наступает заминка, старший воспитатель высказывает сам любое, даже самое фантастическое предложение. Обязательно фиксируются все варианты. Возможно использование магнитофона, диктофона и других технических средств [3].

*Мозговая атака – 66 Д. Филиппа.* Все участники делятся на группы по шесть человек и в течение шести минут проводят мозговую атаку. После этого все наиболее интересные идеи передаются другим группам для фантазирования и генерирования идей ассоциацией. Эти вторичные идеи и составляют основу для решения содержательных проблем.

*Двойное кольцо Сократа.* Этот вариант подходит коллективам, в которых 15 и более человек. Участники делятся на две группы-круга: внутренний и внешний. В центре стоят семь стульев, шесть из них занимают участники, а седьмой всегда свободен. Во внешнем круге существует запрет на разговоры – здесь можно только писать. Говорить и обсуждать тему могут только те, кто находится во внутреннем круге. Если у кого-то из внешнего круга возникает желание что-то сказать, он занимает свободный стул, и тогда кто-то из внутреннего круга должен уйти, освободив седьмой стул.

*«Совет пиратов».* Эту игру лучше проводить в маленьких коллективах (6—10 человек). Все, кроме эксперта (старшего воспитателя), рассаживаются в круг, распределяют роль – от юнги до капитана потерпевшего крушение пиратского брига. Обсуждение темы идет, начиная с младшего по статусу к старшему. Каждый должен высказать новую идею. Тот, кто не сможет сформулировать ее, того «съедают» голодные пираты, т.е. он выбывает из игры. Проводится несколько кругов до тех пор, пока не останется самый плодovitый «пират».

Во время «Мозгового штурма» создается обстановка, способствующая непринужденному обмену мнениями и творческому сотрудничеству участников. Любая форма общения с педагогами должна предполагать эмоциональность, лаконичность сообщений и в то же время насыщенность необходимой информацией, подтвержденной примерами из практики и педагогического опыта.

В настоящее время «деловые игры» также нашли широкое применение в методической работе, в курсовой системе повышения квалификации, в тех формах работы с кадрами, где цель не может быть достигнута более простыми, привычными способами. Неоднократно отмечалось, что деловая игра

является сильным инструментом формирования личности профессионала, она помогает наиболее активизировать участников для достижения цели.

Сущность деловых игр в том, что они имеют черты как учения, так и труда. При этом обучение и труд приобретают совместный, коллективный характер и способствуют формированию профессионального творческого мышления.

В работе с педагогами дошкольной организации можно использовать элементы деловой игры – *метод игрового моделирования*.

Отличие деловой игры от метода игрового моделирования заключается в следующем: последний представляет собой форму активизации педагогов при проведении любой методической или психологической работы; первая является самостоятельной. Неоднократно отмечалось, что применение деловых игр имеет большое положительное значение. Оно помогает максимально активизировать участников для достижения поставленной цели.

Деловые игры связаны с решением педагогических задач, содержащих описание конкретных ситуаций, требуют от участников принятия определенной роли и выбора способа взаимодействия.

Приступая к разработке модели деловой игры, необходимо четко сформулировать цели: закрепить полученных знаний, выработка необходимых навыков, изучение опыта, формирование творческого мышления, обучение культуре взаимоотношений, совершенствование навыков принятия коллективных решений. Формулируя общие цели, мы предоставляем возможность каждому участнику найти средства достижения собственных целей.

В каждой игре выделяются свои роли и определяется необходимое количество игроков. Замечено, что оптимальное число всех участников – 30 человек, в группе – 5-6 человек. Роли могут быть профессиональными и межличностными, исполнение которых способствует созданию проблемных ситуаций.

Хорошая деловая игра отличается самообучением и самоорганизацией – признаками саморегулирования, в ней нет никакого навязывания извне. В игре воспроизводится не материально-техническая, а информационно-процедурная сторона реального процесса хозяйствования. Так характеризуют хорошую деловую игру М.М. Бирштейн и Я.М. Бельчиков [4].

Авторы настаивают на том, что последовательность действий участников деловой игры должна задаваться так, чтобы у каждого игрока была возможность «свободного» творчества, т.е. должен задаваться не готовый полный список возможных решений (для выбора одного из множества), а лишь их область. Если в основу деловой игры заранее заложены готовые решения, то «перед нами сухая схема аналитического или имитационного характера, лишенная игровой творческой деятельности. Именно непредсказуемость деловой игры делает ее специфической формой познавательной деятельности».

#### **Литература:**

1. Панько Е.А. Изучение деятельности педагога дошкольного учреждения. Методические рекомендации. Мн., 1986. - 182 с.
2. Ольшанская Н.А. Техника педагогического общения: Практикум для учителей и Кл. руководителей. - Волгоград: Учитель, 2005. - 74 с.
3. Григорьева Т.Г., Линская Л.В., Усольцева Т.П. Основы конструктивного общения. Методическое пособие для преподавателей. - Новосибирск: Изд-во Новосиб. Ун-та; М.: Совершенство, 1997. - 171 с.
4. Тирская И.А. Родители – равноправные партнеры в педагогическом процессе: Психолого-педагогическое консультирование родителей в дошкольном образовательном учреждении. Метод пособие. - Семипалатинск. – 2006. - 97 с.

*Ансам С.С., Қуаныш Л.С.*

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,  
Педагогика және психология мамандығы студенттері*

*Ғылыми жетекшісі: Қурбаева Г.А.*

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті.*

## **АУТОДЕСТРУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ЖЕТКІНШЕКТЕРДЕ КӨРІНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазіргі таңда, қоғамда шешілмей тұрған мәселелер өте көп. Солардың бірі – жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті әрекеттің орын алуы. Қазіргі өмірдің талабы мен қарқынының әлеуметтік-экономикалық өзгеруі салдарынан туындаған жанұядағы күрделі әлеуметтік-

экономикалық күйзелістің, дағдарыстық ахуалдың артуын халқымыздың келешегі болып саналатын жап-жас өрендеріміз көтере алмайды. Осыған орай, жыл сайын жасөспірімдердің аутодеструктивті әрекеттерге қарқынды бейімделуі көкейтесті мәселеге айналып отыр.

«Аутодеструктивті» сөзі латыннан аударғанда-қалыпты жағдайдағы құрылымының бұзылуы деп атайды. Аутодеструктивті мінез-құлық – адамның қалыпты дамуына, дене бітімі мен психологиялық денсаулығына қауіп төндіретін мінез-құлық.

Аутодеструктивті әрекеттерді зерттеу үрдісі суицидология мен клиникалық психологияның негізгі теорияларына сүйенеді, осыған орай, Э.Шнейдман өз пікірін былай деп жеткізеді: «бұл әрекет, өзінің соматикалық немесе психикалық денсаулығына қандай да болмасын зақым келтіруге бағытталған». Бұл әлеуметтік мінез-құлық ережелері, психологиялық аспектілері мен жасөспірімдердің әлеуметтену мәселесі, жыныстық барабарлық мәселесі, бейімделу мен өзін-өзі реттеу, сонымен бірге әлеуметтік патологиялардың әртүрлі көрінісі сияқты кең ауқымды мәселелерді қамтиды.

Ст.Холлдың, Э.Шпрангердің айтқан тұжырымдары бойынша, жасөспірімдердің даму деңгейі үш түрге бөлінеді:

1) Күрделі өзеру - дағдарыстық уақытпен сипатталады. Ол қайта дүниеге келген адамдай уайым-қайғыға түседі, түп тамырында оның жаңа өзіндік «мені» пайда болады.

2) Өте баяу, ақырын, жайбасар тұлға. Жасөспірім ересектік өмірге өзінің жеке басына ешқандай өзгеріс енгізбей аяқ басумен сипатталады.

3) Жасөспірім белсенді және саналы түрде өзін тәрбиелейді, өзін-өзі қалыптастырады. Өзінің ерік-жігерінің күшімен ішкі дағдарыстары мен күйзелістерін, мазасыздығын жеңеді, бұл өзіндік бақылау мен өзіндік мінез-құлқы жоғары деңгейдегі адамға тән.

Н.В.Агазаде аутодеструктивті әрекеттерді төмендегідей топтастырады:

1. Жеке тұлғаға ықпалы ету бойынша: физикалық, психикалық, әлеуметтік, діни;

2. Құрылымдық мінездемелер:

- деңгейлі көрсеткіштер: идеаторлық, аффективті, сыртқы тәртіптік;

- орындау әдісі бойынша: тікелей, ұлғаймалы, жанама түрдегі, трансгрессивті.

А.Е.Личконың пікірінше, аутодеструктивті әрекеттерге мынандай факторлар жетелейді:

✓ сүйікті адамнан айырылу;

✓ жалықтыру күйі;

✓ өзінің адамгершілік құндылығын кеміту сезімі;

✓ есірткі, гипногендік психотропты дәрілер және ішімдікке салыну нәтижесінде тұлғаның қорғаныш тетіктерінің күйзелуі;

✓ өз-өзіне қол жұмсаған адаммен өзін теңеу;

✓ түрлі себептерден қайғыру мен орынсыз ызалану, күйзелу, қорқыныш сезімдері және т.б. [3].

А.А.Султанов жасөспірімдерде аутодеструктивті мінез-құлықтың себебін зерттеуде факторлардың үш негізгі тобын көрсетті:

1) жасөспірімнің әлеуметтік ортадағы орны, оның жасерекшелігіне сай келмейтін әлеуметтенудің бұзылуына байланысты дезбейімделушілігі;

2) адами құндылықтардың жүйесіне қарсылығынан туындаған отбасымен жанжалдасу;

3) ішімдікке, нашақорлыққа бейімделу, яғни өзін-өзі күйрету үшін бастау алатын жол және оның қарқынды дамуының алғышарттары [4].

Статистикаға сүйенетін болсақ, соңғы он жылдықта жастар арасында өз-өзіне қол салу 3 есеге өскен. Алдыңғы қатарлы суицид жасаушылардың отаны ретінде, басқасын айтпағанда көрші мемлекеттер Ресей мен Қытай және Қазақстанды айтуға болады. ЮНИСЕФ-тің жыл сайынғы зертеуіне қарағанда Қазақстан Орталық Азияда жасөспірімдердің суицид бойынша алғашқы лекте келе жатыр. Мәселен 15-19 жастағы қыздар арасында бірінші орында тұр. Балалар мен жеткіншектер өлімі себептерінің арасында суицид екінші орында тұр. Жыл сайын 13-16 жас шамасындағы әрбір он екінші жеткіншек өз-өзіне қол салуға әрекеттенеді екен. Бозбалалар арасында аяқталған суицидтер саны бойжеткендер арасындағыға қарағанда 3 есеге артық. Басқа жағынан қарасақ – бойжеткен қыз балалар бозбалаларға қарағанда өз-өзіне қол салуға 4 есе жиірек әрекеттенеді, бірақ өлімге сирек әкелетін «жеңіл» түрін таңдайды екен.

Қазіргі таңда қоғамда аутодеструктивті мінез-құлықтың көптеген түрлері таралуда. Аутодеструктивті мінез-құлықтың түрлері: аддиктивті мінез-құлық, фанатикалық мінез-құлық, аутоагрессивті мінез-құлық, виктимді мінез-құлық, аутистік мінез-құлық, талғам қабылдауға тәуелділік.

Аутодеструктивті мінез-құлыққа шалдығуға әсіресе жасөспірімдер көбірек бейім, себебі жас ерекшелік өзгерістер болып жатады – эмоцияналдық тұрақсыздық, әлеуметтік жағдайлардың күрт

өзгеруі (олардан өзбеттілікті, жауапкершілікті талап ете бастайды), өмірлік тәжірибенің аздығы, «ақ пен қараны» ажырата алмау, сонымен қатар жағымсыз экологиялық, экономикалық, әлеуметтік факторлардың әсері.

Жасөспірім кезеңі жалпы тұлға болып дамуындағы маңызды фаза. Жасөспірімнің өзіндік дамуының аса маңызды факторы – ауқымды әлеуметтік белсенділігі болып табылады. Ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен және жолдастарымен, ақырында өзінің жеке басы мен өзінің болашағын және ниетін, мақсаты мен міндетін жүзеге асыру әрекеттерін жобалауға бағытталады. Жеткіншектік шаққа аяқ басқан баланың қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана-сезімнің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталады, мұның салдары бала мен ортаның арасындағы қатынастың бұзылуына жетелейді. Жасөспірім өзін ересекпін деп сезіне бастайды, яғни ол мұндай құбылысты айналадағылардан да талап етуге ұмтылады.

Жеткіншектерде Аудодеструктивті мінез-құлықтың пайда болу себептері:

- мектептегі ұстаздар немесе сыныптастармен конфликтке түсу, жолдастарымен ұрыс-керіс;
- сәтсіз махаббат (сүйікті адаммен қоштасу немесе оның басқа біреуді ұнатып, оған назар аудармауы, опасыздық жасауы).

- ата-аналарының баланы түсінбеуі және оған зорлық көрсетуі (көп жағдайда жасөспірім болып жатқан жағдайда өзін кәналі сезінеді және ол туралы үлкендерге айтуға қорқады) отбасындағы күрделі психологиялық жағдай;

- моральдық күйзеліс (бір жерден зорлық-зомбылық пен мейірімсіздікті көруі);

- баланың есірткімен байланысты мәселелері. Есірткіге тәуелділік қаржы мәселесіне және құқық қорғау органдарымен проблемаға әкеп соқтырады;

- ғаламторда көп уақыт өткізу және ойынқұмарлық;

- жақын туыс адамдардың біреуінің өлуі;

- жасөспірімдік жүктілік. Барлық суицид жағдайлары 21% себептерінің біреуі.

Әрине, бұл барлық себеп түрлері емес, көптеген жағдайда көріп-естігеннен, болып жатқан жағдайдан адамның көңіл-күйі бұзылса, ал жасөспірім өзінің сезімтал, әлсіздігіне байланысты өзін-өзі өлтіруге баруы мүмкін.

Жеткіншектердің аудодеструктивті мінездің дайындық белгілері:

Сөздік белгілер:

Өзінің ішкі жан жағдайы туралы жиі айтады. Өз-өзіне қол салу тақырыбына әзілдейді. Өлім сұрақтарына күмәнді қызығушылық танытады.

Қылықтық белгілер: Шаруасын тәртіпке келтіру. Қоштасу. Түбегейлі өзгерістер көрсетеді.

Жағдаятты белгілер: Әлеуметтік оқшаулану. Тұрақсыз жағдайда өмір сүреді. Өзін зорлық-зомбылық құрбаны ретінде сезінеді. Ауыр қайғыны басынан өткерді.

Жеткіншектерде аудодеструктивті мінез-құлыққа жиі ұшырайтындар:

- жақын адамдарының мәселелерінде өздерін кінәлі деп есептейтін жасөспірімдер;

- Тұлғааралық ғашықтық кикілжіндері бар жеткіншек қыздар;

- Ауыр соматикалық және психикалық ауруға шалдыққан жеткіншектер;

- Жағымсыз эмоцияларға байланған мазасыздануы жоғары жеткіншектер.

Психологиялық түзетуде және алдын-алу шараларында екі базалық бағытты бөліп көрсетуге болады – проблемалық-бағыттылық және дербес-бағыттылық. Бірінші күрделі жағдайды немесе мәселені шешуге бағытталса, екіншісінде – адамның тұлғалық көріністеріне, өзіне және өзінің мінез-құлқына деген көзқарастарына көңіл бөлінеді.

Аудодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу. Төмендегі белгілерге қатысты жасөспірім жағдайының дұрыс болмауы:

- серуендеуге құмары соқпау, ата-аналары және құрдастарымен тұйық болып, сөйлескісі келмеуі;

- ашушаңдық, күйгелектік.

- Жасөспірім өз проблемасын айтқысы келмей, жасырған кезде, оның бос сөйлеп, сөзшең болуы.

- Жылауықтық, өз-өзіне сенімсіз, бүкіл әлемге өкпелі болуы.

Осы белгілер баланың аудодеструктивті мінез-құлыққа бейім екенін көрсетеді. Егер сіз осы белгілерді балаңыздың бойынан байқасаңыз, шара қолдануыңыз қажет.

Көптеген психологтар, мысалы, Хухлаева О.В. аудодеструктивті мінез-құлық мәселелерін шешуде түзетуден гөрі алдын алу шараларына көбірек көңіл беру керектігін айтады. Алдын-алу шаралары дегенде бұзылған мінез-құлықты, мысалы, алкогольизм немесе суицидтілікті жеке бөліп алмай, жалпы психологиялық және психикалық денсаулықты сақтауға бағытталуы тиіс.



Психологиялық сау адамның әртүрлі аутодеструктивті мінез-құлық түрлеріне шалдығу мүмкіндігі төмен болады. Никифоров Г.С., Березовская Р.А. (2003), психикалық саулық критерийлерін жүйелей отырып, психикалық саулықтың көп кездесетін түрлерін бөліп көрсетті:

- психикалық процестер саласында – өзін-өзі, субъективті образдарды тиімді қабылдау, зейінін шоғырландыра алу, жаңалықтарды есінде сақтау, логикалы түрде өңдей алуға қабілеттілігі, сыни тұрғыдан ойлай білуі, өз ойларын жинақтап, реттей білуі;

- жеке басы ерекшеліктері саласында: оптимистік, тұрақтылық, тепе-теңдікті сақтай білу, өз-өзін меңгере білу, адамгершілік қасиеттің болуы, адамдарға үйірлік және өз-өзін тиімді бағалай алуы, тез ашуланбау, еңбексүйгіштік, тәуелсіздік, әзілді түсіне алу, өз-өзін сыйлау, бақылау, жігерлілік, белсенділік, мақсатқа талпынушылық;

- адамның үйлесімділік, біріккендік, тепе-теңдік деңгейіне, өз-өзін, әлеуметтік денсаулығын дамытуға бағытталуына да көп мән беріледі. Оның критерийлері – әлеуметтік шындықты адекватты қабылдай білу, айналасындағыларға қызығушылық таныту, қоғамдық пайдалы іске бағытталуы, өзінің жоғары мәдениеттілік деңгейін көрсете алуы, жауапкершілік, батырлық.

Психологиялық және психотерапевтік практикада психикалық саулық пен психикалық ауытқушылықтың критерийлерін әр маман өз практикасы бойынша әртүрлі көрсетеді. Мысалы, психоаналитик А.Миллер психикалық дені сау деп басынан өткеріп жатырған түрлі жағдайларды өз «Менінің» бір құрам бөлігі деп сенетін адамды айтады. Бұл «өз-өзімен байланыс» табиғи жағдайы адамның өз сезімдері мен тілектерін түсіне білуге көмектеседі, өзіне іштей тірек орнатып, өз-өзін сыйлауға мүмкіндік береді. Ол өзінің жан қалауымен өмір сүре алады, қайғырады, қажет етсе, басқалардан көмек сұрайды. Ол өзінің нені қалайтынын немесе нені қаламайтынын біледі және оны басқалардың көңіліне қарамай айта алады.

А.Маслоу дені сау адам деп шындықты дұрыс қабылдай алатын адамды айтады, оларда өзін кінәлі сезіну мен ұялу сезімі болмайды, олар тәуекел істен, тәжірибеден қорықпайды (өзін қабылдай алуға қабілеттілік, өз кемшіліктері үшін уайымдамау). Дені сау адам тек шындыққа жанаспайтын жағдайда, ауытқушылықты көрген кезде ғана жайсыздықты (дискомфортты) сезінеді.

Психикалық дені сау адамның негізгі белгілері – қарапайымдылық, табиғилық, сыртқы орта әсерлеріне тәуелсіздік, еріктілік, белсенділік, өмірдің қызықтарына қуана білу. Мұндай адамдардың шындық өмірмен қарым-қатынасы іштей реттеліп отырады, олардың жеке құндылықтары болады. Олардың барлық уақыты өз-өзін жетілдіруге, дамытуға жұмсалады да, аутодеструктивті мінез-құлық түрлерінің пайда болуына жол берілмейді.

Депрессияға, стресске шалдыққан адам, өзіне көңілі ешқашан толмайды. Осыны пайдаланып, буыны бекіп, өмір туралы өзіндік дүниетанымы қалыптасып келе жатқан жастарды желкесінен алып, жолынан тайдыратын, үмітін үзетін, басқа түскен қиындықпен күресуіне жол бермейтін, өмірден түңілдіретін – осы суицид.

#### **Әдебиеттер:**

1. Иманғалиев Е. Жеке тұлғаны әлеуметтік-психологиялық болжау әдістері.- Астана, 2008.
2. Тебеннова К.С. Дамуында ауытқулары бар балалар.- Караганда, 2006.
3. Менделевич В.Д. Психология девиантного поведения.- Санкт-Петербург, 2005.

*Асылбекова Д.Ж.*

*Мұхаметқалиева А.С.*

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,*

*Педагогика және психология мамандығы студенттері*

*Ғылыми жетекшісі: Күрбаева Г.А.*

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті.*

## **ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Оқушыларға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын анықтап алуға ықпал жасау мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі. Сондықтан психология мен педагогикада осы мәселеге үлкен көңіл аударылады. Әр мектептің оқушыларды мамандыққа баулу және кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары құрылып, оны жүзеге асыруға психологтың қосатын үлесі мол болуға тиіс.

Балаларға мамандық таңдату оңай жұмыс емес. Бұл проблеманы зерттеушілер П.П.Блонский, Г.Н.Стычинский, В.А.Сухомлинский, Ю.П.Сокольников, А.П.Сейтешов Г.А.Уманов, Д.Сьюпер,

Л.К.Кермов және олардың шәкірттері баланы жас кезінен болашақ мамандығын саналы түрде анықтауға ата-аналар, психологтар мен педагогтар өз үлестерін қосуы керек екенін атап көрсеткен.

Мамандық бағдар беру проблемасын зерттеушілердің ішінде Д.Сьюпер өзіне дейін жүргізілген зерттеулерді жүйеге келтіріп, мамандық таңдауға негіз болатын келесі баптарды анықтады:

- әр адам өзіне тән қабілет, қызығушылық, мінез және басқаерекшеліктермен сипатталады;
- осы ерекшеліктеріне байланысты адам бірнеше мамандықтарға икем болып келеді;
- адамның өмір тәжірибесімен байланысты оның мамандыққа көзқарасы және мамандық шеберлігі, оларға әсерін тигізетін объективтік және субъективтік факторлар өзгереді;
- мамандық таңдауға көзқарас бірнеше кезеңде жүреді;
- мамандыққа көзқарастың дамуы ата-аналарының әлеуметтік-экономикалық жағдайына, баланың жекелік ерекшеліктеріне және мамандыққа даярлықтан өту мүмкіндіктеріне байланысты жүреді;
- баланың мамандық таңдау ниетінің қалыптасу кезеңдерінде оның дамуын басқаруға және бағыт-бағдар беруге, мамандыққа қажетті қабілетін басқару мүмкіндіктері мол;
- мамандық бағдар берудің мәні жеке тұлғаның «Мен»-концепциясын дамыту және іске асыру болып табылады;
- психологиялық кеңес беру және коррекция жүргізу «Мен»-концепция мен ақиқаттың бір-бірімен түйісуін қамтамасызетеді;
- адам мамандық қызметте өзінің қабілеттілігі мен іскерлігін көрсетуге мүмкіндігі болғанда, ол жұмыс жеке тұлғаны қанағаттандырады және мамандық шеберлікке жетуіне түрткі болады.

Қазіргі кезде көптеген психологиялық зерттеу әдістемелері көмегімен баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеп, қай салада қызмет атқаруға икем екенін болжамдап береуге болады. Атап айтсақ, темпераментті зерттеуге арналған Айзенк, Стреляу тестері, Басса-Дарки, Шмишек, Филипс жасаған мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау әдістемелері, таным процестерін зерттеу және қабілеттіліктің түрлерін анықтау әдістемелері көмегімен әр адамның жеке даралық психофизиологиялық ерекшеліктерін нақты анықтауға болады [1, 199с.].

Кәсіби бағдарлаудың қалыптасу тарихына қысқаша тоқтала кетсек, ғылыми негізде ұйымдастырылған түрі 1908 жылы Бостон қаласында кәсіби кеңес беру бюросы ашылған күннен басталды деп айтуға болады. Ал шын мәнінде кәсіби бағдарлау ежелгі дәуірде де орын алған. Бұл проблема адамзаттың қоғамдық даму қажеттілігінен пайда болды, сондықтан оның қоғам сияқты өзіне тән даму тарихы бар. Адамзаттың даму барысында топ мүшелері орындайтын функцияларының анықталуы мен байланысты, жануарлар өсіріп, дихандықпен шұғылдана бастағаннан, балаларға арнайы тәлім-тәрбие беру, оны болашақ өмірге даярлау көптеген жаңа проблемаларды тудырды. Адам өміріндегі барлық қажеттілікті қанағаттандыруға қажетті іс-әрекет түрлерін кәсіп деп атаумен байланысты сол кәсіпке тәрбиелеу жолдары да анықтала бастады.

Адамның кәсіби жарамдылығын бағалау элементтері ежелгі дәуірде қалыптаса бастаған. Б.д.д. 3-ші ғасырдың орта шенінде Ежелгі Вавилонда мектеп түлектерінен хатшыларды дайындауға сынақ жүргізіледі. Сол заманның білім көлемділігінің арқасында кәсіби даярлығын хатшы месопотамиялық цивилизацияның орталық ірі тұлғасы болады: ол кеңістікті өлшеуді, меншікті бөлуді, музыкалық аспаптарда ойнай алуды, өсімдіктерді ажыратып, олардың ішінен адамның денсаулығын нығайтуға қолданатындарын анықтауды т.б. іскерліктерді меңгеруді талап еткен.

Орта ғасырларда адамзаттың орындайтын іс-әрекетінің түрлері көбеюімен байланысты көптеген кәсіптер пайда болып, шеберханалардағы мамандықтардың түрі, теңізшілер, кеншілер тағы басқа көптеген мамандықтар пайда болады. Осы еңбек түрлеріне даярлықтан өткізетін көптеген кәсіптік мектептер және жұмыс орнында үйрету кең тарайды. Сонымен қатар жоғары квалификациялық мамандар даярлайтын гимназиялар мен университеттер ашылады.

Кәсіби бағдарлау қоғамдық процеске айналып 19 ғасырдан бастап кәсіби диагностика, кәсіпке жарамдылықты анықтау аяқ ала бастайды. Сонымен қатар кәсіби ағарту, кәсіби кеңес беру, әлеуметтік кәсіби адаптация және кәсіби тәрбиелеу ғылыми жағынан байыпталып зерттеліне бастады.

1908 жылдың қаңтар айында Бостон қаласында жастарды кәсіби бағдарлау жұмысының алғашқы бюросы ашылып, мұнда талапкерлердің өмірлік еңбек жолын анықтауға көмек беретін әдістемелер қолданыла бастады. Бұл бюроның іс-әрекеттерін ғылыми тұрғыда негізделген кәсіби бағдарлаудың бастамасы деп айтуға болады. Көп ұзамай осыған ұқсаған бюролар Нью-Йоркте ашылды. Оның міндетіне әр, түрлі мамандықтардың адамға қоятын талаптарын зерттеп, мектеп оқушыларының қабілетін анықтау болды. Бұл бюроның негізін құрушылардың бірі Ф.Парсонс табысты мамандық таңдаудың үш негізгі факторларын бөліп көрсетті:

- әр адамның өзін-өзі дұрыс бағалауы, өзінің іс-әрекет түрлеріне бейімділігін, қабілетін, қызығушылығын, ұмтылысын, мүмкіндіктерін және шектеуліктерін дұрыс бағалауы;  
- әрбір таңдаған мамандық бойынша қызмет атқарғанда табысты жұмыс істеу үшін ненің қажет екенін білуі;

- мамандықтың талабы мен байланысты білімді өзін-өзі бағалаудың нәтижесін үйлестіре алуы.

Осы және көптеген әлеуметтік психологиялық зерттеулердің нәтижесінде 1911 жылы Англияда 17 жастан төмен оқушыларға мамандық таңдауға міндетті түрде көмек көрсету туралы Заң қабылданды.

Қазақстанда кәсіби бағдар беру проблемалары педагогика ғылымдарының докторлары, профессор А.П.Сейтешов, Г.А.Уманов, Л.К.Керимов, және олардың шәкірттері жан-жақты зерттеді. Олардың айтуы бойынша кәсіби бағдар беру - психологиялық, педагогикалық және медициналық іс-шаралар жиынтығы болып келеді. А.П.Сейтешов мамандыққа баулу және кәсіби бағдарлау баланың дүниеге көзқарасының қалыптасуына негіз болады деп дәлелдеген.

Бұл жұмыс жастардың тілегі, ықыласы мен олардың мүмкіндіктерін бір-бірімен үйлестіруге бағытталған. Сонымен қатар халықтың тұрмыс шаруашылығы мен жалпы қоғамда мамандарға деген қажеттілікті ескере отырып, еңбекке жарамдылық процесін оңтайландыруға бағытталған [2, 77-79б.].

Кәсіп - *proaessio* - деген француз тілінде ресми түрде жариялаймын деген мағынаны білдіреді. Кәсіби бағдарлау - әр адамның жекелік қасиеттеріне, қызығушылығына, қабілетіне, қоғамдық қажеттілікке байланысты мамандық таңдап алуына ықпал жасау.

Мамандықты дұрыс таңдаудың әр адамның өз өмірінде табысты болуына және әлеуметтік ортада барлық қабілетін толық ашуға негіз болатындығын көптеген ғалымдар өз еңбектерінде дәлелдеп шыққан. Кәсіби бағдарлаудың негізін құрушылар Ф.Гальтон, А.Кершенштейнер, Г.Мюнстерберг, П.П.Блонский, Ю.П.Сокольников, Т.Н.Мальковская, Г.А.Уманов т.б. ғалымдар әлеуметтік-кәсіби бағдарлау идеяларын қалыптастырды. Осы идеяларға сүйене отырып барлық ізгі ниетті мемлекеттер өз ұрпақтарын тәрбиелеу барысында оларға кәсіби бағдар беру, кәсіп беру мәселелерін өз халқында қалыптасқан дәстүрлерге сүйене отырып ғылыми негізде шешу жолдарын іздестіруде.

Жалпы және кәсіби білім беру мектептерінің тұжырымдамасында оқушыларды қандай да бір іс-әрекет түріне баулу және әр баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін, қабілеті мен білімділігін анықтауға мүмкіндік беру қажет екені анықталған. Бұл мәселені шешу әр мектепте әр түрлі жолдармен жүргізіліп жатыр. Психологиялық қызмет ұйымдастырылған мектептерде балалардың жекелік психикалық қасиеттерін анықтаумен шектелуде. Ал шын мәнінде бұл қызмет көпқырлы және көпсырлы болуға тиісті.

Оқушыларды алдын-ала кәсіби диагностикалаудан өткізу проблемасын зерттеу үшін көптеген арнайы және жалпы диагностикалық әдістемелер жасалған. Оның ішінде Айзенк пен Стреляудың темпераментті өлшеу тестері, Бине-Симон жасаған интеллектуалдық қабілеттілікті анықтау шкаласы, Айзенктің интеллекті зерттеу тестерінің вербалдық, математикалық және техникалық субтестілері, Филипстің баланың мазасыздану деңгейін анықтау тесті, коммуникациялық және ұйымдастырушылық қабілетті зерттеу тестері тағы сол сияқты көптеген әдістемелер. Олардың нәтижесін кәсіби бағдарлауда қолдану ережелерін Айзенк, Лемтес т.б. анықтаған.

Бұл жұмыстың мазмұны жеке адамның психофизиологиялық қасиеттерін жан-жақты зерттеп келесі компоненттер бойынша мағлұмат алудан тұрады:

- мінез-құлқының жеке-даралық ерекшеліктерін анықтау;
- жүйке қызметінің жеке-даралық ерекшеліктерін анықтау;
- қызығушылығы, бейімділігі, қабілеті, кәсіби ниеттері туралы мағлұматтар алу;
- құндылық бағдарлануы;
- білімі, іскерлігі және дағдылары [3,208с.].

Мамандық таңдау мотивтерін анықтауға арналған көптеген әдістемелер бар. Оларды қолданып зерттеу жүргізу нәтижесінде балалардың мектеп бітіру шағында мотивациялық сферасы өте нашар көрініс беретіндігі анықталған. Бұл жағдай мектеп түлектерінің қалаулары анықталмастан, болашақ өмір жолын анықтауға өздері үлес қосуға шамасы келмейтіндігін көрсетіп отыр. Жеке адамның басқа психикалық қасиеттері де өзара тығыз байланыста болады. Осы байланыстылықты былайша көрсетуге болады:

қажеттіліктер - қызығушылықтар - объективті құндылықтар - мотивтер - мақсат - таңдау.

Кәсіби таңдау жасау процесінде жасөспірімнің қалыптасуы толыққанды болады, егерде:

➤ кәсіби таңдау жасау тұлғаның даму механизмі ретінде және осы дамудың нәтижесі ретінде қарастырылса;

- жасөспірімдердің өзекті қажеттіліктері (психологиялық, әлеуметтік), сонымен бірге оларды жүзеге асыруда туындайтын қайшылықтар толыққанды ескерілсе;
- кәсіби таңдау жасауға бағытталған педагогикалық-психологиялық жұмыстар жасөспірімдердің жеке тұлғасына бағытталып негізделсе: кәсіби таңдау процесінде оқушылар өз бетімен маңызды өмірлік шешім қабылдаушы белсенді субъектіге айналса;
- психологиялық-педагогикалық әсер ету құралы тұлғаның толық қалыптасуы болып табылады, олар бір-бірімен тығыз байланысқан компонентерге бөлінеді: рухани-құндылық, мотив-еріктік, тұлғалық-дамушылық, когнитивтік, эмоционалдық.

Оқушылармен жүйелі түрде бағдаралды даярлық жұмыстары, алғашқы кәсіби таңдау курстары жүргізілуі керек. Психолог Е.Лепешева бағдаралды даярлық жұмыстары бағдарламасы төрт негізгі ережеге сүйеніп жасалуы керек дейді:

1. Кәсіби таңдау жасау – жеке тұлғалық әрекет. Әр тұлға өзін терең танымайынша, саналы өмір жолын таңдау, мамандық таңдау жасауы мүмкін емес. Сондықтан балалармен әр мамандықтың адамға, оның өмір жолына қалай әсер ететіні жөнінде пікірлесу керек.

2. Өзіндік айқындалудың негізі - әркім өзін жекелік ретінде түсіну. «Қалаймын, қолымнан келеді, таңдау керек» әрекеттері бір-бірімен тең дәрежеде болмауы керек, «қалаймын» жоғары болып, қалған екеуі оған бағынышты болуы шарт.

3. Мамандықтар туралы ақпараттар беруде аса терең және икемді тәсіл қажет.

4. Жасалынған таңдауды белсенді түрде жүзеге асыру.

Жоғарыда аталған мәселелерді ескере отырып, әр психолог бағдаралды даярлық жұмысының кешенді бағдарламасын жасақтап, жүйелі шаралар өткізіп, әр оқушыға өмірлік алғашқы қадамын дұрыс жасауына жан-жақты психологиялық қолдау көрсетіп, педагогтарға және ата-анаға баласының өзіндік шешімді қабылдайтын маңызды кезеңдегі іс-әрекеттері жөнінде кеңестер беру керек [4,477с.].

Белгілі бір мамандыққа деген ынтаның пайда болуына көп жайлар: оқу, адамдар, кітаптар, кино, теледидар, экскурсиялар себепші болуы мүмкін. Жасөспірімдер көп нәрсеге ден қояды, көбіне бірнеше бағытты бағдар етіп ұстайды, бірнеше үйірмеге барып жүреді. Жасөспірімдер өздеріне ұнаған кәсіптерді романтикаға бөлейді, көптеген қиыншылықтарды аңғармайды, өз мүмкіндіктерін асыра бағалайды. Кәсіптік мүдделер мен ниеттердің қалыптасуы үшін үйірмелердегі тыңғылықты ұйымдастырылған сабақтардың маңызы зор. Бұл сабақтар жасөспірімге өзінің бейімделіктерін, мүмкіндіктерін, кемшіліктерін ұғынып бағалауға көмектеседі. Өзін іс-әрекетте сынау-арманын жүзеге асыру үшін де, түңілуге жол бермеу үшін де жақсы әдіс.

Мамандыққа бағдар беру жұмысы - тарихы өте терең, ежелден дамып келе жатқан әлеуметтік қызмет көрсетудің бір түрі. Психологиялық қызмет көрсету жұмысының қалыптасуы да мамандыққа баулу және мамандыққа бағдар беру зертханаларында басталған. Қазіргі кезде бұл жұмыс көпсалалы болып, әр саланың өзіне тән мақсаты мен міндеттері нақтыланды. Мектептің психологиялық қызметі мамандыққа бағдар беру барысында оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және мамандыққа икемділіктерін анықтау негізінде психологиялық кеңес беру жұмыстарын ұйымдастырады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Климов Е.А. Введение в психологию труда. М., 1988.-1996.
2. Әбиев Ж. Педагогика:Оқу құралы. –Алматы:Дарын, 2004.
3. Иванова Е.М. Основы психологического изучения профессиональной деятельности. – М., 2007. – 208б.
4. Толочек В.А. Современная психология труда. – М.: Питер, 2006. – 477б.

**Бердібаева С.Қ.**

(Алматы қ., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ),

**Байжұманова Б.Ш.**

(Астана қ., Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университеті),

**Бәйімбетова Р.Б., Беркімбай Р.М.**

(Алматы қ., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ),

## **ШЕТ ЕЛДЕ ПСИХОЛОГИЯНЫ ДАМУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Психология ғылымының қазіргі әлемдік жетістіктерін көрсететін зерттеу жұмыстарының қайсысын алып қарасақ та барлығында адам өміріндегі негізгі әлеуметтік сфералардың барлығын және

уақыт сұраныстарын толық қамтыған зерттеулер екенін көруге болады. Солардың кейбір негізгілеріне тоқталсақ, олар бірнеше бағыттарды қамтиды:

1. Талдау және бағалау бағытында келесі зерттеулерді жүргізеді, яғни кросс-мәдени бағалау, тестердің араласуы және әділдік, интернет және компьютерлік бағалаулар, ең жақсы практикалар және жаңа технологиялар, білімді бағалау, ортаны өзгертудегі бағалау, мысалы оқу заңдарын бағалау, психологияны жағымды бағалау, когнитивті қабілеттерді және тұлға потенциалын бағалау;

2. Клиникалық бағытта, балалар мен жеткіншектер патопсихологиясы, ересектер психопатологиясы, психотерапия, психоанализ, психологиялық гипноз туралы зерттеулер;

3. Танымдық бағытта, когнитивті ғылымдар, ақпараттарды өңдеу, интеллект, творчество, таным және эмоция, когнитивті ғылымдар және интеллектуалды жүйелер;

4. Қоғам бағытында, қоғам психологиясы моделдері, қажеттіліктерді бағалау, әлеуметтік әділдік және теңдік, жаһандану мәселелері;

5. Тұтынушылық (экономикалық) бағытта, маркетингі зерттеулер, нарық сегментациясы, сатып алушы мінез-құлықтың психологиялық детерминанттары, қаржылық мінез-құлық және инвестор, мінез-құлықты экономика;

6. Консультация беру бағытында, сексуалды бірдейлік, неке және отбасы терапиясы, карьера психологиясы, зейнеткерлік және герантология;

7. Сыни бағытта, психологиялық практика саясаты, психологиялық білімдер саясаты, қоғамдағы психология, тіл, нәсілдер, мәдениет, зерттеудің сыни әдіснамасы мен әдістері;

8. Мәдениет бағытында, психологиядағы кросс-мәдени ықпалдар, адам мінез-құлқын қалыптастырудағы мәдениеттің рөлі, мәдениет және таным, психологиялық білімдерді қоғамдық құбылыстарға және әртүрлі елдер мәселесінде қолдану.

Осы бағыттарда жүргізіліп отырылған зерттеулермен таныса жүріп (шет елдік конференцияларға қатысу барысында) келесі жағдайларды, яғни бүгінгі әлемдік психологияның негізгі зерттеу мәселелерін нақты көреміз, олар: диагностика, даму, білім психологиясы, инженерия (адамдық фактор), қоршаған орта, спорт, демалу, көңіл көтеру, этика, сот, жыныс, жалпы психология, денсаулық, психология тарихы, тұрғылықты халықтар білімі психологиясы, нейропсихология, ұйымдастыру психологиясы, әлем, зомбылық, конфликтілер, позитивті психология, тұлға, расизм және нәсілдік, психофармокология, әлеуметтік сұрақтар және саяси психология, психология облысындағы оқу мен білімдер, психологиялық жарақат алу.

Әлемдік конгресс жұмыстарына қатысу барысында (Кейптаун 2012) көптеген келелі зерттеулермен таныстық, мәселен «Әлеуметтік өзгерістер және адам потенциалының дамуы», «Диаспоралар мигранттарының аккультурациясы» (К. Райнер, Германия); «Технологиялар көмегімен оқыту және оқу: білім психологиясы үшін оқу құралдарын жасау» - (Л. Томас, АҚШ); «Мінез-құлықты өзгерту денсаулығы: теориялық конструкттар, динамикалық механизмдер және клиникалық араласу» (Р. Шварцер, Германия); «Нейрореабилитациядағы жаңа оқиғалар және болашақ бағыттары» (Уилсон Барбара Біріккен Корлдік) осы зерттеулер әлемдік психологиядағы зерттеу бағытының бүгінгі келбетін көрсетеді.

Шет елдегі зерттеулерді қайсысын талдасақ та жер бетіндегі адами ортақ мәселелерді қорғайтынын байқаймыз, мәселен Жапонияда өткен әлемдік 31 конгрессте (Иокогама, 2016) келесі зерттеулермен танысып, өзімізге қажетті зерттеулердің идеясын алдық. Солардың кейбіреулеріне тоқталсақ келесі зерттеу бағыттарын көреміз.

Конфликт, конфликтіден кейін және мәжбүрлі миграция» - (Дона Георгия, Біріккен Королдік); «Технологиялар көмегімен оқыту және оқу: білім психологиясы үшін оқу құралдарын жасау» - (Л. Томас, АҚШ); «Психологтың өте ерте карьерасын қадағалау» - (Н. Ненна, Сингапур); «Психология облысындағы ғылыми негізделген практика және психологиялық бағалау» - (Хунслей Джон, Канада); «Қабылдау бойынша екі ұрпақ, неге олар бір бірімен үндесуі керек» - (С. Тоннете, Оңтүстік Африка); «Гонконгтегі қытай жеткіншектеріндегі интернет-тәуелділікті зерттейтін тестің психометрикалық қасиеті» - (Л. Ш. Ман, Гонконг); «Когнитивті шектеулігі бар балалар отбасындағы ата-ана стрессі» - (К. Бланка, Словения); «Гендерлік зорлық-зомбылық жайлы жеткіншектердің әңгемелері» - (Б. Карин, Оңтүстік Африка); «Францияда жануарлаға қатысты қыздардағы социализация» - (К. Фонтанини, Франция); «Діни қатынастарға әсер ететін факторлар және олардың коррекциялармен байланысы (әлеуметтік, білім беру саласы, эмоциялық)» - (Г. Джабад, Иран); «Рухани ақыл, бақыт және психикалық денсаулық» - (М. Акбар, Иран); «Мұсылмандарға діндарлықтың деңгейі» - (А. Сұлтан, Кабул университеті); «Жаханданған оңтүстік шығыс Азиядағы мәдени аралық гармонияны қабылдауды зерттеу» - (Ж. Дунн, Малайзия).

Жапония сапарында (2016) тек зерттеулермен ғана танысып қоймай, олардың психологиялық жүйесімен танысу негізгі міндеттердің бірі болды. Бір ғана Жапонияда 49 психологиялық ассоциациялық қоғамдар құрылған. Мәселен Жапония психологтарының ассоциациясы ( JPA) президенті-Toshikazu Hasegawa мырзамен, ассоциацияның жұмысымен таныстық.

Бұл ассоциация 1927 жылдан бері жұмыс жасауда. Зерттеушілер мен практик психологтарды біріктіріп жылда конференциялар өткізіп және жапон тілінде 2 журнал шығарады, олар: «Психологияның жапон журналы» -1926 жылдан бері шығады және «Психология әлемі» -1998 жылдан бері шығады және ағылшын тілінде «Жапондық психологиялық зерттеулер» журналы, 1954 жылдан бері шығады.

Ассоциация қоғамдағы kokoro (ақыл және жүрек) мәселелерін шешу бағытында көптеген ғылыми психологиялық зерттеулерді жүзеге асырады, атап айтқанда психологиялық денсаулық, саясат, суицид, бала-ата-ана қатынастары, отбасылық қатынастар, психологиялық қауіпсіздік және үміт, мәдениаралық түсінісу және басқада құнды мәселелер жайлы зерттейді. «Адам болу нені береді» деген идеяға бағыттайды, бала-бақшалармен, мектеппен, жастармен тығыз байланыс құрған осы ассоциация қабырғасында көптеген студенттер өздерінің дипломдық жұмыстарын аяқтайды оларға қаржылық көмек көрсетіледі.

Сонымен қатар Австралия мемлекетінің Сидней университетінде (University of Sydney) болып (2017), психология оқу бағдарламаларымен, силлабустарымен танысып, өте қажетті жақтарын тәжірибе ретінде алуға болады. Мәселен «Жалпы психология» (General psychology) курсы адамның әртүрлі мінез-құлқын түсінуді зерттеу бағыты теориялық және эмпирикалық зерттеулерге негізделіп жасалған. Силлабуста келесі негізгі тақырыптар қамтылған психологияның тарихы мен эволюциясы, психологиядағы зерттеу әдістері, мінез-құлықтың биологиялық негізі, даму, оқыту, ес, мотивация, психологиялық бұзылыстар мен оларды емдеу, әлеуметтік психология негізі.

Силлабуста әр аптаға тапсырмалар берілген, мысалы Myers мәтіні бойынша берілген бөлімді оқу; көрсетілген дәрісте-видео бойынша дәріске арналған жетекшілік арқылы өз ойыңызды жазу, Интернет арқылы Web-CT көмегімен әр апта сайын викторинадан өту, «Дәріс бойынша жетекшілікте» көрсетілген тапсырмаларды орындап электронды почтаға жіберу, градиентті тапсырмаларды және әр аптада өтетін емтихан тапсырмаларын таңдап алу. Курстың компоненттері. Myers Text: оқу жоспарында берілгендей әр аптада белгіленген кесте бойынша тараулары оқылады және талданады.

Дәрістер бойынша жетекшілік: оқу жоспарынан, сұрақ тапсырмалардан тұрады олардың бағалануы көрсетілген, сұрақтарды зерттеуден тұрады бірақ ол тапсырма бағаланбайды, дәрістің жоспарын құру, ол үшін видео-дәрістен құрастырылған сұрақтарды қолдану қажет және алдыңғы жылдары өткізілген емтихан үлгілерін пайдалану.

Дәрістік видеолар: видеоларды қарап өз пікірлеріңізді жазу, ол үшін «Дәріске жетекшілікте» көрсетілген дәріс схемасын пайдалану. Әрбір видео шамамен 2.5 сағатқа арналады ( аптасына бір рет). Тапсырма: әрбір аптада сіз тапсырмаларды орындайсыз, олар 2-3 сұрақтардан тұрады. Сұрақтар әр тару бойынша «Дәрістерге жетекшілікте» беріледі. Тапсырмалардың уақыты оқу жоспарында көрсетілген. Бағалау үшін барлық тапсырмалар электронды почтаға жіберіледі. Әр аптада интернет арқылы викторинадан және тесттен өтесіз, тест сіздің білімді тексереді.

Сұрыптау (Exam). 4 емтихан, 9 викторина, 9 тапсырма өткізіледі. Емтихандар 3-4 апталарда өткізіледі сіздің білім деңгейінің 70% қамтиды. 3 рет жақсы тапсырылған емтихан сіздің аяққы деңгейіңіздің 20%, ал төменгі емтихан 10% қамтиды. Емтихан сұрақтары видео-дәрістер мен тапсырма материалдарынан құрылады. Викториналар Myers мәтіннің әр таруында беріледі сіздің аяққы деңгейіңіздің 15% қамтиды. Web-CT. Көмегімен викториналар Интернетпен өткізіледі, барлығы 9 викторина, ең төмен викториналар класы жойылады, қабылданбайды.

Студенттерге арналған ақпараттар.

1. Менің видео лекцияда барлық мәгін толық берілмейді, оған сізде уақыт көп кетеді және қосымша материалдарды қарап үлгеру керек, солар сізге дәрісті жақсы түсінуге көмектеседі. Сондықтан мәтінді сіз өзіңіз оқып зерттеуге жауапты боласыз. Берілген әдебиеттер сізге көмектеседі, видео- дәрісте жок ақпараттарды өзіңіз табасыз.

2. Видео-лекцияны қарағанға дейін алдыменен берілген материалды оқыңыз.

3. Емтихан сұрақтары тапсырмалар мен видео-дәрістерден алынады.

Маңызды ескертулер. Емтиханды қайта тапсыру діни мейрамдарға және медициналық ауруға байланысты ғана мүмкін болады. Викториналарға қол жетімділік өз уақытында ғана мүмкін болады, сондықтан сіз оларды алдын ала көре алмайсыз. Қосымша кредиттер берілмейді семестр соңында келіп жақсы балл алу үшін қосымша тапсырмалар сұралмайды. Топтағы курстаспен бірлесіп тапсырмалар орындауға болады, алайда тапсырмаларды индивидуалды тапсырасыз, компьютерде

бірге отыруға болмайды. Викторина тапсырмалар бірлесіп орындалмайды қатал түрде жеке өзіңіз орындайсыз. Бағалау шкаласы қатал қолданылады.

Міне осы қысқа талдау барысында өзімізге құнды тәжірибелер алуға болады. Қазақстанда өтіп жатқан өте терең әлеуметтік өзгерістер білім саласына да әсер етуде, ең негізгі өзгеріс адамға деген қатынастың өзгеруі. Еліміздің дамуының мемлекеттік бағдарламасындағы маңызды сұрақтардың бірі Президент көрсеткендей ол білім, ЖОО инновациялық моделін қалыптастыру, нарық сұраныстарына бағдарлану. Елбасы қойған міндеттерді шешу механизмдерінің бірі Қазақстандық білімдердің әлемдік білімдер кеңістігіне интеграциялануы. Біз өзіміздің күш жігерімізді нақтылы серпінді инновацияларға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары қызмет жасаймыз.

**Әдебиеттер:**

1. [www.ICP](http://www.ICP) 2012

2. [www.ICP](http://www.ICP) 2016

*Бердібаева С.Қ., Беркінбай Р.М., Тұрысбек Қ.Б., Мэлс А.А.  
(Алматы қ., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)*

### **СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АДАПТАЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Жоғарғы оқу орнына түсу – тұлға қалыптасуындағы маңызды қадамдардың бірі. Бұл қадамды жасау арқылы адам өзінің өмірінің басым бөлігін қамтитын қызметті, кәсіби саласын таңдап отырғандығын түсінуі қажет. Жоғарғы оқу орнына келгенде бірінші курс студентінде белгілі бір өзінің стереотиптері, бағыт-бағдары, өз ережелері болғанымен, жаңа ортаға түскеннен соң, олар өзгеріске ұшырай бастайды. Жаңа әлеуметтік орта, жаңа ұжым, жаңа талаптар, ата-анадан бөлектік, «еркіндіктің» шектелуі, қаражатты бақылауда ұстаудағы қиындықтар, коммуникативті кедергілер және осы сынды өзге мәселелер психологиялық проблемаларға әкеліп, студенттің оқу үлгеріміне, группалас өзге студенттер және оқытушылармен қарым-қатынасына кері әсерін тигізеді.

Адаптация үрдісі студент тұлғасының дамуы мен қалыптасуында маңызды рөл ойнайды. Біріншіден, адаптация барысында студенттің мінез-құлық жүйесіне дұрыс бағыт-бағдар беру маңызды. Екіншіден, адаптация барысында елеулі оқиға – студенттік ұжымның әлеуметтік-психологиялық тұтастығының қалыптасуы жүреді. Оқу үрдісі бойы студент бейімделумен болатынына қарамастан, тек үшінші курсқа келгенде ғана студент бойында өзіндік бақылау, жауапкершілік және жинақылық сынды қасиеттер қалыптасып бастайды. Көптеген зерттеулер нәтижелері бойынша бірінші курстағы студенттердің психологиялық тұрғыдан әлсіз келетіні дәлелденген. Сондықтан білім алудың бірінші сатысында бірінші курс студенттеріне оқытушылар мен ата-аналар барынша көмек беруге тырысуы керек [1].

Күн сайын студентте оқу барысында түрлі қызмет саласына қатысты оқу іс-әрекеті жүріп отыруына орай, ЖОО-дағы адаптация үздіксіз үрдіс болып табылады. Бірқатар зерттеушілердің ойынша, адаптация үрдісінің тиімділігіне мақсатқа бағытталған педагогикалық басқару маңызды рөлді атқарады [2]. Г.П.Репьеваның ойынша, ЖОО-ның білім беру жүйесі толықтай студенттің бейімделу ортасының рөлін ойнайды. Автордың бұл жағдайда адаптивті жағдайдың болып жатқан іс-әрекет ортасының жаңа болуымен тікелей байланысты деген тұжырымымен келісуге болады. Егер бұл көзқарасты толығырақ қарастырсақ, мұнда: студент мақсаттарының жаңалығын, оның әлеуметтік ортасының жаңалығын, қызмет саласының жаңалығын және өзге ауылдық аймақтардан келген студенттер үшін қалалық әлеуметтік орта жаңалығын бейімделу ортасы ретінде түсіндіріп, студенттің әлеуметтік-психологиялық адаптациясын жеке жағдайларда бөліп түсіндіріледі [3].

В.Ю.Хицкая адаптацияға әсер ететін факторлардың төрт тобын бөліп көрсетеді:

- Бірінші курс студентінің ЖОО-дағы оқу іс-әрекетіне дайындығын анықтайтын факторлар
- Студент адаптациясының индивидуалды ерекшеліктерін құрайтын әлеуметтік ер жету деңгейі және психикалық үрдістердің дамуының индивидуалды-тұлғалық ерекшеліктері.
- Адаптация үрдісінде маңызды рөл алатын куратор жұмысы, студенттің сабақ үлгерімінен тәуелсіз жасалатын педагогикалық және психологиялық мониторинг сынды студентке жеке тәсілдемені талап ететін үрдістер.

- Студенттердің тұрғылықты мекенінің жайлылығын анықтайтын және топаралық қарым-қатынас сәттілігін анықтайтын факторлар, оқу барысындағы санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталуы мен білім беру үрдісінің құрылымы сынды мәселелер

Әсіресе алғашқы үш фактор есебінде педагогтар студентке қажетті деңгейде демеу көрсетіп, алғашқы кезеңде аса талапшыл болмай, кез-келген жағдайда қолдауға тырысса, бұл өз кезегінде студенттің жаңа ортаға, ЖОО-ға жеңіл бейімделуіне өз септігін тигізеді. Сонымен қоса, төртінші факторды құрайтын әлеуметтік орта мен сыртқы жағдай студент тұлғасының жаңа ортаға бейімделуіне елеулі рөл атқарады [4].

Бүгінгі таңда ғылыми әртүрлі зерттеулерде адаптация түсінігі студенттердің дайындығын жоғарылату әдістемесі қарастырылады. Студенттердің бейімделуі білім берудің фундаменталды сұрақтарының біріне жатады. Яғни, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау жеке тұлғаның дамуы, мамандануы, студенттердің әлеуметтенуі болып есептеледі. Жоғары оқу орнына студенттердің бейімделуінің сәтті болуынан студенттің мамандануы жақсы қалыптасады және қоғамдық ортада дамуы жүзеге асады.

Адаптация мәселесі психология және педагогика ғылымдарының ежелгі тарихынан келе жатқан мәселесі болғанымен де өзінің өзектілігін қазіргі күнге дейін жоғалтпай келе жатыр. Кез келген қоғамдық жағдайдың ерекшелігі халықтың көшіп-қонуымен сипатталады. Яғни жаңа ортаға қоныстанған жеке тұлғаның бейімделуі әрқашан да өзекті мәселе болып табылады.

Қалалық және ауылдық қоғамның арасындағы ерекшеліктер әрқашан байқалады. Демек, ауылдан қалаға келген студент жаңа ортаға келгенде бөтен қаланың өзіндік ережелерімен, құндылықтарымен, талаптарымен танысып, жаңа қоғаммен қарым-қатынасқа түсу олардың көз-қарасына, дүниетанымына бейімделуіне әсер етеді. Және де ауылдан қалаға оқуға келген студенттердің бірінші курста психологиялық өзгерістер байқалады. Адаптация кезеңінде жаңа қоғам олардың жүйке-жүйесіне, мінез-құлқына әсерін тигізеді. Сондықтан да мұндай жағдайда студент бірінші курсқа келгенде жаңа ортада жаңа ақпараттарды қабылдауы мен қоғаммен қарым-қатынасқа тусуі төмен көрсеткішті көрсетуі мүмкін.

Студенттің білімді меңгеруі мен білім алуға деген қызығушылығы және оның үлгерімінің жоғары дәрежеде болуына оның жаңа қоғамдық ортадағы студенттермен, оқытушылармен, жоғары оқу орнының әкімшілігімен өзара қарым-қатынасының жақсы болуы үлкен әсер етеді. Сондықтан профессор-оқытушылар құрамының студенттермен жұмыс жасау жағдайы олардың бейімделуіне үлкен әсерін тигізеді.

В.В. Лагереv ЖОО-дағы адаптацияны қарастыра отырып, оны келесі процессуалдық құраушы бөліктерге бөлді: әлеуметтік-психологиялық, іс-әрекеттік, психологиялық [5].

В.Г. Крысько сөздігінде адаптация терминіне келесідей түсініктеме беріледі – бұл дегеніміз тірі организмдер мен қоршаған орта арасындағы өзара қарым-қатынас нәтижесінде аталған тірі организмдердің оптималды өмірге бейімделуіне әкелетін құбылыс. [6]. Бұл сұрақты кеңес психологиясында Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Б.Ф. Ломов, К.К. Платонов сынды ғалымдар қарастырған. Адаптация түсінігінің мән-мағынасы мен оның тұлға дамуына әсеріне қатысты ашылуларға С.Л. Рубинштейн мен Б.Г. Ананьев үлкен септіктерін тигізді. Л.С.Выготскийдің іс-әрекет концепциясы аталған мәселені жаңа деңгейге көтерді. Выготский баланың дамуына оның қоршаған ортасы айтарлықтай үлкен әсер тигізеді деген болжамды ұсынды [7]. Шетел психологиясында адаптация мәселесімен З.Фрейд, Э.Эриксон, А.Адлер, А.Маслоу, К.Роджерс сынды ғалымдар айналысты.

Әлеуметтік-психологиялық адаптация тұлға мен қоршаған орта өзара әрекеттесуі нәтижесінде топ пен тұлға құндылықтары мен максаттарының оптималды арақатынасына әкелуінің нәтижесі мен үрдісі ретінде қарастырылады. Оқудың алғашқы кезеңінде студентте бірінші кезекте бойында өзі жеке оқу жұмыстарын атқару дағдыларының болмауынан, жеке дара өзінше өмір сүре алатын тұлға ретінде қалыптаспағандығынан үлкен қиындықтар тудырады. Бұл қиындықтарды жеңу үшін студентке біраз уақыт қажет етіледі [8]. Психологиялық адаптация тұлғаның әлеуметтік жүйелерге, әлеуметтік-психологиялық және кәсіптік-қызметтік қатынастарға психологиялық қатыстығымен түсіндіріледі. Психологиялық адаптацияда тұлғаның өмір аясы мен қызмет аясы едәуір үлкен рөл ойнайтынына орай, психологиялық адаптацияның келесі түрлері ажыратылады:

- Тұлғаның әлеуметтік және психологиялық адаптациясы
- Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық адаптациясы
- Тұлғаның кәсіптік-қызметтік аясының психологиялық адаптациясы
- Тұлғаның экологиялық-психологиялық адаптациясы.



Тұлғаның адаптация деңгейі өз кезегінде ішкі, сыртқы және аралас болып үшке бөлінеді. Ішкі адаптацияда тұлға өз тіршілік әрекетіне орай өзін бейімдейді. Ортаның өзгеруі толықтай мазмұнды өз кезегінде жиынтықты адаптацияға әкелетін өзгерістерді енгізеді. Сыртқы адаптация ішкі бағдарланудың жоқ болуымен ерекшеленеді [9]. Адаптацияның сәтті өтуі студент үшін өте маңызды болып табылады. Адаптация сәтсіз өткен жағдайда, яғни дезадаптацияда ішкі психикалық үрдістер мен тұлға мінез-құлығының өзгеруімен байланысты қиындықтар мен жағымсыз сезімдерге алып келеді. Дезадаптация жағдайы тек эмоционалды басылу ғана емес, сонымен қатар тұлғаны конфликтке не аутоагрессивті мінез-құлыққа алып келуі мүмкін жағдайға алып келіп, алдын-алу мүмкін емес салдарға дейін жеткізуі мүмкін. Сондықтан, мұндай жағдай орын алмауы үшін студенттің әлеуметтік-психологиялық адаптациясына педагог мамандар, ата-аналар жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Қорыта келгенде, студенттің әлеуметтік-психологиялық адаптациясы күрделі және тұлға қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл ойнайтын құбылыс. Сондықтан аталған мәселе бүгінгі қоғамда өзекті болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. Ананьев, Б.Г. Человек как предмет познания / Б.Г. Ананьев / гл. ред. В.В. Усманов. - 3-е изд. - СПб.: Питер, 2001. - 288 с.
2. Дерябина М.А., Попов В.Д., Фомина М.В. Адаптация к условиям обучения в вузе студентов первого курса путем привлечения к волонтерской деятельности на спортивных мероприятиях // Международное научное периодическое издание по итогам Международной научно-практической конференции "Новая наука: опыт, традиции, инновации", Ч.1, Стерлитамак, 2015. <http://elibrary.ru/download/74396035.pdf>
3. Репьева Н.Г. Проблема адаптации студентов первого курса к обучению в вузе [Электронный ресурс] / Н.Г. Репьева. <http://elib.altstu.ru/elib/diss/conferenc/2010/02/pdf/275repyeva.pdf>
4. Хицкая В.Ю. Учет когнитивных стилей как средство адаптации студентов первого курса к обучению в вузе: монография. - Иркутск: Иркут. ун-т, 2008. -128 с.
5. Лагерева, В.В. Содержание процесса адаптации первокурсников к условиям обучения в вузе / В.В. Лагерева // Материалы науч.-метод. конф. - Брянск, 1990.
6. Крысько В. Словарь-справочник по социальной психологии. СПб.: Питер, 2003.
7. Жуина Д.В., Королева Н.П. Особенности психологической адаптации к условиям обучения в вузе студентов-первокурсников // электронный сборник научно-методических материалов III Всероссийской с международным участием конференции «Актуальные проблемы и перспективы развития современной психологии» с элементами молодежной научной школы «Школа конкурентоспособного специалиста», 14-15 ноября 2013 г. <http://elibrary.ru/defaultx.asp>.
8. Выготский Л.С. Детская психология. Собр. соч. Т. IV. М., 1984
9. Леонтьев, А.Н. Потребности, мотивы, эмоции / Леонтьев А.Н. - М., 1971.

**Болтаева А.М.**

(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,  
әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университеті)

## ЖОҒАРЫ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚЫТУШЫ ТҮЛҒАСЫНЫҢ РОЛІ МЕН КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ САПАЛАРЫ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтарда жарияланған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында «әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы **терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне** қадам басып келеді. **Жаңа технологиялық қалып** біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді **түбегейлі өзгертуде»** деп атап өтті [1].

Аталмыш жолдаудың алға қойған **10 міндетінің жетінші - адами капитал – жаңғыру негізінде жалпы еліміздегі білім берудің жаңа сапасын жақсарту мақсатында барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажеттілігі**, сондай-ақ, білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы **өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін** дамыту болуы тиіс екендігіне айрықша мән берілгендігін көреміз.

Жолдаудың жоғары оқу орны оқытушылары үшін **жағымды жаңалығы - педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау және еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажеттілігінің мемлекеттік даму міндеттерінің біріне айналуы**. Сондай-ақ еліміздегі білім беру жүйесінің сапасы мен зияткерлік бәсекелестігін дамыту мақсатында қолға алынып отырған орта мектеп пен колледждер, жоғары оқу орындары үздік оқытушыларының **видеосабақтары мен видеолекцияларын** интернетте

орналастыру идеясы да білім беру кеңістігінің (қашықтықтан оқыту, онлайн, вебинар т.б.) мүмкіндіктері үшін жасалған нақты қадам деп бағалауға негіз болады. Бұл маңызды міндетті жүзеге асыру әл-Фараби атындағы ҚазҰУде бұған дейін де қолға алынып, университет оқытушыларының **видеосабақтары мен видеолекцияларын** жаздыруға конкурстық негізде кәсіби тұрғыда сауатты жасалған жұмыстарды іріктеп алу жұмысы жүргізілгенін атап өтуіміз керек.

Әлемдік білім беру жүйесіне ену процесі кредиттік оқыту технологиясының енгізілуімен байланысты. Қазақстанның «Еуропа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы» Лиссабон Конвенциясына және «Жоғары білімнің еуропалық аймағы туралы» Болон декларациясына қатысуы кредиттік оқу жүйесін шын мәнінде іске асыруды белсене қолға алу жолдарын анықтауға негіз болды. Болон процесіне қосылу қазақстандық білім беруге жаңалықтар әкелді, атап айтқанда: студенттердің өзі қалаған жерде оқи алуы, ұлттық білім беру жүйесіне сәйкес келуі, білім беру формалары мен бағдарламаларының алуан түрлілігі, халықаралық академиялық ұтқырлыққа мүмкіндіктің ашылуы, дипломдардың жалпыеуропалық үлгілерге сәйкес келуі сияқты мүмкіндіктердің берілуі бұл еліміздегі білім саласындағы оң өзгерістер екенін уақыт өзі дәлелдеді[2].

Елбасы өз жолдауында «Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет»-деп атап өтті [1]. Бұл жас ұрпаққа заман талабына сай жаңа мазмұнда білім беру табыстылығы -оларға халықаралық стандарттар деңгейінде білім бере алатын кәсіби біліктілігі жоғары педагогтарды дайындаудан басталатынын аңғартады. Себебі, қазіргі заман білім беру жүйесіне қоғамның өзгермелі жағдайына жеңіл бейімделетін болашақ мамандарды даярлауға жаңа талаптар қояды. Бұл дайындық білім алушыларға әр түрлі ғылым саласынан берілетін ғылыми білімдердің тек жиынтығына ғана тәуелді болмауы тиіс. Оқылатын пәндердің мазмұны мен әдістемесі, нәтижесінде болашақ маман психологиялық ойлаудың қызметтік мүмкіндіктерін меңгеріп шығатындай, нәтижелі әрі ғылыми тұрғыдан дұрыс жоспарланған болуы қажет.

Бұл өз кезегінде жоғары мектеп оқытушысының атқаратын қызметтерінің аясын айқындайды:

1. Білім беру қызметі - студенттерге кәсіби білім беру, танымдық іскерлік- дағдылары мен кәсіби қабілеттіліктерін жетілдіру
2. Тәрбиелеу қызметі - студенттердің жеке тұлғасын тәрбиелеу ісі.
3. Ұйымдастыру қызметі - студенттердің аудитория және аудиториядан тыс жұмыстарын ұйымдастырып, қоғамдық және тұлғалық белсенділіктерін қалыптастыру.
4. Ғылыми жұмыстар саласындағы қызметі – студенттерді зерттеу жұмыстарын жүргізе білуге үйрету, ғылыми-техникалық жетістіктер тұрғысынан шығармашылықпен жұмыс істей білуге дағдыландыру[3].

Жоғары оқу орындарындағы оқытушының жоғарыда аталған қызметтері мен кәсіби іс-әрекетінің мазмұны оның психологиялық ерекшеліктерін, тұлғалық болмысын, яғни, психологиялық с т а т у с ы н анықтауға мүмкіндік береді. Бұл статус арқылы педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырушы жоғары мектеп оқытушысының студенттердің кәсіби даярлықтарын дамытудағы рөлі айқындалады.

Кәсіби білім беру жүйесіндегі барлық оңды өзгерістер оқытушының психологиялық ерекшеліктеріне, ойлау тәсіліне, шығармашылық белсенділігіне, өзіне және басқаларға деген ізгі қатынасына, тұлғалық, педагогикалық құндылықтарына байланысты. Қазіргі кезде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген жаңашыл педагогтердің іс-тәжірибесіне деген қызығушылық байқалады. Студенттерді оқыту, оларды кәсіби дайындау іс-әрекеті оқытушы тұлғасына, психологиялық сапаларына, субъектілік ұстанымына белгілі бір талаптар қояды.

ЖОО кәсіби білім беру процесіндегі оқытушы тұлғасының ролі мен кәсіби маңызды қасиет-сапалары өз кезегінде құрылымы бірнеше бөлімнен тұратын психологиялық формасына байланысты көрінеді. Э.Ф.Зеер, О.Н.Шахматова өз зерттеулерінің нәтижесінде кәсіби білім беруді жүзеге асыратын оқытушы тұлғасының төрт бөлімнен тұратын құрылымын айқындаған.

**I.** Әлеуметтік-психологиялық бағыттылық - оқытушының кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға тұрақты ұмтылысы; мамандық арқылы өзін-өзі танытуға мүдделі болуы; өз білімін және қабілетін жүзеге асыруға бағдарлануы. Педагогикалық процестің әр жақтарына таңдамалы бағытталу ретіндегі педагогикалық центрация түрі: - конформдық центрация - басқалардың қызығушылықтарына, пікіріне бағытталу; - эгоцентрлік центрация - өзінің қызығушылықтарына, қажеттіліктеріне бағытталу; - гуманистік центрация - білім алушыларға бағытталу; - өктемдікке центрация - әкімшілікке бағытталу; - ата-аналық центрация - білім алушылардың ата-аналарына бағытталу; -танымдық центрация - оқыту мазмұнына, құралдарына және әдістемелеріне бағытталу.

**II.** Кәсіби құзіреттілік - білім, дағды және қабілеттер жүйесін қамтитын маман тұлғасының ықпалдасқан қасиеті. Құзіреттіліктің түрлері:

- а) педагогикалық құзіреттілік;

- б) психологиялық күзiреттiлiк;
- в) әлеуметтiк-коммуникациялық күзiреттiлiк.

**III.** Кәсiби-педагогикалық маңызды сапалар - оқытушының бiлiм беру процесiн тиiмдi жүзеге асыруына мүмкiндiк беретiн тұлғалық қасиеттерiн, когнитивтiк сипаттарын, психикалық кейпiн қалыптастыратын күрделi психологиялық құрылым. Ол кезегiнде төмендегiдей кәсiби маңызды сапалық қасиеттермен сипатталады.

- а) логикалық ойлау.
- б) шығармашылық әлеует.
- в) эмпатия
- г) субъективтi қадағалау деңгейi (интернальдылық, экстернальдылық)
- д) әлеуметтiк интеллект.

**IV.** Кәсiби-педагогикалық iс-әрекетке, бiлiм беру процесiне, оқу-тәрбие iсiне залалы тиетiн оқытушының кейбiр тұлғалық жағымсыз сапалар мен психофизиологиялық ерекшелiктерi.

а) ебедейсiздiк (ригидтiлiк) - оқытушының түрлi жағдайларға байланысты әрекеттерi мен қатынасын түрлендiрiп, өзгертуге бейiм болмауы.

б) өктемдiк - оқытушының қарым-қатынаста, iс-әрекетте өзiне ғана бағдарланып, басқаларды елемей, керiсiнше, оларға басымдылық танытуы.

в) қыр көрсету (демонстративтiлiк) - оқытушының өз мүмкiндiктерiн асыра бағалауы, өзiнiң шынайы бейнесiн таныта алмауы.

г) тақуалық (педанттық) - бұл қалыпты жағдайдан артық ұқыптылық, тиянақтылық көрiнiсi. Бұл әсiре педанттылық оқытушының дербес түрде шешiм қабылдай алмауы, жалтақ болуы, әр iсiне деген әсiре шоғырланумен ерекшеленуi ықтимал[4].

Жоғары оқу рындарындағы оқытушының студенттерге бiлiм беруде жаңа технологияларды iздестiрiп, қолдана алуын қамтамасыз ететiн кәсiби маңызды сапалары былайша жiктеледi:

- оқыту, тәрбиелеу, дамыту процестерiн тиiмдi жүзеге асыруға мүмкiндiк беретiн кәсiби маңызды тұлғалық сапалар;

- психологиялық, педагогикалық технологияларды тиiмдi қолдана алуды, түрлендiрудi мүмкiн ететiн кәсiби маңызды тұлғалық сапалар;

- өзiне және басқаларға (студенттерге, әрiптестерiне, жалпы әлеуметке) құнды қатынасын сипаттайтын кәсiби маңызды тұлғалық сапалар.

Сондай-ақ, ЖОО оқытушының ролi мен студенттерге бiлiм беру қызметiнiң нәтижелiлiгi әр түрлi педагогикалық жағдаяттарда өзiнiң аффективтi қылықтарын тежеп, өзiн-өзi бақылай, субъективтi қалыптарын реттей алуының жоғары дәрежесi арқылы да айқындалады. Оқытушының маман ретiнде ғана емес, адамгершiлiк-рухани қасиеттердiң негiзiнде субъектiлiк танытуы және осы ұстаныммен адам ретiнде жастарға үлгi бола алуы студенттердi маман және тұлға ретiнде дамыту iсiнде аса маңызды роль атқарады.

Оқытушының студенттермен қарым-қатынаста ашықтық, үйiрсектiк сияқты қасиеттерiнiң жоғары деңгейi, пiкiрталасқа түсе алу, шиеленiстiк жайттарды шеше алу, басқаларды тындай алу қабiлетi бiлiм беру процесiн нәтижелi жүзеге асыру үшiн қажеттi шарт болып табылады. Студенттердi оқыту, тәрбиелеу барысында кез-келген жана бiр құбылыстардың беймәлiмдiлiгi, айқындалмаған жайттардың орын алуы, көзделген мақсат пен қол жеткен нәтиже сәйкессiздiгi орын алады. Осы сәттерде оқытушының көңiл-күйiнiң оң эмоциялық сипаты, сәтсiздiктердi тез ұмыта алатын оптимизмi, қандай болмасын iс-әрекеттiң нәтижелi, жемiстi аяқталуына деген сенiмдiлiк өзiнiң психологиялық саулығы үшiн ғана емес, студенттердiң маман ретiнде тұлғалық қасиеттерiнiң тұрақталуына да ықпал етедi.

Сонымен қатар, жоғары мектептегi кәсiби iс-әрекеттiң, қарым- қатынастың белсендiрушiсi, бастамашысы оқытушы болатыны түсiнiктi. Студенттердiң кәсiби даярлығын дамытып, жетiлдiруге жағдай жасайтын жайлы жағдайды оқытушы меланхолиясы емес, оның сергек жай-күйi қамтамасыз етедi. Оқытушының енжар, тұйық қалып-кейпi оқу-тәрбие процесiнiң әдiс-тәсiлдерiн тиiмдi қолдануға мүмкiндiк бермейдi. Бұл өз кезегiнде «оқытушы-студент» жүйесiнiң жұмысына кедергi келтiрiп, студент тұлғасындағы кәсiби маман ретiндегi кәсiби жағымсыз маңызды қасиет-сапалардың қалыптасып дамуына әкеледi. Мұндай келеңсiз жайттар орын алмау үшiн жоғары оқу орындарындағы кәсiби бiлiм берудi ұйымдастырушы тұлға ретiндегi оқытушының ролi мен тұлғалық кәсiби маңызды сапаларын жетiлдiрiп отыру қажет.

Тұжырымдай келе, жоғарыда аталған жолдаудағы адами капитал – жанғыру негiзiндегi маңызды мiндеттердiң аясында жоғары оқу орындарына бiлiм беру бағдарламаларын жасауға көбiрек құқық берiп, олардың академиялық еркiндiгiн заңнамалық тұрғыдан бекiту керектiгiне де айқын басымдылық берiлуi де бүгiнгi таңдағы болашақ мамандарға жоғары кәсiби бiлiм беру, қайта

даярлау, біліктілігін арттыру жүйесінің жаһандық білім кеңістігінің өзгерістерге толы жағдайындағы академиялық икемділігі мен еркіндігін қамтамасыз ету үшін жасалып отырған нақты қадам болып табылады. Бұл жүйе жұмысының негізгі мақсатын Елбасы өз жолдауында былайша тұжырымдады: «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс» [1].

Осы орайда қазақстандық жоғары білім беру жүйесі мен жоғары оқу орындарының стратегиялық міндеттерінің бірі – ұлттық білім беру жүйесінің жетістіктерін әлемдік білім беру үдерісінің қазіргі заманғы перспективалық бағыттарына сәйкестендіру мүмкіндіктерін анықтау болып табылады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. //Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар
2. Қазақстан Республикасының «Еуропа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы» Конвенциясы ратификациялау туралы Заңы. № 202-1. 13.12.1997.
3. Зеер Э. Ф. Психология профессионального образования. - М.:Воронеж, 2003. - 480 с
4. Зеер Э. Ф., Сыманюк Э.Э. Психология профессиональных деструкций: Уч. для вузов. - М.: Академич. проект, 2005. - 240 с.

*Далдирбаев М.*

*(г. Алматы, Казахская Академия труда и социальных отношений)*

### **АНАЛИЗ РЕЗУЛЬТАТОВ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОГО ИССЛЕДОВАНИЯ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ ПОЛИТИЧЕСКОГО МИРОВОЗЗРЕНИЯ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ**

Успешность развития политической системы Казахстана, переход к правовому государству и гражданскому обществу зависят непосредственно от степени и особенностей участия в ней молодежи, и, прежде всего, студенчества. Студенты - это самая образованная часть казахстанской молодежи, ее будущая элита, которая в ближайшие десятилетия будет определять облик страны. Изучение особенностей политического мировоззрения студенческой молодежи, поиск способов ее совершенствования - обязательное условие сохранения казахстанской государственности и ее демократизации.

Прежде чем определить содержание понятия «политическое мировоззрение» необходимо остановиться на характеристике понятия «мировоззрение». Данная категория является предметом исследования в философии, политологии, социологии, психологии, педагогике, культурологии.

Мировоззрение - устойчивая система взглядов и отношений человека к тому, что происходит в окружающем его мире. Мировоззрение - система представлений о мире, нас самих и обществе - как осознанных, так и неосознанных, - отмечает американский психолог Джон Гудвин [1, 145].

Мировоззрение включает в себя цели и ценности жизни, социальные установки, убеждения человека, различные взгляды, мнения, ориентации.

Мировоззрение делится на виды в зависимости от того, какую систему взглядов оно действительно представляет. Мировоззрение может быть научным, житейским, философским, экономическим, правовым, религиозным и т.п. Мировоззрение создает для данного человека общую картину окружающего мира, которой он руководствуется, принимая те или иные жизненно важные решения и совершая те или иные социально значимые поступки [2, 255]. В качестве субъекта мировоззрения выступают социальная группа и личность. Мировоззрение есть общее понимание мира, человека, общества, определяющее социально-политические, философские, религиозные, эстетические, научно-теоретические ориентации человека.

Психологическая литература содержит некоторые особенности в подходе к определению понятия «мировоззрение». «Психологи исходят из того, отмечает Н.А. Менчинская, - что мировоззрение личности есть форма индивидуального сознания, имеющая специфические особенности, обусловленные возрастными, индивидуальными различиями. В сформированном мировоззрении отраженные образцы наиболее общих закономерностей природы, общества, психологической жизни человека сливаются с собственным, личностным отношением к ним» [2, 41].

С.Ю. Головин так определяет мировоззрение: «... это ядро общественного и индивидуального сознания, включающее жизненные позиции, убеждения, идеалы, принципы познания и деятельности, ценностные ориентации» [2,35].

Отечественная наука трактует политическое сознание как вариант общественного сознания, отражающий, прежде всего, социально экономические условия быта людей. В общепринятой мировой традиции политическое сознание рассматривается в более широком контексте, как вся совокупность психического отражения политики, как ее субъективный компонент, проявляющий себя на разных уровнях и в различных ситуациях [4,60]. Политическое сознание представляет собой систему теоретических и обыденных знаний, оценок, настроений, чувств, посредством которых происходит отражение социальными субъектами (индивидами, группами) сферы политической жизни. Сущность политического сознания - результат и процесс восприятия и осмысления политической реальности с учетом социальных интересов людей, - отмечает В.Г. Крысько [3, 347]. Содержанием политического сознания выступают политические идеи, теории, взгляды, интересы, настроения и чувства людей, испытывающих влияние политики.

Д.П.Гавра, Н.В.Соколов, М.А.Василик, Г.Г.Дилигенский включают в данное понятие политические ориентации и считают, что «...мировоззрение и ориентации не разделены какой-то гранью, они взаимосвязаны и частично сливаются друг с другом» [4, 252] В свою очередь М.А.Василик, Ю.В.Ирхин, В.Д.Зотов и др. полагают, что понятие «политическое мировоззрение» является компонентом политической культуры, наряду с политическими стереотипами, мифами и символами [3, 366] и составляет часть общего мировоззрения отдельного человека, отдельной группы или социальной общности. Наибольшее влияние на характер политического мировоззрения оказывают те политические ценности, которые относятся к категории устоявшихся, получивших определенную эмоционально-чувственную окраску, ценности «пропущенные» не только через сознание, но и через «душу» человека [3, 284].

К.С.Гаджиев склоняется к тому, что «политическое мировоззрение следует считать цементирующим элементом политической культуры, поскольку оно оказывает большое влияние на характер политических ориентации, ценностно-нормативных установок симпатий и антипатий людей» [3, 58].

А.А.Швецов, Е.А. Климов отмечают, что «мировоззрение - это не просто осведомленность, информированность, а система разносторонне обоснованной ориентировки в мире. Речь идет об обоснованности тех или иных взглядов, например, политических, логическими доводами, рассуждениями, фактами, личной жизненной практикой, авторитетом власти и т.д. Благодаря рациональной составляющей подобные взгляды приобретают признаки побуждений, мотивов; они нераздельно связаны с готовностью человека к соответствующим действиям» [3, 225].

Е.А. Суроедова, Г.Н. Уварова в своем исследовании особенностей политического мировоззрения старшеклассников с разным уровнем рефлексивности отмечают, что в юношеском возрасте стремление познать себя как личность приводит к рефлексии, к углубленному самоанализу. Недостаточно изучены в психологической науке особенности политических ценностей, политической информированности и патриотизма у старшеклассников с разным уровнем ретроспективной, ситуативной, перспективной рефлексии и рефлексии общения и взаимодействия с другими людьми. И.Н.Кулешова на основе своего исследования сделала следующие выводы:

1. Политические убеждения большинства студенческой молодежи и направленность ее политического мировоззрения связаны с индивидуально личностными особенностями (самооценкой, авторитаризмом, социальной мотивацией), положением личности в малой группе (статус и особенности взаимодействия), идентификацией субъекта с большой социальной группой (принятие мифов, стереотипов, выражение чувств к своему этносу);

2. Политическое мировоззрение студенческой молодежи представляет собой неструктурированную совокупность убеждений относительно различных сфер общественного устройства, с определенными доминирующими взглядами, мифологично, имеет гендерные и возрастные различия [4].

Анализируя результаты по методике К. Томаса «Тип выхода из конфликтной ситуации». По мнению автора, нужно сконцентрировать внимание на следующих аспектах изучения конфликтов: какие формы поведения в конфликтной ситуации характерны для индивида, какие из них являются более продуктивными или деструктивными; каким образом можно стимулировать деструктивное поведение [5].

Выбор стратегии выхода из конфликта зависит от различных факторов, обычно они указывают на личные особенности индивида. В результате нашего исследования мы получили следующие показатели:

Респонденты группы индивидуального типа политического мировоззрения, отдают предпочтения «сотрудничеству» - 7,05 балла (то есть, участники ситуации приходят к альтернативе, полностью удовлетворяющей интересы обеих сторон) и «соперничеству» (конкуренция) - 6,05 балла (заключается в навязывании другой стороне выгодного для себя решения. Соперничество оправдано в случаях: явной конструктивности предлагаемого решения; выгоды результата для всей группы или организации, а не для отдельного лица или микрогруппы; важности результата борьбы для того, кто поддерживает эту стратегию; отсутствия времени на договоренность с оппонентом. Соперничество целесообразно в экстремальных и принципиальных ситуациях, в случае дефицита времени и высокой вероятности опасных последствий). К типу выхода из конфликта как «избегание» и «приспособление» студенты приходят редко 4,09 балла и 4,06 балла.

У студентов традиционалистского типа политического мировоззрения доминирует, как тип выхода из конфликта «приспособление» - 7,01 балла и «компромисс» - 6,02 балла. Необходимо отметить, что полученные различия в значениях статистически значимы, соответственно в группах студентов с преобладающим типом мировоззрения, индивидуализм и радикализм, к способу выхода из конфликтной ситуации - приспособление, прибегают реже ( $KW-N=14,606$ ,  $p<0,001$ ). Приспособление - рассматривается как вынужденный или добровольный отказ от борьбы и сдача своих позиций. Компромисс - состоит в желании оппонентов завершить конфликт частичными уступками. Он характеризуется отказом от части требований, которые ранее выдвигались, готовностью признать претензии другой стороны частично обоснованными, готовностью простить.

Почти в равной мере группа студентов традиционного типа мировоззрения используют стратегии сотрудничества - 5,1 балла, соперничества - 5,06 балла и избегания (уход от решения проблемы, является попыткой выйти из конфликта при минимальных потерях. Отличается от аналогичной стратегии поведения во время конфликта тем, что оппонент переходит к ней после неудачных попыток реализовать свои интересы с помощью активных стратегий. Собственно, речь идет не о решении, а о угасании конфликта. Уход может быть вполне конструктивной реакцией на длительный конфликт. Избегание, применяется при отсутствии сил и времени для устранения противоречий, стремление выиграть время, наличия трудностей в определении линии своего поведения, нежелании решать проблему вообще) - 5,8 балла.

У студенческой молодежи с радикальным типом политического мировоззрения чаще всего наблюдается способ выхода из конфликта - «соперничество» - 10,2 балла. При сравнении данных показателей в группах студентов с другим преобладающим типом политического мировоззрения, в частности индивидуализм и традиционализм, полученные различия статистически значимы ( $KW-N=19,281$ ,  $p<0,001$ ). Этот результат не удивителен, так как политическое мировоззрение радикализма направлено на кардинальные, решительные, "коренные" изменения существующих социально - политических институтов и здесь нет места сотрудничеству и иным типам выхода из конфликтной ситуации.

Основываясь на результатах нашего исследования, мы считаем, что при избегании конфликта ни одна из сторон не достигает успеха; при таких формах поведения, как соперничество (конкуренция), приспособление и компромисс, или один из участников оказывается в выигрыше, а другой проигрывает, или оба проигрывают, так как оба идут на компромиссные уступки. И только в ситуации сотрудничества обе стороны оказываются в выигрыше, так как оно предполагает стремление оппонентов к конструктивному обсуждению проблемы, рассмотрение другой стороны не как противника, а как союзника в поиске решения [6].

Политическое мировоззрение имеет большое практическое значение, влияя на нормы политического, нравственного и морального поведения, жизненные интересы и стремления людей, социальных групп и общества в целом. По своему содержанию и направленности оно может иметь различные виды и характеристики. Составной частью политического мировоззрения является самосознание, как политическое осознание, оценка человеком своих политических воззрений, целей, интересов и мотивов политического поведения, целостная политическая оценка самого себя. Политическое самосознание носит общественный характер, является своеобразной мерой и исходным пунктом отношения человека к самому себе и другим людям [7].

В настоящее время существует необходимость дальнейшего изучения особенностей формирования политического мировоззрения, в связи с постоянно возрастающей актуальностью данной проблемы, так как современное молодое поколение все более активно вовлекается в политическую жизнь страны и в дальнейшем придет на смену существующей элите, займет свое место в политической системе.

#### **Литература:**

1. Алексеев М.Н. Современная социальная психология / М.Н. Алексеев. - М: ИПРАН: Академический проект, 2002. - С. 29.
2. Залесский Г.Е. Психология мировоззрения и убеждений личности / Г.Е. Залесский. - М.: Изд-во МГУ, 1994. - С. 25.
3. Кулагина И.Ю. Педагогическая психология: учебное пособие / И.Ю. Кулагина / Под. общ. ред. В. П. Романов. - М.: ТЦ Сфера, 2008. - С. 289.
4. Кулешова И.Н. Социально-психологические особенности политического мировоззрения студенческой молодежи (на примере провинциальных ВУЗов центра Казахстана): дис. ... канд. псих. наук: спец. 19.00.05 / И.Н. Кулешова; науч. рук. В.Г. Циплюк. - Иваново, 2006. - 212 л
5. Лабунская В.А. Социально-психологическая диагностика развития личности и малых групп / В.А. Лабунская, В.В. Козлов, Г.М. Мануйлов. - М.: Изд-во ин-та психотерапии, 2002. - С. 231
6. Шорохова Е.В. Методы социально-психологического исследования: учебник / Е.В. Шорохова; под общ. ред. В.П. Романова. - М.: Наука, 2001. - С. 237
7. Ольшанский Д.В. Основы политической психологии / Д.В. Ольшанский. - Екатеринбург: Деловая книга, 2001. - С. 59.

**Жақыпбек А.М.**

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,  
Педагогика және психология мамандығы студенті  
Ғылыми жетекшісі: Күрбаева Г.А.  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті*

### **ҒАЛАМТОРДЫҢ ЖАСТАР ПСИХОЛОГИЯСЫНА ӘСЕРІНІҢ СЕБЕПТЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУДІҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ**

Қазіргі таңда ғаламтор желісі әлемдік қауымдастықтың негізгі ақпараттық-коммуникациялық құралына айналып отыр. Бұл тұрғыда қарапайым халықтың күнделікті өмірдегі байланысқа деген қажеттілігі туралы айтпасақ та болады. Ғаламторға қосылу спутниктік байланыс, радио-каналдар, кабельдік теледидар, телефон, ұялы байланыс, арнайы оптикалық-талшықтық желілер арқылы жүргізіледі. Дегенмен де ғаламтор желісінің пайдасымен бірге келеңсіз жақтары да барын естен шығармағанымыз жөн.

Ғаламтор - ақпарат беру және сақтауға арналған компьютерлік желілердің біріктірілген әлемдік жүйесі.

80 жылдардың басында «Интернет»- деген термин пайда болды. Бұл ағылшынның халықаралық желі деген сөз. Қазіргі кездегі әлем - бұл ақпараттық әлем. Оның ерекшелігі сонда, өте қысқа уақыт аралығында адамға деген ақпараттық салмақ анағұрлым артып кетті. Интернеттің мүмкіндігі шексіз. Интернет күнделікті тұрмыс пен жұмыстың айнымас құралына айналып келеді. Интернетті дұрыс мақсатқа пайдалансаң, ісің де оңынан болады, құлашың да кеңге жайылады. Ал егер теріс бағытқа, пайдакүнемдікке, қарау ойлы мақсатқа, т.с.с. жасөспірімдерді аздыруға қолдансаң, оның жайы бір басқа. Яғни терроршылдық, экстремистік, дінбұзарлық, қоғамға жат сананы насихаттау секілді әрекеттер үшін Интернетке цензура енгізу қажет. Бірақ ең демократияның орнаған саласы - осы ғаламтор екенін Интернетті қолданушылар жақсы түсінеді. Өйткені, мұнда қандай ой, пікір айтсаңда, қалай айтсаң да, тек өзіңе, адамгершілік арыңа сын. Ендігі бір мәселе - Интернетке тәуелділік. Сағаттап, тіпті танды-таңға ұрып, Интернетті қызықтайтындар да кездеседі. Бұл күнде ғаламтор желісін тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 2,4 млрд адамнан асыпты. Бұл - жер шарын мекендейтін халықтың үштен бір бөлігінен астамы ғаламтор қызметіне жүгінеді деген сөз [1].

Бұл да бір есірткіқұмарлық, нашаға тәуелділік сияқты нышанды байқатады. Адамның психикасына, денсаулығына кері әсер етеді. Осындай келеңсіз, жаныңды түршіктіретін ақпараттар интернетте орын алып жатса, оның жұртшылыққа пайдасынан гөрі зияны көп емес пе? Демек, Интернетті қажетіне қарай, шамамен пайдалана білу мәдениетін қалыптастыру да көп ойланатын дүние. Мектеп жасындағы баланың сабаққа дайындалғаннан гөрі көп уақытын ұялы телефонына үңілумен өткізеді. Ол неге үңіле береді десең, әрине ол ішіне сабағын жазып алған жоқ. Небір түрлі қырғын атыс-шабыс ойынын, өзгелермен танысу, ұятты көріністер қарайды. Міне, содан барып, ол баланың өмірге көзқарасы психологиясы өзгереді. Ұрлық-зорлық көбейеді. Жас бала еліктегіш келеді. Әр жаман затты көрген сайын, естіген сайын оның бір ұшқыны адам бойында ұялап қалмай ма? Әр нәрсе өз нормасынан асқан соң, жаманға айналады.

Бүгінде ғаламторға тәуелділік атты жаңа дерттің пайда болғаны жасырын емес. The Independent басылымының мәлімдеуінше, адамның ғаламторға тәуелділігі ішімдік, кокаин немесе марихуанаға тәуелділікпен бірдей екен. Негізінен, компьютер тұтынушыларының 5-10 пайызы ғаламторға тәуелді. Ересектерді былай қойғанда, бұл күнде жасөспірімдер мен бүлдіршіндер де ғаламтор атты шексіз

әлемге байланып отыр. Өкінішке қарай, елімізде ғаламтордан зиян шеккен балалар туралы дерек жоқ. Өйткені ел аумағында арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілмейді екен. Өйткенмен мектеп жасындағы балалар әрқилы әлеуметтік желілердің тұрақты «қонағына» айналғалы қашан. Тіпті сабақ үстінде ұялы телефон арқылы хат алысатын оқушылар да жеткілікті. Ғаламторға, оның ішінде қоғамдық желілерге тәуелді жастар ғалымдардың соңғы зерттеулері бойынша осы әуестігі нәтижесінде өзіне деген сенімділігін жоғарылатады екен. Психологтар қоғамдық желілер арқылы танысып, тілдесу адамның батылдығына, өзіне беретін бағасына әсер ете алады, ол көрсеткіштерді жақсы жаққа қарай өзгертеді дейді. Әл-Фараби бабамыз «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» деген жоқ па? Иә, бала жақсы баға алғанымен, интернетке әуес болған соң сабағын тез дайындап тастауға әдеттенеді де, қалған уақытын интернет желісіндегі ойындарға жұмсайды.

Ғаламтор желілердің негативті әсері кәметке толмағандардың тәуелділігін қалыптастыру және қылмыстың өршуіне ерекше қауіп тудырып отыр. Интернет пен компьютерлік ойындардың пайда болуымен тәуелділіктің жаңа түрлері де пайда болды: интернетке тәуелділік пен ойынға тәуелділік. Әрбір төртінші пайдаланушы компьютердің жанында аптасына 20 сағаттан аса уақытын өткізеді. Мұнымен бірге Психиатрлардың америкалық ассоциациясының мәліметтері бойынша күніне компьютерде екі сағаттан аса уақыт ойнау компьютерлік тәуелділік деп танылады. Тәуелділік - бұл психикасының бұзылуы, ол уәждеумен, шешімдер қабылдаумен, оқумен, тежелуді бақылау деп аталатынмен, рақаттануды іздестірумен байланысты химиялық үдерістерге араласу жолымен мидың жұмыс істеу қағидаттарына ықпал етеді. Құмар ойындары мен жеңсіздік сияқты мінез-құлықтың құштарлық-психологиялық тәуелділік формасының мәні; есірткілер немесе алкоголь сияқты заттарға құмарлық бір мезгілде психологиялық тәуелділік формалары болып табылады.

Интернет-тәуелділіктің басқалардан ерекшелігі - ағзаны әлсіреуіне немесе өзгеріске ұшырауына соқтыратын химиялық тәуелділік емес, ағзаға әсері бойынша ол құмар ойындарға тәуелділікке жақын. Дәстүрлі тәуелділік түрлерінің пайда болуына жылдар қажет болса, профессор К.Янгтің мәліметтері бойынша Интернет-тәуелділікке көп уақыт қажет емес, мәселен тәуелділердің 25 пайызы интернетпен жұмыс істей бастаған жарты жыл ішінде, 58% - жарты жылдан соң, ал 17% - 1 жыл уақыт аралығында интернет құлына айналған [2].

Санкт-Петербургтегі В.М.Бехтерев атындағы Психоневрологиялық институтының ғалымдары компьютерге үйірсеңдіктің он белгісін көрсетіп берді. Олар:

- компьютер алдында бір ойынды ойнап бірнеше сағат отыру;
- ата-аналарымен кикілжіңге бару;
- үйге кешігіп келу;
- сабаққа үлгерімі нашарлап, сабаққа жиі бармай қалу;
- баланың бұрынғы достарымен қарым-қатынасы азаяды;
- өзі сияқты компьютерге үйірсеңдіктермен ғана араласады;
- күнделікті ақшаға сұранысы көбейеді;
- берген уәдесін орындамайды; ашуланшақ, мазасыздану мінездері пайда болады;
- ұйқысы бұзылып, зейіні мен есте сақтау қабілеті нашарлайды;
- көз жанары төмендейді, басы ауырады, омыртқасы бұзылуы басталады.

Осы белгілердің бесеуі бала бойында анықталса, «компьютер ойынына тәуелділік ықтимал» деген анықтама қойылады. Ал егер жеті немесе одан да көп белгі байқалса, ол тәуелділіктің құлы деп саналады.

Интернет-тәуелділік психологиялық тәуелділік формалары бірі болғандықтан, бұл мәселені қарым-қатынастың психологиялық аспектісі тұрғысынан қарастырамыз.

Сонымен зерттеу барысында қарым-қатынас құралы ретінде интернетке жүгінудің келесі себептері анықталды:

- кез-келген ақпараттардың, оның ішінде жасөспірімдер тәрбиесіне кереғар әсер ететін бейәдеп ақпараттардың да қол жетерлік деңгейде болуы;
- қоршаған ортасында адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алмауы себебінен басқа байланыстар табу;
- адамдар арасындағы қарым-қатынастың қалыпты нормаларын сақтауды қажет етпейтін анонимді желі болуына байланысты агрессияны шығару жолдары т. б. болуы мүмкін [3].

Дүние жүзі бойынша халықтың - 96% ғаламторды қолданады, оның ішінде 72%ы ғаламтордың пайдасы зор десе, 24%-ы зиянды деп отыр. Компьютер ойнайтын баланың психологиясында көп өзгеріс болады. Бойында іштей қарсылық, көңіл күйінде ауытқушылық, ырықсыздық пен агрессияшылдық билейді. Сондықтан, баласының болашағын ойлайтын ата-аналардың бәрі қауіпті



дерттің алдын алған жөн. Баланың бос уақытын тиімді пайдалану үшін ақыл-ойды дамытатын үйірмелер мен білім беру орталықтарына жаздыртқан абзал [4].

Бүгінде интернетке тәуелділіктің салдарынан жастардың денсаулығы ғана емес, ойлау, сөйлеу, жазу мәдениеті де төмендеп барады. Мәселен, Қытай билігі жастардың интернетке деген тәуелділігіне медициналық ауру деген баға беріп, қауіптің алдын алуға кіріскен. Яғни, желіге байланған жеткіншектерді кеселінен арылту үшін арнайы жаттығу лагерлерін ашқан. Аталған орталықтарда Қытайдағы жастарды әскери тәртіппен емдейді. Онда әскердегі жаттығуларды емделушілердің күнделікті режиміне енгізген. Идея авторлары «Мұндай әдісті жайдан-жай қолданып отырғанымыз жоқ» - дейді. Өйткені, күні бойы монитор алдында отыратын адамның денсаулығында міндетті түрде ақау болады. Лагердегі жаттығуларды бұрынғы әскери қызметкерлер жүргізуде. Басты мақсат - жастардың арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру. Егер бір оқушы тәлімгердің талабын орындамаса, бүкіл, топ жазаланады. Дене жаттығуларынан бөлек жастар мұнда Қытай этикасынан да сабақ алады. Ән айтып, би үйренулеріне де болады. Ал, интернет тәуелділігінен емдеуді арнайы психолог мамандар жүргізеді. Бүгінде Қытайда дәл осындай 250 лагерь жұмыс істейді екен. Мұнда емделіп жатқан жеткіншектердің көпшілігін ата-аналары мәжбүрлеп жіберген [5].

Тәуелділікті жеңудің ең қарапайым, әрі қолжетімді жолы - басқа нәрсеге алаңдау. Салауатты өмір салтын ұстану, табиғат аясында көп уақыт өткізу, шығармашылық заттармен айналысу, мысалыға сурет салу, өлең-әңгімелер жазу. Осындай жолдар арқылы тәуелділіктен шығуға болады.

Ғаламтор тәуелділіктен қалай құтылу керек? Ең тиімді жолы – бірнеше күн бойы Ғаламтор туралы ұмыту. Түрлі іс-шараларға қатысу, достарымен кездесіп, спортпен шұғылдана бастау. Егер сіз қазір әлеуметтік желілерсіз өз өміріңізді елестете алмасаңыз, сіз одан дереу бас тарту қиын болады. Бастапқыда, ғаламторға жұмсалған уақытты азайтуға болады, содан кейін, біртіндеп оның қызметін ығыстырып, оған кірмеуге тырысыңыз. Қайта-қайта электрондық поштаны тексергісі кеп тұратындар үшін кеңес - поштаны тексеруге белгілі бір уақытта ғана кіретіндей кесте белгілеп қойыңыз. Сіз жұмыс істеу үшін немесе сабақ оқу үшін ғаламторды пайдаланып отырасыз да, біртіндеп ол туралы ұмытып, мағынасыз уақыт оздыруға ауысып кеткеніңізді байқайсыз ба? Ғаламторда жұмсалған уақытыңызды анықтап және талдап көріңіз. Маңызды және қажетті нәрсеге қанша уақыт жұмсайтыныңызды шамамен есептеңіз. Осы уақыт күнделікті болсын. Күн сайын, ғаламтор қосылғанда, осы мерзімді сақтауға тырысыңыз. Бұл сізге көп жұмыс уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Ғаламторға тәуелділіктен құтылу процесінде жақындарыңыздың қолдау көрсетуі маңызды. Жақсы отбасылық байланыс шамадан тыс ғаламтор пайдалануды алмастырады. Бәрі де ғаламтор пайдаланады, онда тұрған түк те жоқ деген ойдан арылыңыз. Қалғандары ғаламтор «иірімінен» шыға алмай жатса да, өзіңіз одан «жүзіп шығып» арылуға әрекет жасаңыз.

Қорытындылай келе, дені сау саламатты ұрпақты тәрбиелегіміз келсе, қоғам болып отбасынан бастап, мектеп, арнайы орта және жоғары оқу орындарының барлық білім алушылары мен педагогтарының алдында үлкен міндет тұр. Ол - адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселесі, яғни тұлғаны әлеуметтендіру мәселесіне басты назар аударғанымыз жөн. Егер әр адам бала кезінен өз ортасында ізгі қарым-қатынастар негізінде тәрбиеленсе және сүйікті ісімен айналысып, мәселен спорт, музыка, техникалық үйірмелер, дебат клубтары немесе шебер қолдар үйірмелері т.б. тәуелділік мәселелеріне тосқауыл қойылар еді. Сонымен бірге, ғаламтор желісін қажетіне қарай, шамамен пайдалана білу мәдениетін қалыптастыру да көп ойланатын дүние.

Бүгінгі таңда біздің елімізде де балалардың денсаулығына, дұрыс өсуіне зиян келтіретін ақпараттардан қорғау мақсатында бірқатар заңдар қолға алынып жатыр. Жастардың салауатты өмір салтына бейімділігін қалыптастыруда виртуалды тәуелділіктің механизмдерін дерек көздері арқылы анықтау нәтижесінде студенттер арасында жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша ұзақ уақыт бойы интернет желісінде отырып, компьютерлік ойындар ойнаған жасөспірімдер ашушаң, бас ауру, дене бітімінің бүкірейуі, ұйқысыздық сияқты келеңсіз жағдайлар білім сапасын қамтамасыз етуге кедергі келтіретін бірден - бір фактор екені анықталды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Белинская Е., Жичкина А. Современные исследования виртуальной коммуникации: проблемы, гипотезы, результаты. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004.
2. «Білім беруде интернет ресурстарды пайдалану» Болсынбекова Ш.Ж \Алматы -2004-3 бет
3. «Интернет технологиясы» Г.Е.Мырзабекова, А.Ш.Күлмұратова Л.К.Смаилова, Л.К.Тәжібай\ \ Алматы-2011- 56бет.
4. «Интернет-аддикция в подростковой среде», Пережогин Л.О., <http://www.rusmedserv.com/psychsex>
5. Перед телевизором дети проводят больше времени, чем за уроками //«Интер-Мед Новости» от 13.02.2003.

## ACTUAL PROBLEMS OF MODERN PEDAGOGICS

Изучение проблемы влияния профессиональной деятельности на личность человека начато в 20-е годы XX столетия. Социологом Питиром Сорокиным введено понятие «профессиональная деформация». Изучение данного феномена начали изучать экспериментально.

Деформация - это искажение. Профессиональная деформация личности - изменение качеств личности, наступающее под влиянием выполнения профессиональной деятельности, проявляется в профессиональном жаргоне, манерах поведения, физическом облике [2].

Слово деформация подразумевает собой искажение модели под воздействием внешних факторов, и термин «профессиональная деформация» - наиболее точное определение, для пояснения процесса, который чётко характеризует конструкцию деформирующего влияния на профессиональную деятельность.

Профессиональной деформацией личности Е.И. Рогов предлагает называть изменения, которые возникают под влиянием выполняемой профессиональной деятельности, могут проявляются в абсолютизации труда, как единственно достойной формы активности, а также в возникновении жёстких ролевых стереотипов, которые переносятся из трудовой сферы в иные условия, когда человек не способен перестраивать своё поведение адекватно меняющимся условиям [3].

Теоретические и эмпирические исследования профессиональных деформаций широко представлены в трудах таких зарубежных исследователей как К. Маслач, С. Джексон, М. Буриш.

В.В. Бойко, Н.Е. Водопьянова, К. Маслач считают, что чрезмерное напряжение и эмоциональное истощение приводит к возникновению профессиональной деформации.

К. Маслач подчёркивала, что «профессиональное выгорание» – это синдром «психического выгорания», рассматриваемый в аспекте личностной деформации профессионала под влиянием профессиональных стрессов [4].

Л.В. Мардахаев писал, что профессиональная деформация личности специалиста - это изменение качеств и свойств личности под влиянием выполнения им профессиональной деятельности. К свойствам он отнёс стереотипы восприятия ценностных ориентаций, характер и способы общения и поведения [5].

В своих работах Ю.М. Кузмина профессиональную деформацию считала проявлением в личности под влиянием некоторых особенностей профессиональной деятельности, таких психологических изменений, которые начинают негативно влиять на её осуществление [6].

Ю.В. Пунанова рассмотрела профессиональную деформацию как негативное социально-психологическое явление, представляющее в виде разнообразных личностных поведенческих проявлений, оказывающих деструктивное влияние на процесс и результат профессиональной деятельности. [7]

А.К. Маркова под профессиональную деформацию относит деструкции, которые возникают в процессе выполнения профессиональной деятельности и негативно влияют на продуктивность, искажая личностные качества, и способствуя накоплению негативных признаков. [8]

Н.Б. Москвина выдвинула определение личностно-профессиональной деформации и подчеркнула её существенность в развитии личности как субъекта профессиональной и повседневной жизнедеятельности, а также в развитии качеств, затрудняющих и снижающих эффективность профессиональной работы учителя [9].

Г.К. Ахметова дала определение понятию «профессиональная деформация педагога». В монографии Г.К. Ахметовой профессиональная деформация учителя - это изменения личности педагога, возникающие в процессе выполнения им профессиональной деятельности, и в большей степени, негативно влияющие как на саму личность, так и на выполняемую ей деятельность, а также на другие сферы её жизни [10].

Л.М. Митина считает, что одной из наиболее деформирующих личность человека профессий является профессия учителя [11].

Э.Ф. Зеер классифицирует профессиональные деформации на основании четырёх уровней их проявлений. А.К. Маркова – по основным тенденциям.

А. Пайнс, И. Аронсон и А. Чиром понимают профессиональные деформации как одномерную конструкцию. Д.В. Дирендонк, В. Шауфели, Х.Дж. Сиксма – как двухмерную конструкцию. К. Маслач и С. Джексон, а также Б.А. Фарбер выделяют три конструкта профессиональных деформаций. Г.Х. Фирт, А. Мимс, И.Ф. Иваничи и Р.Л. Шваб выделяют четыре фактора профессиональной деформации, где помимо эмоционального истощения и редуцированных профессиональных достижений выделяются ещё два аспекта: деперсонализация, связанная с работой, и деперсонализация, связанная с реципиентами [4].

Анализ их работ позволяет сделать вывод о том, что на сегодняшний день отсутствует единая точка зрения на структуру профессиональных деформаций, что нет чёткого распределения профессиональной деформации представителей педагогической профессии. Научно не обусловлены факторы, которые влияют на проявления профессиональной деформации.

За рубежом проблема влияния профессии учителя на его личность очень актуальна, имеет огромное значение в теоретическом и практическом плане, активно исследуется немецкими, российскими и английскими учёными.

В Казахстане данная проблема не изучена полностью и в связи с этим перспектива проведения экспериментального исследования по данной теме будет весьма актуальна. Так как сущность понятия профессиональная деформация педагога ещё не раскрыта полностью, основные подходы не систематизированы, не изучены личностные детерминанты, которые влияют на профессиональную деформацию педагога. Изучив личностные детерминанты педагога, спроектировав модель теоретических основ профессиональных деформаций педагогов, проведя экспериментальное исследование влияния личностных детерминант на деформацию, мы сможем устранить пробелы в знаниях к пониманию категории профессиональная деформация учителя.

#### **Литература**

1. Ахметова Г.К., и др. Диагностика и профилактика профессиональных деформаций педагогов/ Ахметова Г.К., Мынбаева А.К., Мадалиева З.Б., Мухатаева Д.И., Галагуи А. – Алматы: Казак университеті, 2015. – 144 с.
2. Вяземский Д.Н. Психологический словарь. - СПб.: Мир. - 1997. - 682 с.
3. Рогов Е.И. Учитель как объект психологического исследования: пособие для школьных психологов. - М.: Владос. - 1998. - 494 с.
4. Полякова О.Б. Категория и структура профессиональных деформаций.// Национальный психологический журнал.- Москва.- №1(13)/2014.-С. 57–64.
5. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика: учебник. – М.:Гардарики, 2005. – 269с
6. Кузьмина Ю.М. Предупреждение профессиональной деформации <http://do.teleclinica.ru/184340/>
7. Пунанова Ю.В. Профессиональная деформация: понятие и условия возникновения//Профессиональная деформация и проблемы профессионализма: сб. научн. трудов/под ред. В.П.Подвойского. – 2000. -№1
8. Маркова А.К. Психология профессионализма. – М.: Знание, 1996.
9. Москвина Н.Б. Минимизация личностно-профессиональных деформаций педагогов// Педагогика. – 2005. - №5
10. Ахметова Г.К., и др. Профессиональные деформации личности педагога: теоретические основы и профилактика/ Ахметова Г.К., Мынбаева А.К., Маликова Н.А. – Алматы: Казак университеті, 2012. – 102 с.
11. Митина Л.М. Психология труда и профессионального развития учителя. - М: Академия. - 2004.

## **СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Психикалық денсаулықтың қалыптасуы дене гигиенасын және психогигиенаны, өзін тәрбиелеуді, өзін басқаруды талап етеді.

Психологиялық өзін-өзі басқару адамның оған тән психикалық құбылыстарға (процесстер, жағдай, құрылым) саналы әсер етуімен түсіндіріледі. Психикалық өзін-өзі басқару мен өзін-өзі реттеу өзара біртұтас және дербес ара қатынаста болып табылады: басқару өзіне реттеуді қосады. Өзін-өзі басқарудан өзін-өзі реттеуге көшу – бұл түпкі ойдан, идеядан оны өмірге келтіруге көшу. Егер өзін-өзі реттеу, ереже бойынша, жақындағы болашақтың міндеттерін шешуге бағытталған болса, онда өзін-өзі басқару одан да ұзақ уақыттық перспективаға мақсатталуы мүмкін – өмірлік жолды таңдау, өзіндік жетілудің міндеттерін қою, мақсаттарды бірізділеу, өзін-өзі тәрбиелеу.

Қазіргі заманғы психологиялық зерттеулерде «өзін-өзі реттеу» ұғымы әр түрлі анықталады. Негізгі анықтамаларды ішінен бірнешеуін анықтан көрсетуге болады. Өзін-өзі реттеу - бұл:

- Болжамдау процесстерінің негізінде іс-әрекетті бағдарламалаудың айырықша деңгейі;
- Адамның өзінің эмоциясын, сезімін, алаңдаушылығын басқаруы;
- Жеке психофизиологиялық функциялар мен толық жүйке-психикалық күйінің мақсатты өзгеруі;
- Іс-әрекеттің амалы мен сипатын мақсатты саналы таңдау;
- Адамның әрекеттік белсенділігінің «ішкі» реттелуі;
- Индивидтің әрекеті мен қылығына ішкі мен сыртқының өзара әрекеті және т.б.

Тәжірибелік көзқарасқа сүйене отырып, өзін-өзі реттеу көбіне адамның өзіндік эмоцияларын, сезімдерін, алаңдаушылықтары және салдар ретінде – жүріс-тұрысын, қылығын басқаруға деген ықыласына байланысты екенін ұйғарған жөн.

Психологиялық ғылымда психикалық өзін-өзі реттеу деңгейлерінің классификациясына көптеген көзқарастар бар. Психикалық өзін-өзі реттеу деңгейлерін психофизиолог Л.П. Гримактің позициясынан қарап көрейік. Келесі деңгейлер көрсетіледі:

- Ақпараттық – энергетикалық;
- Мотивациялық;
- Эмоционалды-еріктік;

Әлеуметтік көмекті жалпыланған көріністе қиын жағдайдың ортасындағы тұлғаға көрсетілетін әртүрлі көмек ретінде анықтауға болады. Мұнда ең алдымен, мәселелі жағдаяттар, стрес жағдайлары, сыни өмірлік уақиғалар және т.б. кіреді.

Әлеуметтік көмек үш негізгі элементтен тұрады:

1. Эмоционалды көмек: өзара түсіністік, эмпатия, жағымды бекініс
2. Мәселені шешуде көмек: жаңа түрдегі емес-біреу үшін жұмыс жасау; жаңа түрдегі – мәселені шешуге көмек, мәселенің бірлескен анализі, басқа жақтың қажеттілігі мен білдірген қалауына кеңестер мен ақпарат беру.
3. Қауіпсіздік сезіміне кепілдеме беретін, тұлғаның белсенділігін көрсететін, қиын жағдайды уайымдаудан арылтуға мүмкіндік беретін нақты тұлғалардың әлеуметтік көмегі.

Жақын айналадағылардан әлеуметтік көмек әртүрлі формалар түрінде болуы мүмкін: кеңес, керекті ақпарат, эмоционалды уайымдастық, әңгіме, бірлескен әрекеттер. Ұғымның анықтамасының өзі, қолдау ортақ көмек дегенді білдіреді, яғни өзіне бірлескен әрекетті қосады.

Қолдаудың әртүрлі формалары жайлы да айтуға болады: ресми және ресми емес. Біріншісі студенттік әрекетті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар тобы: кітапхана, стипендия, куратор, т.б. Шетелдік университеттердің көпшілігінде студенттердің мәселелерін шешуге көмектесетін, студенттік өмірді ұйымдастырумен байланысты арнайы студенттерге арналған кеңестік пункттар қызмет етеді.

Стрес мәселесі мен психикалық денсаулық шеңберінде бірінші жоспарға қолдаудың екінші түрі - ресми емес әлеуметтік қорғау шығады. Мұнда, ең алдымен, студенттердің өздерінің қолдаулары, сонымен қатар, ұстаздар жағынан да қолдау кіреді. Кәсіби іс-әрекеттегі стрес факторларын зерттеу жұмыстары әлеуметтік қолдау – стресті жағдай редуцияның бір шарты болып табылатынын көрсетті. Мұның астында қызметтестер жағынан жұмыс жайында және кәсіби мәселені шешудегі басқару арқылы көмек пен бірлескен әрекеттері. Критикалық жағдайларды олар маңызды қорғаушы, адамның

психикалық денсаулығына әсер ететін психологиялық фактор болып табылады. Жеткіліксіз әлеуметтік көмек өз әрекетінің нәтижесіне қанағаттанбау, қалауынсыз нәтижелерге әкелуі мүмкін. Сын айту мен фрустрацияның мысалы болып айналадағылардың жеткіліксіз әлеуметтік қолдауы нәтижесінде туатын кәсіби құлаудың симптомы – деперсонализация болып табылады. Орындалған әрекет пен жағымды қайтарылған ақпарат нәтижесінде өз үлесінің арасындағы сәйкес келмеушілік, өз кезегінде, мотивацияның төмендеуіне әкелетін гратификация кризисіне әкеледі.

Стресс мәселесін қарастыруда үлкен еңбегі сіңген канадалық дәрігер және биолог Ганс Селье болып табылады. Ол ағзаның әр түрлі спецификалық әсерді бұзатын спецификалық емес реакцияның феноменін ашты. Автор бұл феноменді **жалпы бейімделу синдромы** деп атады, ағзаның өзгеріске үйрену талпынысы деп түсінді.

Селье ағзаны тітіркендіретін қандай да болмасын іс-әрекетке жалпы, біркелкі физиологиялық процеспен жауап береді деп санады. Осы процес көмегімен ағза өзіндік қорғануды тұрақтатады, жаңа жағдайларға бейімделеді. Бұның негізінде горманалды реакция жатады: қанда белгілі бір заңдылықпен гипофиз гормонын ерекшелеу. Гормондардың әсерінен иммунитет күшейе түседі.

Стресс мәселелері ХХ ғасырдың екінші жартысында қарқынды өңделе бастады. Қазіргі таңда физиологиялық және психологиялық стрестер ажыратылып көрсетіледі. Ағзаның мүшесіне негативті әсер болған жағдайда оны физиологиялық стресс деп айтамыз. Оның ерекшелігі ауыру болып табылады. Аурудың субъективті сезімі орталық нерв жүйесінің стресс түріндегі негізгі формасы. Физиологиялық стресті медицинада ерекше оқытылады. Ол Сельенің ғылыми мектебінде негізгі пән болған және пән болып қала береді. Психологиялық стресс сезім мен эмоцияның оң және теріс облыстарына жатқызуға болатын стрестің әр түрлі күйі.

Психологиялық стрестің түрлері мен формаларының көрінісі өте көп, олар адамның жеке сапасы мен оның өткен тәжірибесімен тәрбие мен білімінің ерекшелігімен байланысты. Мұны стресс күйін зерттеудің ең ауқымды және қиын облысы деп айтуға болады. Осы уақытқа дейін психологиялық стресс деген жалпы түсінік жоқ. Әдетте оны адамда эмоцияның, мотивацияның қысымның әсерінен пайда болатын психикалық қарбаластықпен, басқаша айтқанда шамадан тыс ойлаумен, тез шешім іздеумен, келеңсіздікпен, сәтсіздікпен, қауіп-қатермен атқарып жатқан жұмысқа жауапкершіліктің артуымен байланыстырады.

А. Эллис денсаулық психологиясының көрсеткіштерін төмендегідей бөліп қарастырды:

1. Өз-өзіне қызығушылық (адамның эмоционалдық және сезімталдық көрнісі);
2. Жалпы қызығушылық (адамдардың өмірде өзін жайлы, бақытты сезіну);
3. Өзін-өзі басқару (өзін-өзін бақылау);
4. Икемділік;
5. Шығармашылыққа жоспарға бағдар;
6. «Ғылыми» ойлау;
7. Өзін-өзі қабылдау;
8. Тәуекелділік;
9. Өзара қатынас – деп қарастырған болған болатын.

Реттеудің бұл деңгейі физиологиялық жүйенің энергетикалық мобилділіктің психикасының оптималды қызмет етуін жүзеге асыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесі – ерік-жігері мықты, тәртіпті, батыл және белсенді, өз Отанның қорғауға лайықты жас ұрпақты ойдағыдай әзірлеуде аса маңызды әлеуметтік міндеттерді атқарады. Дене тәрбиесі жастарда ақыл-ой және еңбек әрекетінде нәтижелі жұмыс істей алатын сапа қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Дене тәрбиесі:

- Денсаулықты нығайту, ағзасын шынықтыру және дененің дұрыс қалыптасып дамуын, мүсіннің сымбатты болуын қамтамасыз ету;
- Ақыл-ой және дене күштерін жұмыс істеу қабілеттерін көтеру;
- Дененің негізгі қимыл қозғалыс сапаларын (күштілік, ептілік, шыдамдылық, шапшаңдылық) қалыптастыру;
- Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;
- Дене шынықтыру және спорт саласында арнаулы білімдер беру;
- Адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу (батылдығы, өжеттігі, қайсалығы, табандылығы, тәртіптілігі, жауапгершілігі, ұжымшылдығы т.с.с.);
- Дене және спорт ойындарымен үнемі және жүйелі айналысуға қажеттілігін тәрбиелеу;
- Дененің әр қашан сау болуына, сергектікке, өзіне және айналасындағы адамдарға әрқашан қуаныш әкелуге ұмтылысын тәрбиелеу т.с.с.;

- Ұлттық ойындар игеру және олардың пайда болу және даму тарихымен танысу, әдіс-тәсілдерін білу.

Психиканың жұмыс режимі сол сәтте шешілетін тапсырманың режимімен және оның тиісті энергиямен анықталады. жүйке энергиясын нәтижесінде туындайтын артық шамадан тыс психикалық белсенділігі байқалған кезде сөзінде, мотор ішкі ағзалардың физиологиялық жүйесінде жауап беру арқылы разрядталады. Психикалық қызметінің болмауы ұйқылы-ояу күйінде деңгейін арттыру, ми шығарылатын жүйке импульсінің үлкен санын өндіруге қаңқалық бұлшық жергілікті немесе жалпы стресс тудыратын ми тетіктерін, енгізу жүреді. Осы орайда адам дене тәрбиесімен айналысқаны жөн.

**Әдебиеттер:**

1. Рейнвальд А.С. Психологическая саморегуляция. М.,1989.
2. Селье Г.Стресс без дистресса. М.:Прогресс, 1979.

*Махашова П.М., Әбдеш Н.Б.*

*(Тараз қ., Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті)*

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер қарастырылған. Болашағымыз жастардың қолында екенін және жастарды жаңартылған білім мазмұны арқылы оқыту әрине мұғалімдер екенін атап өтті [1].

«Заманауи әлемде адал еңбекті терең біліммен ұштастырған адам ғана табысқа жетеді» - деп Н.Ә.Назарбаев бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу еліміздің білім беру жүйесіне тың өзгерістер енгізуді көздеп отыр. Сондықтан бәсекелестікке қабілетті мамандар дайындауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне енуі еліміздің білім беру жүйесін жетілдірудің жаңа бағдары инновациялық білім беру субъектілерін даярлауды талап етеді.

Қазіргі таңда әлемде жүйелі түрде болып жатқан сан алуан өзгерістер тұрақты үрдіс-әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірге ақпараттық-коммуникациялық өнімдер мен қызметтердің рөлі артып келеді. Студенттердің өзіндік дамуы мен қалыптасуының субъектісі ретінде инновациялық білім беру ортасында педагогикалық креативтігін қалыптастыру заман талабы. Өйткені, заманауи білім беру үдерісі студенттерге білім берудің әр кезеңінде жанашылдық идеялар ұсынудағы жаңа тұғырлар немесе туындылар, ақыл-ой әрекеттерінің дәстүрлі жүйелермен сабақтастықта және түрлі іс-әрекетте педагогикалық креативтікті қалыптастырады [2].

Демек, ЖОО-ны студенттерінің білім сапасын жан-жақты дамытып, креативті ойлау дәрежесіне аса мән берілу қажет, себебі креативті ойлау ғылымның қандай сферасында болмасын ақыл-ой еңбегінің үлесі мен шығармашылық шешімдердің өсуіне, маңызды өзіндік таңдауда, жанашылдық ашуда, шынайы және стандартқа сай келмейтін мәселелік міндеттерді шешуде зор ықпалын тигізбек. Оған дәлел креативтілік және креативті ойды дамыту жөнінде көптеген ғалымдар зерттеу жасап, тұжырымдамалар келтірді. Мысалы, әдіснамалық негізіне шетел ғалымдары Е.Р.Торренс, Ф.Баррон, Д.Векслер, М.Вертгеймер, Дж. Гильфорд, С.Медник т.б. сияқты ұлы тұлғалар зерттеп өз тұжырымдарын ғылымға енгізіп, соның ішінде ғалым Д.Б. Богоявленскаяның тұжырымы қоғамдағы ғылым мен техникаларды жаңаша жасау креативтілікке алып келеді десе, ресейлік ғалым Т.Н.Галич инновациялық оқыту жағдайында креативтілікті дамытуға болады деген. Д.Б.Богоявленская, А.В.Брушлинский, А.Я.Пономарев, т.б. ғалымдар еңбектерінде креативтік қабілеттердің дамуы, тұлғаның интеллектуалдық әрекеті аясында қарастырылады. Олар креативтіктің заңдылықтары, шарттары, даму барысы жайлы мәселе көтеріп, бұл сапаның құрылысы креативтілік қабілеттердің процессуалдық сипаттамаларынан тнзілетіндігіне тоқталады. Қазіргі кезде біздің республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясымен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр:

- білім берудің парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас өзгеше менталитет пайда болуда;

- білім мазмұны жаңа үдерістік біліктермен ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы инновациялылық және нарықтық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде;

- ақпараттық дәстүрлі әдістері – ауызша және жазбаша, телефон және радио байланыс – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;

- тұлғаны тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;
- университеттегі инновациялық білім ортасының ұрпақ тәрбиесіндегі бірлігіне ұмтылыс жасалуда;
- қоғамдық біліммен бара-бар педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның рөліне мән берілуде.

«Креативтілік» ұғымы жаңа гуманистік психология бағытында жаңа мәнге ие болды деуге болады. Креативтік ғылымдарға әр тұлға мен жалпы адамзаттық ізгілікті даму факторы тұрғысынан да маңызды. Креативтіктің ғылыми «көпқырлылығы» оны кең мағынада өз бетіндік феномен, тар мағынада шығармашылыққа қабілеттілік деп қарастыруда негіз болады. Креативтілікті қалыптастырудың негізгі амалдарының бірі эвристикалық әдістерді қолдану болып табылады. Оларды қолдану нәтижесінде студенттер келесі білім беру өнімдерін алады: Эвристикалық әдістер студенттердің іс-әрекеттерін өзектендіріп, оқыту үдерістерінде оларға өзіндік және шығармашылық ойлау қабілеттерінің дамытып, оқытудың белсенді және интербелссенді әдістерін қалыптастырады. Оқыту үдерісі оқу тапсырмаларының шешімін іздестіруге мүмкіндік беретін, арнайы қабілеттер мен дағдыларды орындауды студенттерден талап ететін, күрделі ұйымдастырушылық іс-әрекет болып табылады. Мұнда оқу материалының қаншалықты игерілуі емес, білім беру субъектісінің жаңалануы маңызды. Педагогтердің креативтілігінің психологиялық- педагогикалық негіздерін қалыптастыру моделі ұсынылады. Модель үш блоктан тұрады. Бірінші блок – университеттің инновациялық білім беру ортасында студенттердің креативтігін қалыптастыру жағдайында педагогикалық іс-әрекетке деген креативтік бейімділігі. Екінші блок – университеттің оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануға маманның дайындығы. Үшінші блок – университеттің инновациялық білім беру ортасында технологияларды қолдана отырып, студенттердің педагогикалық қарым-қатынасқа енуі. Креативтікті зерттеуде өткізілген талдау жалпы заңдылықтар мен кәсіптік андрагогикада өткізу ерекшеліктерін табуға мүмкіндік береді. Креативті тұлғаның жеке интеллектуалдық-эвристикалық сапасы ретінде рационалистік түсінуден ерекшелігі креативтікті жүйелі, бағалы тұлғалық, көп деңгейлі білім беруден бастау алады.

Оқытудың эвристикалық әдістері ең алдымен, студенттердің тұлғалық қасиеттерін өзгертуге бейімделеді. Мысалы, А.В. Хуторскойдың айтуынша, «студенттің өзін шығармашылық қасиеттерінен көрсетуі эвристикалық оқытудың тапсырмасы ретінде, өзара байланысты мақсаттары мына төмендегідей;

- студенттің меңгеретін білім алу жүйесіндегі өнімін жасауы;
- осы салалардың басты мазмұнын өз нәтижелерімен сәйкестендіру арқылы игеруі;
- әр білім беру салаларында жеке білім беру траекториясын ретке келтіруі».

Оқу-креативтілік және ғылыми ізденістер жүйесі студенттердің көзқарасын кеңейтуде интеллектін көтеруде, болашақ маманның әлеуметтік-психологиялық мінезіндегі жеке қасиеттерінің дамуына елеулі әсер етеді. Демек, студенттердің креативтілік белсенділігі – олардың жеке дамуын қамтамасыз етеді, өзіндік шығармашылық ой-өрісін кеңейте білуімен сипатталады.

Креативтілікке берілген анықтамаларға талдау жасай келе Р. Холлменн креативтілік жаңа тәсілмен жүзеге асқан қабылдау ағымы, жаңа байланыстар табу қабілеттілігі, жаңа қарым-қатынастың пайда болуы, жаңа шығармашылық негізі пайда болуы, жаңалықты жасау, тануға ұмтылу, жаңаны дүниеге әкелетін ақыл-ой әрекеті, жаңа ұйымдастыруға тәжірибені трансформациялау. Креативтілік тұжырымдамасы әмбебап шығармашылық таным процесі ретінде Дж. Гильфорд еңбегінен кейін кеңінен тарала бастады. Креативтілік адам өмірінің барлық салаларының (тануда, ойлауда, қарым-қатынаста, кәсіби қызметінде, өзін-өзі кемелдендіруде және т.б.) инновациялық түрлендіруінде байқалады, келесі деңгейлерде: тұлға (потенциал) - үрдіс - нәтиже.

Креативтік дербестік, өзіндік жұмыс істеу шеберлігі мен дағдылығы өзінен өзі пайда болмайды, ол мақсатта оқу қызметінің нәтижесі және өз кезегінде шығармашылық, сипаттағы әр түрлі тапсырмаларды орындау үрдісіне қалыптастырады.

Креативтілікті қалыптастыру маңызды үрдістердің бірі екендігін ескере отырып ғалымдар, оны жүзеге асыру бағытында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Оқудағы дербестілі оқып- үйренетін тақырыпқа, пайда болған мәселеге міндетке тұрақты ынталық пайда болуымен, назар мен ой-сана әрекетінің бағыттылығымен (талдау мен жинақтау, салыстыру мен салмақтау т.б. оқып жатқан материалды ақпараттық жүйелер арқылы түсінуімен қатар студенттердің зерттеушілік шығармашылығы қалыптасады [3].

А.Маслоу жазуы бойынша, «шығармашылықтың дамуы адамдарды шығармашылық мамандықтарға дайындау барысында ғана немесе өнер туындыларын жасауда емес, сонымен қатар

жақсы адамды қалыптастыруда маңызды». Осылайша, «креативтілік» түсінігін айқындау амалдары алуан түрлі. Шығармашылық қабілеттерінің жіктелуі әр түрлі және көп (психологияда бұл термин «креативтілік» терминінің баламасы орнына жиі қолданылады). Заманауи ақпаратты құрылымдық қайта өңдеу үрдісі және инновациялық, субъективті және объективті маңызды нәтижелерді құру арқылы, біз креативтілікті шығармашылықтың субъективті анықтаушысы, жүйелі (көп өлшемді, көп деңгейлі) психикалық білімі екенін анықтаймыз. Қазіргі психологияда, интеллект пен шығармашылық қабілеттер дамуының деңгейін зерттеу ойы Я.А. Пономаревқа тиесілі. Шығармашылық өнім, Я.А. Пономаревқа сәйкес, уәждің нәтижесі. Шығармашылық үрдіс, шешім қабылдаудың білінетін және уәждік құрамдастарының ауыр қатынасы жолымен жүзеге асады [4].

Дж. Гилфорд анықтаған креативтілік дамуының 6 көрсеткішін ұстанады;

- мәселені анықтау мен оны шешу мүмкіндігі;
- «ойлау тездігі» (бірлік уақыт ішінде пайда болатын ойлар саны);
- ерекшелік (ортақ қабылданған көзқарастардан айырмашылығы бар, ойларды тудыру қабілеті);
- икемділігі - әр түрлі ойларды өндіру қабілеті;
- мәліметтерді қоса отырып, объекті жетілдіру қабілеті;
- мәселелерді шешу қабілеті, яғни, саралау мен синтез қабілеті.

Жоғары оқу орындарында педагогикалық креативтік қалыптасады, өйткені тұлға күрделі құрылымдық, көпдеңгейлі, ашық, белсенді болғандықтан оның көптеген бағытта өзгеру мен даму мүмкіндіктері болады. Бұл бағыттар қандай да бір мәселеден бастау алады. Жоғары оқу орындарының инновациялық білім беру ортасында білім алу кезеңі қабылданатын әсер бағыттарды белгілі бір тұсқа, нысанға көздейді. Креативтік компонент икемделу, өзгеру, қайта өзгеру, бар тәжірибені қайта жаңарту, оны педагогикалық жағдайларға ыңғайластыруды қамтамасыз етеді. Технологиялық (іс-қимылдық) компонент инновациялық іс-әрекеттің жүзеге асуымен байланысты, яғни жаңалықты педагогикалық үрдіске енгізу және оның жүру барысын, іске асуын бақылау деген сөз. Жаһандану үрдісінің өмірімізге күннен- күнге тереңдей еніп, жаңалықтарға толы болуы заман талабы болып отыр [4]. Жоғары оқу орындарын бітірген жас түлектің кәсіби құзыреттерін жан-жақты игеруі арқасында алған білімін қайнаған өмірде іске асыра алуы жоғары білім жүйесін модернизациялауға негізделіп отыр. Инновациялық білім беру ортасында студенттердің педагогикалық креативтіктерін қалыптастыру бұрын да білім берудің мақсатты бағыты ретінде бөліп көрсетілген болатын. Бірақ мұндай мақсат білім беру жүйесі аталған мақсатты қай бағытта, қалай жүзеге асыру болатынын білмегендіктен қол жеткізбеді. Бүгінгі таңда өткеннің қателігін біліп қана қою аз. Қандай бағытта жүру керектігін түсіну мен саналы аңғару маңызды. Өйткені білім беруді жүзеге асыру ұстанымы төмендегідей инновациялық педагогикалық креативті жолмен жүзеге асырылады, атап айтсақ;

- педагогикалық креативтікке дайындық;
- кең мағынада техноаумақ элементтерін жобалаудан әрекетті жобалауға көшу;
- шешімдердің көп өлшемділігі, басқаша ойлауға, шыдамдылыққа, яғни толеранттылық пен өз әрекетіне адамгершілік жауапкершілікке негізделген дүниетанымды қалыптастыру;
- жалпыланған білім жүйесін қалыптастыру мақсатымен пәнаралық байланысты жүзеге асыру;

Креативтік адамның рухани және тұлғаның шығармашылық өзіндік даму шартының ажырамас бөлігі болатын бағалы, тұлғалық саналы категориясы. Сондықтан, жаңа заман талабына сай білім беру бүгінгі таңда өзекті мәселе, шығармашылық қабілеті мол, жан-жақты дамыған адамзат тәрбиелеуде инновациялық цувкцивчтехнологиялар ауадай қажет [5]. Алға қойған мақсаттарға жету механизмі Болондық процестің өлшемдерін орындау болып табылады. Қорыта келе, жоғары педагогикалық оқу орындарында инновациялық білім мен заманауи технологияны меңгерген, ақпараттық-коммуникативтік құзіреттілігі қалыптасқан, кәсіби-педагогикалық біліктілік деңгейі, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, креативті, рухани тұрғыдан дамыған, білім беру саласындағы инновациялық процестерді жүзеге асыру заман талабы.

#### Әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы 10 қаңтар, 2018.
2. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығымен бекітілген.
3. Щербакова Е.Е. Формирование педагогической креативности студентов вуза в условиях профессиональной подготовки. дис. ... доктора пед. наук. – Нижний Новгород, 2000. – 223
4. Щербакова Е.Е. Креативные технологии: учебное пособие. – Нижний Новгород: ГХИ НИГАСУ, 2003. – 38
5. Креативная педагогика. Методология, теория, практика. / Под ред. В.В. Попов, Ю.Г. Круглов. - 3-е изд., испр. и доп. (эл.). - М.: Лаборатория знаний, 2012. - 323 б.

## **АНДРОГОГИКАЛЫҚ БІЛІМДІ ДАМУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында заманауи постиндустриалды қоғамда технологиялардың қарқынды дамуы, ғаламдық нарықтың, мемлекетаралық экономикалық қарым-қатынастардың жаңа формаларының қалыптасуы зияткерлік және ақпараттық әлеуеттің бірігуіне негізделген экономикалық интеграцияға одан әрі серпін береді. Капитал нарығының қалыптасуы экономиканың реалды секторында инвестициялық іс-әрекетті қаржыландыру ретіндегі жаңа мүмкіндіктерге едәуір әсер ететіндіктен, еңбек нарығындағы заманауи талаптарға бейімделу мен экономикалық дамудың әрекеттік ресурсы қатарында білім айрықша орын алады және қоғамдық сананың өзгертудің қозғаушы күші болып саналады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың болашақ бағдарын белгілеген тарихи бағдарламалық мақаласында «қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы» [1,2 б.] деген ой-тұжырымының андрагогикалық бағыттылығы айқын көрінеді, өйткені ересектердің бәсекеге негізделген нарықта өз өнімдерін жаңа технологияларды қолдану арқылы сапалы әзірлеуі, сыртқы және ішкі нарықтың талаптарын білуі, кәсіпкерліктің негіздерін меңгеруі олардың тұлғалық, әлеуметтік, кәсіби тәжірибелерін жаңғыртып, өмір сүру сапасын арттырады және қоғамдық сананы өзгертуге түбегейлі ықпал етеді.

Әлемдік статистикалық деректер бойынша, жер бетіндегі ересек адамдардың 800 миллионнан астамы сауатсыз болып отыр, олардың 70 пайызы Оңтүстік Африка, Шығыс және Оңтүстік Азияда орналасқан оншақты елде (Үндістан, Қытай, Пәкістан) өмір сүруде. Сауатсыз ересек адамдардың үштен екі бөлігін әйелдер құрайды. Дегенмен әлемдегі көптеген елдер бастауыш және орта білім беру деңгейлерінде гендерлік теңдікке айтарлықтай деңгейде қол жеткізді [2,8 б.].

Дүниежүзілік дамудың қазіргі тенденциялары қатарында білім жүйесіндегі өзгерулерді анықтайтын келесі ерекшеліктерді атап өтуге әбден болады:

- қоғамның жедел қарқынды дамуы адамдардың жылдам өзгермелі жағдайларда өмірге даяр болуға деген қажеттілікті туындатып отыр;
- постиндустриалды, ақпараттық қоғамға өтудің өзара мәдени әрекеттестік аясын кеңейтуге ықпалы және халықаралық экономикалық байланыс құруға бейімділік пен төзімділік факторларының маңыздылығын ұғынуға деген терең ұмтылыстың пайда болуы;
- заман талаптарынан туындайтын жаңа кәсіптерді атқаруға деген сұраныстың басым бағыты; жаңа қоғамдық сананың қалыптасуын қажетсінетін ғаламдық мәселелердің өмірге келуі мен олардың өсуі саяси және әлеуметтік таңдау мүмкіндіктерінің өрісін аша түседі;
- экономиканың дамуы, бәсекенің күшеюі, мамандықты керек етпейтін және біліктілікті онша қажет етпейтін еңбек шеңберінің қысқаруы, кәсіптік біліктілікті және жұмыскерлерді қайта даярлауға деген қажеттілікті анықтайтын жұмыспен қамтылу саласындағы өзгерулер мен кәсіби ұтқырлықтың өсуі ересек адамдарды оза отырып оқытумен байланысты адами капиталдың маңызын әлеуметтік болмыс сахнасына ұсынуы.

Өткен ғасырдың екінші жартысында H.S.Bhola ересек адамдар білімі туралы тұжырымдамалар мен анықтамаларға, ересектер білімінің философиясы мен идеологиясына, кәсіптендіруге бағытталған ересек білімі теориясының тарихына, ересектерге білім беру саясаты, оны жоспарлау мәселелеріне назар аудара отырып, жергілікті деңгейден ғаламдық деңгейге дейін ересектер білімін ұйымдастырудағы институционалды инновацияларды, ересек адамдарды оқытудың мазмұнын, ересек адамдарға арналған әлеуметтік мобилизациялау мен әлеуметтік маркетинг, сонымен қатар ересектерді оқытудағы бұқаралық ақпарат құралдары мен материалдарды сипаттайды [3, 9 б.]. Виртуалды білімнің дамуы туралы ғылыми ізденістер қатарында «Канададағы виртуалды институттардың дамуы» (Глен М. Фаррелл); «Құрама Штаттардағы қашықтан және виртуалды оқыту» (Peter J. Ditt) және т.б зерттеулерді атауға болады [4, 23 б.].

Шетелдік ғалымдар Edwards R., Raggatt P., Small N. «The 'learning society' is not a new idea, although its popularity has grown in recent years with the suggestion that lifelong learning is a condition for economic competitiveness in a global economy, replacing the earlier conception of it as a condition for democratic citizenship» [5, 11 б.] деген тұжырым ұсынады. Олардың пікірінше, «оқу қоғамы» деген идея жаңалық



емес, дегенмен соңғы жылдары үздіксіз білім беру демократиялық азаматтықтың шарты ретіндегі тұжырымдаманың орнына үздіксіз білім жаһандық экономикадағы экономикалық бәсекеге қабілеттіліктің шарты деген тұжырамдаманың келу негізінде көпшілікке түсінікті бола бастады». Демек, елдің экономикалық және зияткерлік әлеуеті үздіксіз білім беру деңгейімен анықталатынын тағы да негіздегені байқалады.

Француз ғалымы П.Аренц үздіксіз білімнің басты міндеттерін (мәдениетті тарату; ересектерді қоғамдық дамудың өзгермелі жағдайына даярлау; барлық адамға қосымша жалпы білім беру; кәсіптік даярлық; білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде біліктілікті арттыру) белгілесе, Marienau C., Reed S. C. ересек адамдарға арналған үздіксіз білім берудің жаңа бағыттарын айқындауда оқытушының дизайнер ретіндегі қызметін сипаттады [6, 62 б.].

XXI ғасырдың басында андрагогикалық білімді жаңғыртудың заманауи үрдістері оның нормативтік-құқықтық базасының болуымен, ересектерге білім беру саласындағы іргелі зерттеулердің (адам және әлем төңірегінде топтасқан барлық әдіснамалық тұғырлар негізінде, атап айтқанда онтомәдени тұғырдан жүйелі-синергетикалық, антропосоциеталді тұғырға дейін аралықта) дамуымен байланысты қарастырылды [7, 9 б.].

Зерттеушілер G.A.Koulaouzides, K Popović «Adult education should empower, emancipate, and critically reflect social practices and ideologies, if we believe that the concern for the future development is real» [8, 3 б.] деп, ересектерді оқыту олардың мүмкіндіктерін кеңейтуі және әлеуметтік тәжірибе мен идеологияны көрсетуі керек деп санайды. Олар ересек адамдар білімін дамытудың қазіргі саясаты неолибералды экономикалық парадигманың басымдығын бастан кешіріп отырғанын және әлемдегі көптеген елдерде ересектерге білім берудің әлеуметтік қозғалыс ретінде қалыптасқанын айта келе, Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы ересектерді оқытудың жеке тұлғалық трансформация және әлеуметтік өзгерумен байланысты маңызды үдеріс деп қарастыруының өзіндік сипатын білдіреді.

Ересек адамның білімге деген қарым-қатынасын қамтамасыз ету қажеттілігі бүгінгі күннің кезек күттірмейтін талабы болғандықтан, андрагогикалық білімге деген практикалық қарым-қатынасты қамтамасыз ету принципі оқу іс-әрекетінің мақсатына немесе бағыттылығына емес, өндірістегі және әлеуметтік жүйедегі оның алдында туындаған өзекті мәселелер мен міндеттерді шешу құралы ретінде қарым-қатынасты және инновациялық білімді игеруді көрсетеді.

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында андрагогикалық білім берудің қандай мәселелері бар?», «Андрогогикалық білім берудің әдіснамасы, теориялары мен технологиялары қандай?», «Ересектердің қажеттіліктеріне бағдарланған білім қандай болуы керек?» деген сұрақтарға жауап іздеу қажеттілігінен туындайтын міндеттер экономикалық өсудің өзегі болып отырған білім жүйесін жаңғыртуды керек етеді.

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеяны жүзеге асыруда андрагогикалық білім кеңістігінде ересектерге IT-білім беру, олардың қаржылық сауаттылығы мен кәсіпкерлік құзыреттіліктерін қалыптастыру, ұлтжандылықты дамыту міндеттері адами капиталдың жаңа сапасын көтеруге мүмкіндік жасайды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. Ткач Г.Ф., Филиппов В.М., Чистохвалов В.Н. Тенденции развития и реформы образования в мире: Учеб. пособие – М.: РУДН, 2008. – 303 с.
3. Bholá H. S. World Trends and Issues in Adult Education. Educational Science Series?. – Taylor and Francis, 1900 Frost Road, Suite 101, Bristol, PA 19007, 1989.
4. Farrell G. M. The Development of Virtual Education: A Global Perspective. A Study of Current Trends in the Virtual Delivery of Education. – Open Learning Agency, Attn. COL Customer Service, 4355 Mathissi Place, Burnaby, British Columbia, Canada V5G 4S8; Web site: <http://www.col.org/virtualed/>, 1999.
5. Edwards R., Raggatt P., Small N. (ed.). The learning society: challenges and trends. – Routledge, 2013.
6. Marienau C., Reed S. C. Educator as designer: Balancing multiple teaching perspectives in the design of community based learning for adults //New directions for adult and continuing education. – 2008. – Т. 2008. – №. 118. – С. 61-74.
7. Подобед В. И., Горшкова В. В. Ведущие тенденции развития образования взрослых в России и странах СНГ //Человек и образование. – 2006. – №. 7. –С.8-12.
8. Koulaouzides G. A., Popović K. (ed.). Adult Education and Lifelong Learning in Southeastern Europe. – Springer, 2017.

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ЖАСАУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Қазіргі білім беру жүйесі оқушыға тек қана білім, білік дағдыларын ғана қалыптастырып қана қоймай, олардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық қабілетін дамыту. Қазақстанда білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталуда. Өйткені білім беру парадигмасы өзгерді, жаңаша көз-қарас білім беру саласының мазмұны жаңарып, жаңаша өзгерістер пайда болды. Сондықтан, мектеп тәжірибесінде сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрлерін негізге ала отырып, басқа да оқытудың сапасын арттыру мақсатында қосымша тиімді әдіс-тәсілдер пайда болуда. Ол, әрине қоғамның өзгеруі мен жетілдіруі жағдайында білім беру жүйесін жаңартумен тығыз байланыста жүзеге асуда.

Мектеп жағдайында оқушылардың білім сапасы арттыру мен шығармашылық қабілетін дамытудың тиімді жолдар тәрбиелік іс-шаралар, үйірмелер, клубтар, факультативтік сабақтар мен өзіндік жұмыстар. Менің кәсіби мақсатым оқушылардың өзіндік жұмыс жасау дағдысын жобалар арқылы арттыру.

**Өзіндік жұмыс** - оқушылардың сабақ үстінде алған білімдерін мұғалімнің бағыттауымен, бірақ оның өз бетінше орындайтын жоспарлы жұмысы.

Өзіндік жұмыс туралы анықтамалардың әртүрлігіне қарамастан, оларды бірнеше шағын топқа бөлуімізге болады. И.Т.Протасовтың ойынша, өзіндік жұмыс біліктілік пен іскерлік жиынтығы болып табылады. Сол сияқты, Г.Н.Кулагинаның пікірінше өзіндік жұмыс оқушылардың жетекші іс-әрекет құралы, сабаққа деген белсенділігі мен өз бетімен қосымша білім алуға дайындығы.

С.Қ. Бердібаева: - Ғылым мен өмірде кімді тұлға деп атаймыз? – деген сұрақ арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы мен қалыптасуына мынадай сипаттама жасады: «Өмірде әдетте тұлғаны өз істері бойынша басқа адамдардан айырмашылығы бар адамды айтады. Мұндай адам ақылды, өзбеттілі шешімдерді қабылдау алады, сол жолда кездескен қиындықтарды жеңеді. Мұндай адамдар психологиялық тұрғыдан бір-біріне ұқсамайды және өте айқын көрінетін индивидуалдылығы болады».

Егер баланың сабаққа деген өзінің белсенділігі болмаса, онда ешқандай білім, іскерлік, дағдылар саналы орындалмайды. Оқушының өзінің психикалық белсенділігі болмау фактісін педагог – психологтар өз тәжірибесінен жақсы біледі, мұны жалқаулық, қабілетсіздік, көңіл қоймау деп атайды. Бірақ барлық жағдайда оны баладан көруге болмайды. Себебі оның психикасының, ойлауының, ынта – жігері мен қабілетінің жалпы айтқанда ақыл – ойының дамуына, оның белсенді жолдарын ашуына қоршаған орта үлкен ықпал етеді.

Өзіндік жұмыстар әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы ұйымдастырылады және ұйымдастыру формалары да сан-алуан. Олар: реферат, эссе, презентация, тапсырмалар, жаттығулар, кітаппен жұмыс, бақылау, есеп шығару, эксперимент жүргізу, жобалар жасау, тәжірибе көрсету және т.б. Өзіндік жұмыстар екіге бөлінеді: сыныпта орындалатын өзіндік жұмыстар және үйде орындалатын өзіндік жұмыстар. Сыныпта орындалатын өзіндік жұмыстар берілген білімді тексеру мен бақылау болса, ал үйге берілетін өзіндік жұмыстар алған білімді бекіту, есте сақтау, қорыту, нақтылап дәлелдеу болып табылады. Олай болса, жоспарлы түрде ұйымдастырылған өзіндік жұмыстар оқушылардың жеке тұлға ретінде еркін дамуын, сабақтағы қиындықтарын анықтау мен оны жеңуге ықпал етеді, танымдық белсенділігін және шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Ең маңыздысы, коммуникативтік құзіреттілікті дамытады, мінез-құлқындағы өзіндік менін қалыптастырады және өз бетінше іздену шеберлігін үйретеді.

Өзіндік жұмыстардың түрлері мен формалары:

- реферат – әдебиеттерге сүйеніп шолу жасай отырып, мәселені жазбаша мазмұндау немесе кітаптің мазмұнын талдай отырып баяндау, сипаттау;

- эссе – сын, публицистика және сол сияқты т.б. жанрадағы өзекті мәселе бойынша өзінің жеке көзқарасының жазбаша түрдегі мазмұндамасы;

- презентация – белгіленген мәселе бойынша негізгі қағидаларды слайд, бейнеролик, жоба және т.б материалдарды көрсету арқылы ауызша баяндама;

- жағдаяттық тапсырма – әртүрлі жағдайлардың сипаттамасы мен оларға байланысты тапсырмалар тізімдемесі;

- іскерлік ойындар – оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға байланысты дағдыларды қалыптастыруға бағытталған және алдын-ала дайындық пен өз бетінше аяқтауды талап ететін кез-келген процестің имитациясы;

- топтық жоба – 3-5 оқушыдан тұратын топтың жоба жасауына арналған тапсырма;
- жеке жоба – кез келген оқушы үшін өзекті және қызықты тақырып бойынша зерттеу жобасын әзірлеуге арналған тапсырма;
- глоссарий (термин сөздер) – берілген тақырып бойынша терминдер мен түсініктердің қысқаша анықтамасы;

Өзіндік жұмыстың түрлері мен формалары пәннің ерекшелігіне, мақсат- міндеттеріне, күрделілігі мен өзектілігіне, пәннің еңбек сыйымдылығына қарай анықталады.

Өзіндік жұмыстар оқушының дүниетанымына, ізденімпаздық қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, өздігінен ой қорытып, шешім шығару, сөйлеу мәдениетін, сауатты жазуын, тіл байлығын арттырудың тиімді құралы болып табылады. Мәселен, кейбір тәжірибелер көрсеткендей, қарапайым тапсырмаларды кез-келген адам орындай алады, мейлі бірінші реттен болсын, мейлі он бесінші реттен болсын. Ал, қиын тапсырмаларды шеші үшін мыңдаған нұсқалар болуы мүмкін. Сондықтан, өте қиын мәселелер ғана оңай шешілуі мүмкін. Тәжірибе жасау және қателесу, қиын мәселерді шешуде өте тиімсіз боуымен қатар, кейбір мәселелердің ондаған, тіпті жүздеген жылдар бойы шешімін таппай жатуына ықпал етеді. Бұл оқушылардың танымдық қызығушылығы мен ізденімпаздық қабілетін дамытуға ықпал ететін факторлар болып табылады.

Қазіргі таңда өзіндік жұмыс ретінде оқушыларға арнайы тақырып бойынша зерттеу жүргізу, жоба жасау тапсырмасы беріледі. Жоба жұмысының тиімділігі:

- зерттелетін тақырыптың, қарастырылатын мәселенің төңірегінде білімді тереңдетуге;
- оқушылардың өз пікірін еркін айтып, оны дәлелдей алуға, ізденушілік қабілетінің дамуына ықпал етеді;
- оқушылардың болашақ мамандығына бағдарлануына, тәжірибе арқылы теориялық білімін қолдануға мүмкіндік жасайды.

Оқушыларға берілетін өзіндік жұмыс тапсырмалары мен сұрақтары да сан алуан. Мәселен, тіл білімдерінде - мәтін құрастыру, эссе, әңгіме жазу, сурет бойынша мәтін құрастыру, рөлдік және іскерлік ойындар ұйымдастыру; математикада - түрлі кестелерді толтыру, тірек-сызбалар құрастыру, сөзжұмбақтар құрастыру, логикалық сұрақтарды шешу және т.б.

Жалпы өзіндік жұмысты ұйымдастырудың тиімді жолы – оқушыларға шама-шарқы бойынша орындауға мүмкіндігі болатындай және танымын арттыратындай, өзіндік көзқарасын білдіріп, шығармашылықпен орындай алатын, пәнге деген қызығушылығын оятатын тапсырмалар беру.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың басқа жолдары оқушылардың сыныптық-сабаққа қызығушылығын арттыру мен танымдық әрекетін дамыту, толықтыру және өзіндік шығармашылық белсенділіктерін, қабілеттерін дамыту мақсатында қосымша түрлері қолданылады. Олардың қатарына семинар, экскурсия, факультативтік, қосымша, конференция сабақтары, үйдегі оқу жұмысы, тәжірибелік - зертханалық және пәндік үйірме жұмыстары, олимпиада, сынақ және емтихан, өзіндік жұмыс түрлерін жатқызуға болады. Бұлар өзіндік жұмыс өз бетінше іс-әрекет арқылы іске асады.

Танымдық қажеттіліктер білім мен біліктер арқылы дамытуды қажет етеді. Сондықтан интеллектуалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін маңызды білімдерді игеру процесіне қатысты қажеттілік 2 түрге бөлінеді. Олар: жасалған дайын білімдерді іздеу қажеттілігі және жаңа білімдерді өндіру қажеттілігі. Олай болса, оқушының тапсырмаларды өз бетінше орындауы мен жаңа білімдерді жасап шығаруға бағыттылығы мен креативтілігі ойлауды зерттеу кезінде ерекше мәнге ие болады.

Кез келген өзіндік жұмысты оқушылардың сапалы орындауы үшін мұғалім тарапынан ұйымдастырылатын негізгі алғышарттары мынандай:

- тапсырманың мәні, мақсат-міндеті түсіндіріледі;
- оқушыға қалай орындауы керектігі туралы бағыт-бағдар беріледі;
- нақты нұсқаулар беріледі (ережелері, кесте т.б.);
- күрделі мәселелер туралы қосымша ақпарат беріледі;
- кейбір тапсырмалардың дайын үлгілермен таныстырады (зерттеу жұмыстары, жобы т.б.);
- талапқа сай орындалған жұмыстар үшін ынталандыру іс-шаралары ұйымдастырылады (сыйлық, алғыс т.б.)

Өзіндік жұмыстың нәтижесі оқушының өз бетімен жұмыс істей алу мүмкіндігін байқатады. Ал, мұғалім тарапынан өз деңгейінде дұрыс ұйымдастырылуына байланысты.

Оқушының өзіндік жұмысын қабылдау және бағалау кезінде мұғалім оған қойылатын талаптарды міндетті түрде ескертіп көрсету керек. Өзіндік жұмысты бағалау критерилері:

- тапсырманың түгел орындалуы,
- тақырыбы көрсетілген жұмыс мазмұнының толықтығы мен тереңдігі;
- әдебиеттерді қолдануы мен дерек көздерге шолу жасау дәрежесі;

- жұмысты орындаудағы д ынтасы мен белсенділігі;
- материалды нақтылығы мен сауаттылығы;
- жұмыстың қорытындысы;
- тапсырманы рәсімдеудегі техникалық талаптардың сақталуы;
- қорғау кезіндегі жауаптың толықтығы бағаланады;
- қосымша сұрақтарға берген жауабы мен өзінің жеке көзқарасы.

Сонымен, әрбір қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саналы дамуы сол қоғамдағы азаматтарының білімді, білікті, өз маманының шебері болуы тиіс. Барлық заттың бастамасы жақсы басталғаны дұрыс, ол оқушылардың алдағы болатын жұмысына, болашағына үлкен рөл атқарады. Әрбір жеке адамға тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті, білімі мен тәрбиесі бар екенін ескере отырып, танымдық белсенділігін арттыру – олардың жеке басылық қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға мүмкіндік жасау болып табылады.

Қорыта келгенде, өздік жұмысты ұйымдастыру мен білім алушыларды тапсырма орындауға үйрету негізінде әрбір оқушының өзіндік табиғатын қалыптастыру, жаңаты табу, білімділік деңгейін көтеру болып табылады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Абдраманова Г. Б., Примбетова А. И. Оқушылардың өзіндік жұмысы оқыту формасының тиімді әдісі ретінде // Молодой ученый. – 2015. – №8.2. – С. 12-13.
2. Бердібаева С.Қ. Тұлға психологиясы. – Алматы.: Алла прима ЖШС, 2008. - 155 б.
3. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2013. 125-126 б.

**Нақып Ш.Б., Төленді Ш.Ж.**

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,  
Педагогика және психология мамандығы студенттері  
Ғылыми жетекшісі: Курбаева Г.А.*

### **ЖЕТКІНШЕКТЕРДЕГІ ДЕВИАНТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қоғамдық жаңарту кезеңінде, Қазақстандағы әлеуметтік саяси, экономикалық қатынастардың сипатының өзгеруі өз кезегінде қоғамдық білім, тәрбие институттарының да жұмыс бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Бұл дегеніміз қоғамдағы мектеп, отбасы орны, оның басты міндеті – бала тәрбиесінде болған көзқарасты өзгертіп жаңа тұрғыдан тану мәселесін туындатты. Яғни, отбасы мен қоғамның басты мақсаты баланың психологиялық, физиологиялық денсаулығын қалыптастыру болу керек. Өйткені Қазақстанның болашағы келер ұрпақта болғандықтан жастардың психологиялық, физиологиялық денсаулығы халықтың өсімі мен сапасын анықтайды. Осы тұста келер ұрпақ тәрбиесінің салауаттылығын қамтамасыз ету ең алдымен отбасы, мектеп тәрбиесі жайында қолға алынуы тиіс.

Өкінішке орай, қазіргі таңда болып жатқан қылмыс, бұзақылық, ұрлық, зорлық - зомбылық, жеткіншектер арасындағы суицидтың көбеюі, үйден кету, қыздардың жеңіл жүрістері, бастауыш сыныптағы балалардан ақша алу тағы басқа болып жатқан қылмыс айыптыларының басым көпшілігі 11 - 18 жас аралығындағы жеткіншектер екенін көрсетіп отыр. Дәлірек тоқталсақ, 14 жастағылар - 11% , 15 жастағылар - 7%, 16 - 17 жас аралығындағылар - 42%, көбіне 14 жасар балалар қылмыстық істерді топтасып жасайды. Ал қыз балалар тарапынан жасалған жалпы қылмыстың 5% құрайды. Бұл дегеніміз, қазіргі нарықтық қоғамдағы адамдар арасында қарым-қатынас пен психологиялық қысым, әсіресе, жас буын психологиялық денсаулығының бұзылуына алып келуде [3.1].

Жеткіншек шақ – балалық шақтағы ең қиын және ең күрделі кезең. Бұл кезеңді өтпелі кезең деп те атайды. Себебі, бұл кезде жеткіншектер балалық шақтан ересек шаққа өтеді. Бұл кезде бала бойында көптеген өзгерістер болады. Ол анатомиялық, физиологиялық, интеллектуалдық, адамгершілік дамуында және оның әрекет түрлерінде өзгерістер болады

Өтпелі кезеңде балалар сабағы өзгереді, жақсы оқып жүрген балалар сабағы нашарлайды. Балаларда өзіндік «Мен» сезімі пайда болады. Олар тым еліктегіш болады. Жасөспірімдік шақта оларда өзін-өзі тануы күшті болады. Олардың өз көзқарастары мен пікірлері әрекеттері барысында айқын байқалады

Сонымен қатар, бұл жаста қырсықтық, өзбеттілік көрсетеді. Жеткіншек өмірде өз орнын тапқысы келіп, өмірді өзгерткісі келіп, көбіне дүниеге деген көзқарасы өзгереді. Жыныстық бағыттылығы

анықталады. Ол оқуды бітірумен, материалдық тәуелсіздіктен немесе кәмілет жасқа толумен байланысты.

Әлеуметтік ауытқуды С.А.Беличева «девиантты мінез-құлық» деп төмендегідей топтастырды:

- пайдақор бағытта: құқық бұзу, материалды, ақшалай, мүліктен пайда табу ( ұрлық, алдау, жымқыру, сату , т.б. );

- агрессивті бағытта: жеке бас дамуына кері бағытталған қимыл (бұзықтық, соққы, тіл тигізу, өлтіру, зорлау );

- әлеуметтік - енжар түрі: әлеуметтік және жеке мәселелерді шешуде (жұмыс, оқу, нашақорлық, ішімдік және суицид, белсенді өмір сүруден қашу, азаматтық жауапкершіліктен жалтару).

Ал Қазақстанда осы мәселелерді кейінгі жылдары ғана зерттей бастады. Девианттық социологияның дамуы мен институтциналдануына деген үлкен еңбекті академик В.Н. Кудрявцевке тиеселі [3;116].

Қазіргі отандық девианттық мінез-құлық социологиясында Д.К. Қазымбетованың анықтауынша, девианттық мінез-құлық дегеніміз – адамдардың өмір салтындағы жалпымен қабылданған нормалар мен моральға, құқықтық және басқа да әлеуметтік нормаларға сәйкес келмейтін, тұлғаға, әлеуметтік топтарға немесе қоғамға зиян тигізетін (немесе пайда әкелетін), қоғаммен қолдау табатын немесе тигізілген зияндары үшін әлеуметтік жауапкершіліктер тартатын іс-әрекеттер, қимылдарды жатқызамыз.

Ал деликвенттік мінез құлық дегеніміз – күрделі заң бұзушылықты аңғартады, олар қылмыстық жауапкершілік тартуға апарып соғады. Девианттық мінез-құлықтың деликвенттік мінез-құлықтан өзгешелігі, девианттық мінез-құлық деликвенттік мінез-құлыққа қарағанда кеңірек түсінік ретінде танылады. Девианттық мінез-құлық деликвенттік мінез құлықты өзінің бір бөлігі ретінде қарастырады. Девиация – нормалардың кез келген бұзушылықтарын айтамыз, ал деликвенттік – ол тек қана қылмыстық жауапкершіліктерді алып жүретін мінез-құлық актілеріне жатады.

Ауытқулардың осындай түрлерге бөлінетіндігінен қарап негізделген саясат құруға болады, ол практиканы профилактикаға бағыттап отырады және де барлық ауытқуларды жою емес тек қана негативті ауытқуларды жоюға көмектеседі. Девианттық мінез-құлық теориясының зерттеуіне Ш.К.Жаманбалаеваның диссертациясы көп үлесін қосты, ол мынадай тақырыпта: «Девианттық мінез-құлықтың әлеуметтік мәселелері» және оның монографиялары [4;319].

Бұл еңбектерде автор девианттық мінез-құлық дегеніміз – мінез-құлық актісі деп әділдікпен айтады, ол адамдардың іс-әрекеттері немесе өмір салттары, арнайы қоғамдағы қабылданған әлеуметтік нормалар мен заңгерлік негіздегі салдарлы қоғамдық санкцияларды бұзатын іс-әрекеттерді қарастырамыз. Берілген анықтама біріншіден, осы мінез-құлықтың барлық көріністерін қамтиды (іс-әрекет, өмір салттары); екіншіден, ауытқуды тек ресми жағын ғана емес, сонымен қатар, айтылмаған әлеуметтік нормалардағы бейресми ауытқитын мінез құлық формаларын да қарастырады; үшіншіден санкцияның әртүрлі түрлерін қамтиды, олар көбінде өздері девиацияға алып келеді – ол топтық ауытқудан, қоғамдық жақтырмауға және сонымен қатар толығымен қоғамнан бөліп тастауға алып келетін санкциялар.

Девиантты іс-әрекеттің нақты құбылыстарда айқындалуы:

- Оқушылардың психикасындағы өзгеріс (бұзылыс) ашуланшақ, ызақор, тұйық
- Спирттік ішімдікті пайдалану және әуестену
- Есірткі қабылдау және есірткіге тәуелділік
- Балалар мен жасөспірімдердің өз-өзіне қол салуы
- Агрессиялық әрекет. ( топтар ішіндегі бәсекелестік , билік үшін күрес,зорлық-зомбылық)

Отбасында тәрбиенің дұрыс ұйымдастырылмауынан балаға теріс әсер ететін жағдайлар:

- ✓ Бір отбасында бірнеше баланың әрқайсысына әртүрлі қарау
- ✓ Ата-аналардың балалар мінезіндегі өзгерістерге назар аудармауы
- ✓ Отбасында бала тәрбиесіне әкесі мен анасының әр түрлі әдіс қолдануы
- ✓ Ата-аналардың жат қылықтарды бала бойына дарыту:дүниеқорлық,алдау,жалқаулық,т.б
- ✓ Теріс үлгі көрсетіп,келеңсіз өмір сүретін ата-аналар.

Девиацияны зерттеуші көптеген ғалымдар девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторларын түрліше түсіндіреді. Біріншілері оларды екі үлкен топқа ішкі және сыртқы факторлар деп бөлсе, екіншілері оларды бөлмей:

- жанұяда берекенің болмауы;
- ата-ананың «ерекше» қамқарлығы;
- тәрбие берудегі кемшіліктер;

- өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау;
- өмірлік дағдының болмауы, айналысындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қатынасқа түсе алмауы;
- сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмау, сынаушылық ойды дамыта алмау;
- психоактивті заттарды жиі пайдалануы;
- агрессиялық жарнаманың ықпалды болуы;
- мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің нашар дамуы;
- балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының проблемалары.

Девиантты мінез-құлықты балаларды түзету күрделі әрі қиын әрі ұзақ процесс. Оны іске асыруда көп шыдамдылық пен белсенділік қажет. Қазіргі, осы саладағы әлеуметтік, педагогикалық талаптар мен жүзеге асырылып жатқан тәжірибелер негізінде, бұл саладағы тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда мынадай шарттарды орындау қажеттігі туады:

- балаға ілтипатпен, ізгі тілектестікпен қарау;
- оның жағымды қасиеттеріне сүйену;
- оның адамгершілік күшіне, потенциалды мүмкіндіктеріне сену;
- оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жасалған жалпы білім беретін бағдарламаларды тиімді пайдалану;
- салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қауіпсіз тіршілік етуге бағытталған тәрбиелік бағдарламаларды ұштастыра пайдалану;
- девиантты мінезге ие балалардың білім алуы мен бос уақытын пайдалы іс-әрекеттермен өткізу жолдарын қарастыратын жаңа кешенді бағдарламалар құру

Осы аталған жағдайлардың бәрін ескере отырып, тәрбиеленуі қиындардың әрқайсысына әр түрлі қатынас жасау, оларды жеке-жеке бақыланып, әрқайсысына арнап жасалған жүйелі тәрбие жұмысын жүргізу қажет. Тәрбиесі «қиын» жасөспірімдерді тәрбиелеу – ділгірлігі мол факторлы құбылыс, оны іс жүзінде асыруға ата-анаға көмектесу, психологиялық жағынан бақылау педагогтер мен психологтерге, заң қызметкерлеріне жүктеледі. Өйткені, менің ойымызша, «қиын» бала тәрбиені ұйымдастыруға икемі жоқ отбасылардан шығады.

Қорыта айтқанды, девиантты мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: «Әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбайды» деген ой-пікіріне сүйене отырып, девиацияға коррекция жасаушы әрбір маман ұстаз, баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесуі қажет.

#### **Әдебиеттер:**

1. Г. Аязбекова. «Қиын» баланы тәрбиелеу жолдары // Білімдегі жаңалықтар №1, 2015, 30-бет.
2. Қалиева Г. «Қиын» оқушы тәрбиесі // Қазақстан мектебі 2017, № 1, 61-62 бет
3. Гурко Т.А. Особенности развития личности подростков в различных типах семей // Социол.исслед. – М .№ 3. 2006 . С . 81 – 90 .
4. Двойметный И.А., Лелеков В.А Влияние семьи на преступность несовершеннолетних // СОЦИС № 10 , Москва . 1993 . С . 54 - 59
5. Дементьева И .Ф Негативные факторы воспитания детей в неполной семье // Социс . М ., 2011 . № 11 С. 108 – 113
6. Личко А.Е. Психопатии и акцентуация характера у подростков. – М.,1982.

***Нурлыбекова А.Б., Жолдасова М.К., Ахметова А.А.***

*(Шымкент қ., М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті, Алматы қ., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті),*

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ НЕГІЗІНДЕ БАСҚАРУ АСПЕКТІЛЕРІ**

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің оқу процесіне инновациялық ұйымдастыру әдіс-тәсілдерін енгізбей, білім беру жүйесін реформалау мүмкін емес. Жаңа инновацияларды меңгеру және енгізу оқыту сапасын анықтайды және білім беру жүйелсінің дамуына әкеледі.

Еліміздегі мектепке дейінгі білім берудің мазмұндық аспектілеріне дамытуға айтарлықтай көңіл бөлініп, тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға бірдей стандарты жасалынған. Заманауи білім беру тенденцияларын ескерсек, қазіргі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қарапайым балабақша

емес, бәсекеге қабілетті білім беру қызметін көрсететін ұйым деуге болады. Дегенмен, МДҰ жұмысының дамуы білім беру реформалары мен ауқымды және жан-жақты өзгерістерге ғана емес, басқару секілді күрделі мәселені жүйелі тұрғыдан қарастыру сапалы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Атап айтсақ: басқаруды ұйымдастыру, әдістемелік жұмыстағы инновациялық компоненттер, педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру, тәрбиеленушілер мен олардың ата-анасы және т.б.

Зерттеуші-ғалымдар білім беру жүйесін басқаруда екі нәрсеге айрықша тоқталады. Ол – басқару субъектісі мен басқару нысаны. Мектепке дейінгі ұйымда басқару субъектісі ретінде меңгеруші, ал басқару нысаны ретінде балабақшадағы үдерістер алынады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының қызметін басқару меңгерушіге (басшы) жүктеледі. Оның лауазымдық міндеттері «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген.

Заман талабына сай инновациялық процестерді дер кезінде енгізу әрбір ұжым үшін күрделі жағдай болып көрінеді. Алайда, оқу-іс әрекетінде жанашылдық жоқ болса, ұжым бәсекеге қабілетсіз.

Ұлттың келешегін терең ойлаған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» деп қадап айтты. Қазақстан дамудың инновациялық жолын таңдаған мемлекет.

Т.И. Шамова, П.И. Третьяковалардың еңбегінде «Инновация дегеніміз - жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз - тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни, инновация үрдісін мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз» делінген. Ал, ең алғаш «инновация» ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Н.Нұрахметов: «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз - білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады [1].

Ғылыми әдебиеттерде шығармашылық іс-әрекеттердің инновациялық қызметке қатынасын төмендегідей үш түрде ұсынады:

– модификациялық – бұл белгілі бір бағдарламаларды (әдіс-тәсілдерді) жетілдіру, тиімділігін айтқындау, өзгерту, өңдеу, толықтыру бағытында жүргізіледі. Мұнда педагогикалық тәжірибеде қолданылған іс-әрекеттің жетістіктері тиімділік тұрғысынан қарастырылады.

– комбинаторлық – бұл белгілі бағдарламалар мен әдістемелердің элементтерін біріктіре пайдалану болып табылады.

– радикалды шығармашылық іс-әрекет – бұл білім беру жүйесінде ұқсастығы жоқ, педагогикалық теория мен тәжірибеде бұрын-соңды қолданылмаған жаңа, тың идеяларды енгізу болып табылады [2].

Қазіргі кезде ғылыми терминде «инновациялық менеджмент» ұғымы пайда болды. Инновациялық менеджмент деп көбі инновацияны басқару деп түсінеді. Бұл олай емес. Себебі инновацияны басқару – бұл инновациялар туралы және оларды басқару туралы ғылым. Ал инновациялық менеджмент – басқару шешімдерін қабылдаудың жаңа әдістері мен формалары, көп түрлі қағидаларын пайдалану [3].

Мектепке дейінгі білім беру инновациялық үдерістер оқытудың инновациялық нысандарды енгізумен байланысты.

Оқытудың инновациялық нысандары:

- ерте жастағы балалардың ата-анасымен бірге балабақшада қысқа мерзімде болуы («бейімдеу тобы», «бала және ата-ана» және т.б.);

- үйде оқыту топтары («бала және бала күтуші», «шағын-бақша», «отбасылық топтар» және т.б.);

- балалардың балабақшада, мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын ұйымдарда қысқа мерзімде болуы;

- уақытша қоныс аударушылардың балаларына арналған бейімдеу топтары [4].

Елімізде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны әртүрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолдарымен іске асырылатын: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» деп аталатын бес білім беру саласына негізделген.

Аталған салалар негізде мектепке дейінгі білім беру мекемесін тиімді және инновациялық менеджмент тұрғысынан басқару үшін білім беру мекемесінің менеджері – меңгерушісі келесідей кәсіби дағдыларды меңгеруі және мекеменің инновациялық даму бағдарламасын құра білуі қажет. Мысалыға:

1. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын, оның ішінде:

- мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді;
- мектепке дейінгі білім беру ұйымының даму бағыттары мен басқару қағидаларын;
- білім беру үдерісін басқарудың негізгі функцияларын.

2. Замануи менеджмент тұрғысынан нәтижеге бағытталған мектепке дейінгі ұйым қызметін стратегиялық жоспарлауды жүзеге асырудың тетіктері:

- басқарушылық шешім қабылдау тәсілдері;
- инновациялық үдерістерді енгізу арқылы мектепке дейінгі ұйымды басқару дағдыларын дамыту;

- мектепке дейінгі ұйым дамуының стратегиялық бағыттар жүйесін әзірлеуді;
- ұжымдық және педагогтардың жеке ғылыми жобаларын тәжірибеге енгізу;
- білім беру үдерісін ақпараттандыру, МДҰ жеке ресми сайты құру;
- Инновациялық қызметтің ғылыми-әдістемелік өнімдері – әдістемелік құралдар мен нұсқаулар жариялау және ақпараттық-ғылыми сайттарға педагогтардың материалдарын орналастыру, олардың виртуалды проблемалық семинарларға, ғылыми-практикалық конференцияларға, форумдарға, педагогикалық кеңестерге қатысуын қамтамасыз ету;

- мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлерінің педагогикалық қызметін ішкі бағалау жүйесін әзірлеу;

- әлеуметтік серіктестермен сындарлы қарым-қатынас құру;
- кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

3. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында инновациялық білім берудің инновациялық технологияларын енгізу және тәрбиеленушілердің ата-аналарымен байланыста жұмыс жасау:

- балаларды ерте дамыту бойынша басқарушылық қызметтің психологиялық-педагогикалық аспектілері туралы білім деңгейлерін арттыру;

- балалардың шығармашылық қабілетіне қарай білім беру және сауықтыру үйірмелерін, секцияларын, орталықтарын құру;

- денешынықтыру және сақтауықтыру жұмысына инновациялық тәсілдерді енгізу;
- бала мен ата-ана қатынастарын үйлестірудің әлеуметтік технологияларын зерделеу;
- МДҰ-ға келмейтін балаларға арналған білім беру қызметтерінің спектрін кеңейту: ерте жастағы балаларға арналған қысқа мерзімді (бейімдеу, дамыту) топтары және мектепке дейінгі топтар.

- Отбасылық және қоғамдық білім берудің біртұтастығы мен сабақтастығын қамтамасыз ету үшін ата-аналарға (заңды өкілдерге) және отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың ата-анасына психологиялық және педагогикалық көмек көрсететін консультативтік пункт құру.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымын басқару және инновациялық тұрғыдан балалардың жеке дамуына жан-жақты қолдау көрсету, оқу процесіне әртүрлі тәсілдерді енгізу, оқу-ұйымдастыру жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді, сондай-ақ еңбекті қорғау қызметін ұйымдастыруды талап етеді.

Қорыта айтқанда, біз мектепке дейінгі білім беру ұйымында инновациялық менеджмент тәсілдерін қолдану арқылы белгілі бір жетістіктерге жете аламыз. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үдерісті тиімді қолдану қазіргі заман талабы.

#### **Әдебиеттер:**

1. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Оқу құралы. Алматы: Жазушы, 2004. 208 б.
2. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика: оқулық – Астана: Фолиант, 2014.191б.
3. Мұқамет М. /Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық менеджмент/ Білім берудегі менеджмент 2017ж. №3. 69б.
4. Житнякова Ф.И. /Отличия между инновационными процессами и инновационными формами дошкольного образования/ Международная научно-методическая конференция «Инновационный менеджмент в дошкольном образовании». 24 марта 2014 г. Москва: Сборник материалов. – М.: МГПУ, 2014. – 124б.

**Сабеева Д.А. Джамалбекова Н.К.**

(Тараз қ., Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,  
№ 48 орта мектеп),

## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ**

Нарықтық қатынастар орныға бастаған егемен еліміздегі білім мекемелерінің алдына оқушыларға берілетін білім мен тәрбие сапасын көтеру және жақсарту міндеттері қойылды. Соңғы уақытта заман



ағымына байланысты білім мазмұнында көптеген түбегейлі өзгерістер болуда. Қазақстан Республикасының “Білім туралы заңында”, “Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастыру”, “Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру”, “Білім мазмұнын гуманитарландыру” тұжырымдамаларында білім беру ісінде жаңа рухани-мәдени құндылықтарды игеруге, ұлттық сананың қалыптасып өсуіне жағдай жасау, кәсіби білім берудің сапасын көтеруге кең жол ашу талап етіледі [1,2,3,4].

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру Мемлекеттік бағдарламасы қазіргі коммуникациялық технологияларға бағдарланған болашақ мамандардың ақпараттық мәдениеті мен педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуына объективті жағдай туғызуда. Бүгінгі білім саласында Республикалық білім кеңістігін әлемдік деңгейге жеткізуге ұмтылыс барысында оқушыларға педагогикалық - психологиялық дайындықтың қажет екендігі мәлім.

Қазір қоғам алдындағы негізгі міндеттердің бірі - заман сұранысына сай оқу-ағарту, тәрбие мәселелерін жоғарғы деңгейде орындау. Дегенмен, сараптай келе ауыл және кейбір қала мектептерінде педагог-психолог қызметін сағат саны жетпей қалған пән мұғалімдері мен басқа сала мамандары атқаратындығы белгілі. Бұл мамандар педагог-психолог қызметін өз деңгейінде атқара алмайтыны кімге болса да мәлім. Осындай себептерден кейін оқушылармен педагогикалық-психологиялық жұмыс жасайтын, психологиялық кеңес беретін, тұлғалық, адами құндылық қасиеттерін қалыптастыруда мектепте педагог-психолог маманның қажеттілігі туындап, штаттар мен арнайы бөлмелер ашыла бастады.

Психологиялық қызмет көрсетуге қажеттілік әлеуметтік ортада өмір сүруге қиналып жүрген адамдарға сүйеніш болу жолдарын іздеуден басталады. Қазіргі кезде де жетім және тастанды балалар аз емес. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет алғашқы кезде балалар үйінде және мектеп интернаттарда тәрбиеленетін балаларға психологиялық көмек көрсетуден басталған. Өйткені өкімет үйлерінде тәрбиеленушілер ата-ананың мейіріміне бөлене алмай, жетімсіреу жағдайынан шығаруға көмек көрсететін адам бұл мекемелерде өте қажет екені анық. Осы тәрбие орындарында психологиялық қызметтің мақсаты мен мазмұнын анықтаушылар А.Г.Асмолов, А.А.Бодалев, Ф.Е.Василюк, Б.А.Вяткин, В.В.Давыдов, И.В.Дубровина, Ю.М.Забродин, В.А.Иванников, Ю.С.Сығрді, У.В.Ульенкова т.б. анықтады. Балалар үйінде және жетімдерге арналған интернаттардың өздеріне тән ерекшеліктері бар. Мектептерде сабақтан тыс тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру мәселелерін отандық ғалымдардан Ж.Әбиев, С.Бабаев, А.Құдиярова [5], С.Қалиев, С.Ғаббасов [6], А.Т.Тамаев [7] және т.б. қарастырса, педагог-психологтың қызметін Т.С.Сақтағанова [8], М.Әуренова [9], және т.б. ғалымдар айналысып, білім беру жүйесіндегі психокоррекциялық жаттығуларды қолдану мәселесімен Қ.Б.Жарықбаев [10], С.М. Жақыпов, Ф. Бизақова [11] және т.б. ғалымдардың еңбектері болса, педагогикалық-психологиялық іс-әрекет мәселесімен әлемдік ғалымдардан Н.В.Кузьмина, А.А.Реан, В.А.Сластенин және т.б. ғалымдар зерттеп, өзіндік үлес қосқан.

Нағыз психологтар қоғамдағы саяси-экономикалық жағдайларда кездесетін келеңсіз үрдістермен күрес жүргізе алатын күрескер болуы керек. Өйткені ол халықтың қамын, шәкірттің болашағын ойлайтын және сол үшін еңбек ететін тұлға.

Мақсаты:

- бейімділік
- ойлау
- зейін тұрақтандыру
- тілдік таңбаларды дұрыс қолдану
- сөздік қорын байыту

Тәрбиелік:

- адамгершілік
- еңбексүйгіш
- эстетикалық
- ұйымшылдық
- патриоттық

Дамытушылық:

- қабілетін
- тіл байлығын
- өз бетінше жұмыс істеуін
- ізденімпаздық
- қорытынды жасауға үйрету [12].

Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет Білім және Ғылым министрлігінің педагогикалық және психологиялық қызмет бөлімі, білімдегі педагогикалық-психологиялық қызметтің аймақтық орталығы, облыстық, аудандық орталықтардағы арнайы білім мекемесінің педагогикалық-психологиялық қызметі сияқты еліміздің білім кеңістігіндегі біртұтас тікелей құрылым күйінде жобаланады. Бұлардың әрқайсысы білімдегі психологиялық қызметтің тиімділігіне кепілдік бере отырып, өздеріне қатысты да тиісті мәселелерде бірлесіп жұмыс істеуді нақты білуі тиіс.

Мектеп психологының қызметтік міндеттері:

-жалпы білім беретін орта мектептердегі оқытудың барлық кезеңдерінде балаларға қажетті жағдайларды жеке көмек беру үшін педагогикалық-психологиялық зерттеуді жүзеге асыру;

-психологиялық ғылымның жетістіктерін негізге ала отырып, мектеп оқушыларының әртүрлі жас кезеңінде жан-жақты, тұлғалық, интеллектілі дамуын қамтуға ықпал етеді;

-мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің сұраныстары бойынша

оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен психологиялық сақтандыру, диагностикалық, түзету және кеңес беру жұмыстарын жүргізеді, мектеп оқушыларының интеллектуалды, тұлғалық, эмоциялық және ерік-жігер ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін зерттейді; оқуға психологиялық дайындық жеткіліксіздігін ерте анықтауды мақсат ете отырып, бірінші сыныпқа бала қабылдауға қатысады;

-педагогикалық кеңестің әдістемелік бірлестіктердің, сыныптардағы, сондай-ақ мектептегі ата-аналар жиналыстарына қатысады, оқушыларға ықпал етіп, жеке көмек көрсетуге байланысты негізгі мәселелерді шешуге арналған педагогикалық консилиумдар мен педагогикалық кеңестерге қажетті ақпараттар дайындайды;

- мектептегі психология бөлмесін құруды және қажетті құжаттарды сақтауды, оларды дұрыс пайдалануды қамтамасыз етуді жауапкершілігіне алады;

-мектептегі психологиялық қызметтің психологиялық-педагогикалық жұмыстарының нәтижесі мен есебінің ғылыми-әдістемелік орталықтар тағайындаған талаптарына сай болуын қатаң түрде жүзеге асырады.

Психологтың негізгі мақсаты - психологиялық саулықтың негізі баланың рухани өсуіне, оның жанының жайлы болуына психологиялық жағдай жасау, оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық қабілетін ашу болып табылады. Педагогикалық үрдіс кезінде туындайтын қиындықтар мен олардың психологиялық себептерін анықтау, оңтайлы қарым-қатынас ұстанымдарын қалыптастыру, ата-ана, мұғалім, басқа да қызметкерлерге психологиялық қызмет көрсету, оқушылардың мамандыққа қабілеттілігін анықтау, т.б. - мектеп психологының тікелей міндеттері.

Психолог оқушылардың жан-жақты және үйлесімді дамуын мақсат етіп, өзінің іс-әрекетін педагогикалық ұжыммен, дәрігерлік қызметпен, социологтар, дефектологтар, сондай-ақ қоғам өкілдерімен тығыз байланыста ұйымдастырады. Психологтың жұмыс тәртібі осы ереже негізінде қабылданған психологиялық қызмет бағдарламасының мақсаты мен міндеттерін ескере отырып, оқу мекемесінің жалпы жұмыс тәртібіне сәйкес анықталады және оқу мекемелерінің директоры бекітеді. Оқу мекемелері мамандардың кәсіптік іс-әрекеттерін кешенді психологиялық-педагогикалық сараптауға, білім басқару орындарының немесе жеке оқу мекемелерінің ұсыныстары арқылы жүргізілетін оқу бағдарламалары мен жобаларды, оқу-әдістемелік құралдарды құрастыру немесе жазуға қатысады.

Отандық және шетелдік психологиядағы жетістіктерді оқу мекемелеріне таратуға және енгізуге, педагогикалық қызметкерлердің іс-әрекетін психология саласындағы ғылыми-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге ат салысады. Біз құрып отырған қоғамда педагог-психолог маманы өте маңызды орынға ие. Қоғам болғандықтан ол бірнеше компоненттерден құралады: ұжым, топ, ұйым және т.б. Аталған компоненттердің мүшесімен және мүшесіне тән мәдени, шығармашылық-рухани дүниесі, коммуникативтілігі, әлеуметтік міндетін, этикалық және эстетикалық талғамдардың болуын қазіргі заманға сай қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Психолог қоғамдағы тұлғаның биологиялық және әлеуметтік дамуына көңіл бөледі. Биологиялық тұрғыдан морфологиялық, физиологиялық, биохимиялық жетілуі болса, әлеуметтік дамуына психикалық, рухани, интеллектуалдық жағдайлары жатады. Демек, психолог маманын адам баласы өмірге келгеннен оң мен солды, ақ пен қараны ажырата алғаннан бастап, келешек толыққанды азамат және тұлға болып, оның әрі қарай жетілуіне әсерін тигізеді. Психолог – отбасында ана, мектепте мұғалім, балабақшада тәрбиеші, жоғары оқу орнында оқытушы, жұмыста қызметкер, өз ісіне жауапты маман.

Психолог адамдардың рухани-моральдық нормаларын бала бойына сіңіре біледі:

-баланың шығармашылық қабілетін немесе өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту;

- пәнге терең қызығушылығын арттыру;
- оқушының әсерлік сезімін қалыптастыру;
- оқушының белсенділігін арттыру мақсатында даму деңгейін, танымдық белсенділігін арттыра оқыту;
- жалпы білім-білік дағдыларын дамыта оқыту;
- білім базасын арттыру;
- пәндердің ғылыми негізінде оқушылардың білім сапаларының деңгейін жоғарылата дамыта оқыта отырып, интеллектуалдық жанашылдыққа, әдептілікке, жеке тұлғалардың эстетикалық мәдениетінің жоғары дамуына ықпал жасауда білімді мықты құрал ретінде қолдану;
- педагог, психолог, тәрбиеші, ақылшы, қамқоршы, жетекші, мейірімді жан.

Ал, психологтың бойында әділдік, тапқырлық, қамқорлық, шыдамдылық, адамшылық, кең пейілдік қасиеттері басым болуы қажет. Көрнекті психолог, профессор С.М.Жақыповтың еңбегінде оқу процесінің педагогикалық-психологиялық модельдеудің қызметтік деңгейінің бірінші сатысы оқытушы мен оқушылардың ішкі жүйелік қарым-қатынасы ретінде білімнің мазмұндық жанамалығы, оқытудың әдіс-құралдары көрсетілген. Оқу процесі жүйесінің құрылымдық бағдарын анықтай отырып, білімнің объективті және субъективті мазмұндылығын айыру қажеттілігі туындайды [13].

Психолог пен оқушылардың арақатынасы әрқашан көптеген күтпеген жағдайларға толы. Үнемі болатын рухани өсу, мінездің қалыптаса бастауы (мектеп жасындағы байсалдылықтан жасөспірім жасындағы күрт өзгерістерге дейін), көңіл күйдегі ауытқулар (өзін еркін сезінуден ызаланғанға дейін) лезде талдауға келмейтіндіктен, ұстазға бір қарағанда оқушылармен жақсы қарым-қатынасы өзін тыныштандыруға мүмкіндік бермейді, себебі нақты әр жағдайда педагог қарым-қатынаста тура бағытты табуы керек. Психолог пен оқушы қарым-қатынасы өз алдына бір-бірімен байланысқан және өзара шартты тізбек болып, түрлі формалар мен жағдайларда жүзеге асады.

Психологтар тек мектепте ғана емес, қоғамдағы түрлі мекемелерде де жетекші қызметтер атқарады. Қазіргі кезеңде мектепте және кәсіби орта оқу орындарында педагог-психологтың қызметі өте қажет. Біз педагогикалық практика барысында байқағанымыздай, көптеген мектептерде кәсіби мамандығы педагог-психологтар емес, сағат жетіспеген физик, математик, тарихшы мамандар педагог-психолог қызметін атқарып жатыр. Олар тек тәрбиелік іс-шаралар, сынып жетекшісінің қызметі деңгейінде жұмыс жасайды. Сондықтан, білім беру жүйесінде жұмыс жасайтын психологтар еңбегі дұрыс бағаланып, олардың мәртебесі көтеріле берсе екен дейміз.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. /Егемен Қазақстан: жариял. – Алматы, 19 наурыз, 2007. –Б.3-4.
2. Қазақстан Республикасы азамат тарихының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру тұжырымдамасы. – Алматы.:Қазақстан, 1999.
3. Қазақстан Республикасы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы. /Егемен Қазақстан: жариял. – Алматы, 7 тамыз, 1996.
4. Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. –Алматы.: Қазақстан, 1994.
5. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2004
6. Ғаббасов С. Халық педагогикасы мен психологиясының негіздері. – Алматы: ҚазМемҚызПИ, 2005.
7. Тамаев А.Т. Әдебиет сабақтарында жоғары класс оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру. Дисс...пед.ғыл.канд.– Алматы, 1995.
8. Сақтағанова Т.С. Өркениетті білім беру жүйесіндегі педагогикалық- психологиялық қызмет // Мектептегі психология, 2006.
9. Әуренова М. Балалар үй жағдайындағы психолог іс-әрекеті // Мектептегі психология, 2006.
10. Жарықбаев К.Б. Психология. – Алматы, 2000.
11. Жақыпов С.М., Бизакова Ф. Білім беру жүйесіндегі қолданылатын психокоррекциялық жаттығулар. –Т.:Қорғау, 2005.
12. Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. – СПб.: Союз, 1997
13. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. Оқу құралы –А.: Қазақ университеті, 2007.

**Садықова Н.М., Жәнібек Ж.Ж.**

(Алматы қ., әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университет)

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕІКТЕРІ

Еліміздегі білім берудің жаңаша реформаларына сай жас ұрпаққа үздіксіз білім беру жүйесіндегі мектеп жасына дейінгі балаларға қоғамдық тәрбие берудің ықпалы әрдайым өрісін кеңейтіп келуімен сипатталады. Сондықтан да жеке адам дамуының ең маңызды шағы мектепке дейінгі кезеңнің маңызды

мәселелерін көтеріп, дамудың ғылыми негізделген заңдылықтарын айқындау теориялық тұрғыдан маңызы зор.

Психикалық дамудың бірдей жас шағы кезеңіндегі балаларды біріктіретін негізгі психикалық белгілер - олардың қоршаған дүниеге көзқарасы, олардың қажеттері мен қызығулары және осы қажеттілік пен қызығулардың туындайтын бала іс-әрекетінің түрлері. Жетекші іс - әрекетті арнайы атап көрсеткен жөн, одан дәл осы кезеңдегі психикалық дамудың маңызды ерекшеліктері соған байланысты болады. Мектепке дейінгі бала үшін үшін жетекші іс- әрекет ойын болып табылады.

Мектептің рөлі балаға адамның нақты қызметінің әр түрі үшін (қоғамдық өндірістің, ғылымның, мәдениеттің әр учаскесіндегі жұмыс) қажетті білім мен іскерлікті үйрету және психикалық сапаларды дамыту болып табылады. Бала туғаннан бастап мектепке барғанға дейінгі кезеңнің маңызы қоғамда өмір сүру үшін қажетті адамның жеке басының психикалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Бұларға тілді игеру, тұрмыс заттарын қолдану, кеңістікпен уақытты бағдарлауды дамыту, қабылдау, ойлау, елестетудің т.б адамға тән формаларын өрістету, басқа адамдармен өзара қарым-қатынастың неіздерін қалыптастыру, әдебиет пен өнердің туындыларын оқып, үйрене бастау жатады.

Дамудың әрбір жас шағы кезеңдерінің дамуына тән баланың қоғамдағы психикалық белгілердің байланыстығы баланың бір кезеңнен екіншісіне өтуін түсіндіріп бере алмайды. Бұл өту кезеңінің алдында баланың өзінің басқа адамдар арасындағы орнына қанағаттанбауы және ол орынды өзгертуге ұмтылуы пайда болады. Осы кезең ішіндегі дамудың мынадай сәті туады: баланың өсіп келе жатқан мүмкіндіктері - оның білімі, іскерлігі, психикалық сапалары - ескі тұрмыс қалпымен, қызметтің және айналасындағы адамдардың қарым -қатынасының ескі түрлерімен қайшылыққа ұрындырады. Бала өзінің жаңа мүмкіндіктерін сезінеді де осының алдында ғана қызықтырған іс - әрекетке ынтыласын жояды. Ол үлкендермен жаңа қарым -қатынас жасауға ұмтылады. Бұл қайшылық дағдарыс ретінде көрінеді, қарым -қатынас жасалған жоқ.

Л.С. Выготский бала дамуындағы жеке тұлғалық өзгерістерді әлеуметтік жағдайдағы белсенділігі арқылы байқаймыз десе, ал Л.И. Божович мұны қарама -қайшылықтардың және дағдарыстардың, жеке тұлғалық қасиеттердің пайда болуынан аңғарамыз деп түйіндеген. Баланың жас ерекшелік дамуының динамикасымен оның мазмұны педагогикалық бағдарламалар арқылы жобаланып, өзгеше және жетілген дидактикалық тәжірбиелер, өзіндік генетикалық бағдарламалар арқылы анықталады. Бұл дамудың әр алуан қозғаушы күші, шарты және қайнар көзі, яғни даму факторлары. Біліктілікке бала іс әрекетіндегі қалыптасқан қарым - қатынасты, мінез - құлықты және өмірлік іс - әрекетті, жеке тұлғалық тіректік сипаттамалардың нәтижелері енеді.

А.Н. Леонтьев пен Д.Б. Элькониннің топтастыруы бойынша, баланың жеке тұлғалық дамуын, эмоционалдық қарым - қатынас, айлалы әрекет, заттық -құралдық іс-әрекет, сюжеттік - рольдік ойындар және оқу сияқты жетекші іс -әрекет түрлерінің ауысуы барысында талданып отыратыны анықталды. Баланың тұлғалық дамуының генетикалық талдау ұстамын қарастырғанда, Д.Б. Элькониннің кезеңдері бойынша психикалық даму кезеңдерін ерекшелеп, негізгі жаңа білім беру жүйесі тұлғалық жетістіктермен үйлесімін табады[1]. Э. Элькониннің кезеңдері бойынша тұлғаға жаңа білім берудің тірегі, бұл сенім, дербестік, еркіндік, бастама жасаушылық деп қарастырылған. Бала дамуының өзіндік қисын тұжырымын түсіндірмей, жас ерекшелігінің психологиялық маңызын және генетикалық міндетін талдамай, баланың жаңа білім алуындағы жетістіктерінің заңдылықтарын түсіну қиын.

Л.Ф. Обухова бала дамуының ерекшелігінің түсініктерін түрлі авторлардың теориясымен (биогенетикалық, конвергенциялық психоаналитикалық, әлеуметтік үйрену теориялары және Ж. Пиаженің генетикалық даму психологиясы т.б.), салыстыра отырып, бұл Л.С. Выготскийдің мәдени - тарихи даму теориясы мен психологиялық жастың құрылымында толық көрсетілді деген қорытындыға келді[2].

Балалардың психикалық дамуы бір қалыпты болмайды, бала психикалық бейненің қандай да бір негізгі белгілерін ұзақ уақыт бойы сақтағанда дамудың біршама баяу, бірте - бірте өзгертін кезеңдері және ескі психикалық белгілердің құрып бітуімен, жойылуымен және жаңа белгілердің пайда болуымен байланысты, кейде баланы неғұрлым тез, сеңірмелі түрде адам танымастай өзгертіп жіберетін өзгерістер кезеңі байқалады. Осы сеңірмелі түрдегі өтуді даму дағдарысы деп атайды. Олар шамамен бірдей жағдайда тұрған, жас жағынан шамалас балалардың барлығында пайда болады да балалақ шақты жас шағына қарай бірнеше кезеңге бөлуге мүмкіндік береді.

Туғаннан бастап мектепке барғанға дейінгі кезеңде (баланың дүниеге келуіне байланысты оның өмір сүру жағдайын кенет өзгертетін дағдарысты айтпағанда) бала үш дағдарыс сәттерін; бір жаста, үш жаста және ақырында, жеті жаста басынан кешіреді. Осыған сәйкес бұл кезеңде үш жас шағы кезеңдері

бөлініп шығады; нәрестелік шақ ( туғаннан бір жасқа дейін), сәбилік шақ ( бір жастан үш жасқа дейін) және мектепке дейінгі балалық шақ үш жастан жеті жасқа дейін).

Мектептің рөлі балаға адамның нақты қызметінің әр түрі үшін (қоғамдық өндірістің, ғылымның) қажетті білім мен іскерлікті үйрету және психикалық сапаларды дамыту болып табылады. Бала туғаннан бастап мектепке барғанға дейінгі кезеңнің маңызы қоғамда өмір сүру үшін қажетті адамның жеке басының психикалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Бұларға тілді игеру, тұрмыс заттарын қолдану, кеңістікпен уақытты бағдарлауды дамыту, қабылдау, ойлау, елестетудің т.б адамға тән формаларын өрістетуге, басқа адамдармен өзара қарым-қатынастың неіздерін қалыптастыру, әдебиет пен өнердің туындыларын оқып, үйрене бастау жатады.

Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор С.М. Жақыпов адамның психикалық дамуы оқыту процесі әсерінен тыс болмайды, ол үшін оқытушы мен оқушы арасында нақты байланыс, оқытудың формасы мен мазмұны екі жақты біріккен іс-әрекетте орныдалады деген. Педагогикалық іс-әрекеттегі тәуелділік және оны орындау процесі кезіндегі қарым-қатынастың туу себептері, сонымен қатар қоғамдық ортадағы өмірдің тәуелділі, пікірлесушілердің арасындағы қарым-қатынастың түрлері. Қарым-қатынастың түрлері адамның дүниеге келген күнінен бастап жас ерекшелікке қоршаған ортаның ықпалына байланысты дамиды [3].

Әрбір жас шағы топтарының осы міндеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес қоғам балаларға басқа адамдар арасынан белгілі орын береді, оларға қойылатын талаптар жүйесін, құқықтары мен міндеттерінің шеңберін белгілейді. Әрине, балалар мүмкіндігінің өсуіне қарай олардың құқықтары мен міндеттері де неғұрлым күрделі бола түседі, атап айтқанда, балаға берілетін дербестіктің және олардың өз ісіне жауапкершілігінің дәрежесі артады.

Үлкендер балалар өмірінің дұрыс жолға қойылуын ұйымдастырып, олардың тәрбиесін сәбидің қоғамдағы орнына қарай жүргізеді. Қоғам әрбір жас шағы кезеңінде баладан нені талап етуге және нені күтуге болатыны жөніндегі үлкендердің түсінігін белгілейді.

Баланың қоршаған дүниеге көзқарасы, оның қажеттері мен қызығуы өзге адамдар арасында алатын орнымен, үлкендер тарапынан болатын талап, үміт және әсер ету жүйесімен анықталады. Егер нәресте үшін үлкендермен үнемі эмоциялы қарым- қатынас жасау қажеттігі тән болса, оның себебі сәбидің бүкіл өмірі үлкендердің қолында болуынан деп түсіндіріледі және қолында болғанда әлдебір жанама емес, тура жолмен: үлкендер баланы орағанда, тамақтандырғанда, ойыншық бергенде, алғашқы қадам басқан кезде, қолынан сүйрегенде, т.б. үздіксіз дене қатысы жүзеге асырылады.

Сәбилік шақта үлкендермен қатынас жасауға қажеттіліктің, таяудағы қоршаған заттарға қызығушылықтың пайда болуы мыналарға байланысты: бала мүмкіндігінің өскенін ескере отырып үлкендер олармен қарым -қатынасты өзгертеді, қандайда зат немесе қимылдар жайлы қатынас жасауға көшеді, үлкендер балалар үшін сан алуан заттың, қимыл жасауға арнайы бейімделген заттардың (пирамидалар, қуыршақтар, құм салғыштар) ерекше әлемін жасайды.

Үлкендердің қимылдарына және өзара қарым-қатынасына араласу қажеттілігінің пайда болуы, қызығудың тікелей қоршаған ортадан шығып кетуі, сонымен бірге осы қызмет процесінің өзіне (оның нәтижесіне емес) қызығудың бағытталуы - мектеп жасына дейінгі балаларды басқалардан бөліп көрсететін және сюжетті - рөлдік ойыннан көрініс табатын негізгі белгілер. Бұл белгілер мектеп жасына дейінгі балалардың басқа адамдар арасындағы алатын орнының екі жақтылығын белгілейді. Бір жағынан, баладан адамның қылықтарын түсінуді, жақсылық пен жамандықты айыра білуді, мінез - құлық ережелерін саналы орындауды талап ете бастайды. Екінші жағынан, баланың бүкіл өмірлік қажеттерін үлкендер орындайды, оған қатаң жауапкершілік жүктелмейді, оның іс - нәтижесіне ересектер елеулі талап қоймайды.

Бала және жас ерекшелік психологиясын А.Н. Леонтьев, В.С. Мухина т.б., көптеген зерттеушілер қарастырған. М.И. Лисинаның басқаруымен психикалық дамуы және мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу лабораториясында зерттеуден өткен [4,126.]. Осы лабораториялық зерттеулердің нәтижесінде балалардың бірінші қарым - қатынасының пайда болуын және өзгеріп отыруын зерттеді. Танымал психологтар Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейннің пікірлері бойынша баланың психикасының дамуы әке - шешесіненбалаға ауысады. Балалық шақта бала отбасынан алған тәлім - тәрбие арқасындапсихикасы қалыптаса бастайды. Сонымен қорыта айтқанда, психика көптеген өзгерістерге ұшырап отырады. Балаға тек ересектермен ғана қарым - қатынас жасап отыруы мүмкін емес, ол өз қатарындағы балаларға тартып тұрады.

Дамудың әрбір жас шағы кезеңдерінің дамуына тән баланың қоғамдағы психикалық белгілердің байланыстығы баланың бір кезеңнен екіншісіне өтуін түсіндіріп бере алмайды. Бұл өту кезеңінің алдында баланың өзінің басқа адамдар арасындағы орнына қанағаттанбауы және ол орынды өзгертуге ұмытылуы пайда болады. Осы кезең ішіндегі дамудың мынадай сәті туады: баланың өсіп келе жатқан

мүмкіндіктері - оның білімі, іскерлігі, психикалық сапалары - ескі тұрмыс қалпымен, қызметтің және айналасындағы адамдардың қарым -қатынасының ескі түрлерімен қайшылыққа ұрындырады. Бала өзінің жаңа мүмкіндіктерін сезінеді де осының алдында ғана қызықтырған іс - әрекетке ынтасын жояды. Ол үлкендермен жаңа қарым -қатынас жасауға ұмытылады. Бұл қайшылық дағдарыс ретінде көрінеді, қарым -қатынас жасалған жоқ.

Бұл кезде бала тәрбиесінде белгілі қиындықтар пайда болады, бала үлкендердің талаптарын тыңдамайды, қыңырлық, қарсылық көрсетеді. Бұл қиындықтардың ауырлығы және қаншаға созылатындығы көп жағдайда үлкендерге байланысты болады. Үлкендер баланың іс - әрекет пен қарым -қатынастың жаңа түрлеріне ұмытылуын дер кезеңінде байқап, ескеруге және көмектесуге тиісті. Алдымен, үлкендердің өздері балаға деген көзқарасын өзгертуі керек, оған көбірек дербестік беріп, оның өсіп келе жатқан мүмкіндіктерін мойындауы және осы мүмкіндіктері толық ашылатындай жаңа іс - әрекетке үйретуі қажет.

Психикалық даму барысында пайда болған және жаңа қажеттер мен қызығушылыққа итермелейтін, сондай - ақ іс-әрекеттің жаңа түрінде игеруге бастайтын қайшылықтар психикалық дамудың қозғаушы күштері болып табылады. Егер бұл қайшылықтар тумаса, психикалық дамудың негізгі кезеңінен екіншісіне өту мүмкін болмас еді, және бала сол жеткен дәрежесінде қалып қояр еді, өйткені оның ілгері ұмтылуға, үлкендер үйреткенді игеруге ынтасы болмас еді.

Біздің елімізде мектеп жасына дейінгі балаларға қоғамдық тәрбие берудің ықпалы әрдайым өрісін кеңейтіп келеді. Баланың туғаннан бастап тұлға болып қалыптасуы, бала дамуының психология ғылымында маңызды мәселе болып саналады. Бала дамуының психологиялық жағын зерттеу арқылы ерекшеліктерге тән қасиеттерді сипаттауға тырысамыз. Баланың тұлға болып қалыптасуында қарым - қатынас негізгі рөлді атқарады.

Көптеген жылдардан бері осы қарым - қатынастың табиғи заңдылығы, оның жас және жеке ерекшеліктері, дамуы мен өзгерістері психология ғылымында негізгі зерттеу саласына айналады. Баланың өз құрбыларымен қарым -қатынасын дұрыс жолға қоя білуі баланың қандай адам болып қалыптасуына қатты әсер етеді. Бірақ осыны қалай қоя білу керек? Міне осы күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың көпшілігі балабақшаларда тәрбиеленіп өз қатарларымен сонда жақсы араласады. Балаларды тәрбиелеудің ең қажетті бөлшегі тәрбиешінің балалардың бір -біріне деген қарым-қатынасын жақсы ұйымдастырып, қадағалап отыры болып табылады. Отбасылық тәрбиеде және басқа балалармен қарым - қатынас бала психикасының дамуында өз пайдасын беріп отырады. Қарым - қатынас процесінде баланың жеткіліксіз қанағаттандырылуы оның ары қарай эмоционалды сезімділікке, қаталдыққа, әлемге бастапқы сенімсіздігінің қалыптасуына алып келеді. Қарым - қатынас бала қандай ортада өсседе, адам үшін өмірлік маңызы бар қажеттілік болып табылады. Егер ересектер балалардың қарым - қатынасқа түсуге түрткі болатын ішкі қажеттілікті тануға үйретпесе де, онда бала оны түсінбейді және оған дұрыс жауап бере алмайды. Осы қарым - қатынас сферасындағы сәтсіздік өзінің артынан басқа да сәтсіздіктердің болына алып келеді, себебі, олар бір - бірімен өзара байланысты, бірақ әрқайсысы өзінің заңымен дамиды.

#### **Әдебиеттер**

- 1 Выготский Л.С. Психология развития человека. – М.: Изд-во Смысл; Эксмо, 2005. – 1136 с.
- 2 Божович Л. И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – СПб. [и др.] : Питер, 2008. – 398 с. – (Мастера психологии). – Библиогр.: с. 386-389.
- 3 Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. – Алма-Ата, 1992. – 195с.
- 4 «Формирование личности ребенка в общении.»: Питер; СПб.; 2009.

***Сарсенбаева Б.Ф., Кемал П.С.***

*(Павлодар қ., Павлодар мемлекеттік педагогикалық университет)*

### **БАЛАЛАР ӨМІРІНДЕГІ ОЙЫН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Ойын - бала өмірінде үлкен орын алады, ақыл-ойының дамуында жетекші рөл атқарады. Бала өзі өмір сүріп отырған ортаны, айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп ұғынады, ойын арқылы ойлау, сөйлеу, есте сақтау т.б. секілді танымдық үрдістері дамиды. Ойын барысында бала өз қатарластарымен ойнай отырып, алғашқы ұжымдық қарым-қатынасқа түседі [3, 122 б.]. Ойната отырып баланың бойында адамгершілік тәрбиені, жеке заттардың қыр-сырын үйренуге деген қызығушылықты оятуға болады.

А.С.Макаренко ойында баланың түрлі қасиеттері дамитындығын айта келе: «Үлкендер өмірі үшін жұмыс, қызмет істеу, әрекет ету қандай орын алатын болса, балалар өмірінде ойын да сондай үлкен маңызды», - деп ойынның маңыздылығын атап көрсеткен [1, 291 б.]. Мектепке дейінгі бала өміріндегі ойын іс-әрекетінің алатын орны туралы көптеген ғалымдар зерттеп, тұжырымдамаларын жасаған болатын. Мысалы, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, Т.В.Кудрявцев ұжымдық ойынның мектепке дейінгі балаларға тән екенін дәлелдеп айтты [2, 207 б.].

Ойын арқылы оқыту – мектеп жасына дейінгі кезеңнің балаларында аса маңызды. Баланың бойында білімді бекіту және меңгерту үшін, дағды мен әдет қалыптастыруда балаға қайталау және жаттығу қажет. Егер баланың ойлауы образды, эмоциялық әсерде болса, ол соғұрлым жақсы нәтиже береді, сондай - ақ білім қызғылықты әрекетпен байланысты болса, баланың іс - әрекетімен іштей қабысып жатса, ондай білімді бала дұрыс меңгереді. Бала әрбір затты ұстап, дәмін татып, қызықтайды. Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның үлкен рөл алатындығын қазақстандық ғалым Н. Құлжанова да атап өткен. Оның айтуы бойынша мектепке дейінгі балалардың тәрбиесінде олардың жас ерекшеліктерін ескеру өте маңызды [2, 207 б.].

Мектепке дейінгі мекемелерде, мектепалды даярлық топтарында сабақтың өн бойы ойын әрекетін ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Өйткені, мектеп жасына дейінгі балалар сабаққа қарағанда, ойынды артық көреді, зейіндері тұрақсыз, бір іспен ұзақ уақыт шұғылдана алмайды.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекет – ойын. Ойын арқылы олардың ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым-қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді. Арнайы ойын ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда балаларға жетекші бола отырып, ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

Балалар ойын ойнағанда көбіне айналасындағы болып жатқан оқиғаларды, шындықты, ата-анасынан, тәрбиешілерден көргенін бейнелейді. Оларға үй тұрмысындағы үлкендердің іс-әрекеті, қарым-қатынасы әсер етеді. Балалардың сюжетті ойындарынан көбіне шындықты көруге болады [2, 200 б.]. Балалар араласатын өмір ауқымы неғұрлым кең болса, ойын сюжеті де соғұрлым сан алуан келеді. Сондықтан кішкентайлардың ойын сюжеттері шағын, ал мектепке дейінгі ересектердің ойын сюжеттері өте сан алуан болып келеді. Ойын сюжетінің әр алуандығы артқан сайын ойын уақытының ұзақтығы да артады. Мысалы, 3-4 жастағы балалар ойынының ұзақтығы 10-15 минут болса, 4-5 жастағы балалар ойынының ұзақтығы 40-45 минутқа, мектепке дейінгі жастағылар ойыны бірнеше сағатқа созылады [2, 200 б.]. Бала ойын барысында заттарды танып, ажыратып қана қоймай, өзіне белгілі бір рөл алады да, соған сәйкес әрекеттер атқарады. Өзіне алған рөлді дұрыс орындап шығуда жауапкершілікті сезінеді. Мысалы, ойын барысында бала сатып алушының рөлін ойнаса, алған заттары үшін ақша төлемей кетуге болмайтындығын түсінеді, немесе дәрігер рөлін алса, емделушіге нұсқау беріп, талап қоя біледі. Сюжетті ойынның мәні осында көрінеді, яғни бала өзіне белгілі бір рөлді ала отырып, қойылған міндеттерді орындауға талпынады [2, 199 б.] Сюжетті ойындар мектепке дейінгі балалар өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті рөлді ойындардың ерекшелігі сол, оны балалар өздері жасайды, ондағы пайдаланатын құралдар мен кейіпкерлерді ойдан шығаруы да балалардың тапқырлығын көрсетеді. Мектепке дейінгі балаларға көбінесе сюжетті ойындарды ойнатқан дұрыс. Себебі, бала ойын барысында өз рөліне деген жауапкершілікті сезініп, өзін бір уақыт үлкендердің орнына қойып, ойлау қабілеттері дамиды. Кейде балалар өзі ұнататын мамандық иесінің рөлін ойнауы мүмкін. Ойын барысында сол рөл арқылы өз қабілетін көрсететін балалар да болады. Бұл дегеніміз-баланың сол мамандыққа одан әрі қызығушылығын арттырып, өз мүмкіндігін айқындауға мүмкіндік береді. Ал тәрбиеші қай баланың мүмкіндігі мен қабілеті қай рөлге жақын екендігін білуге, бала бойындағы қабілетті көре білуге тиіс. Бұл балалардың болашақ өз мамандығын сүйіп таңдауына әсер етеді.

Мектепке дейінгі балалардың ойынын бақылауда тәрбиеші ең бастысы баланы ептілікке, ойлануға, дұрыс шешім қабылдай білуге, басқалардың шешіміне құрметпен қарауға, ортақ тіл табысуға, шыншыл болуға, тәртіпті сақтай білуге баули білуі тиіс. Ойын барысында балалардың физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыра білуі керек. Ойын баланың жас ерекшеліктеріне сай келмесе немесе қолайсыз ортада ұйымдастырылса,

балаға кері әсерін тигізуі мүмкін. Сонымен қатар ойын барысында баланың белсенділігін арттыратын, денсаулығына пайда келтіретін түрлі жаттығулар немесе би ұйымдастырып отырған да пайдалы. Бұл баланың ойынға деген белсенділігін арттырады. Тәрбиешінің осындай жайттарды ескеруінен баланың бойында қуаныш сезімі туындайды.

Ойын арқылы балада ырықты зейін мен ырықты ес дамиды [2, 204 б.]. Ойын жағдайларында балалар тәжірибе жинақтап, ойынның шарттары мен қағидаларын жаттап алып, бұлжытпай орындауға тырысады. Егер ол шарттарды орындамаса, ойыннан шығатынын біледі. Ойын барысындағы ситуациялар мен сюжет мазмұнын үйлестіру балада зейін жинақтауды, тапқырлықты талап етеді.

Баланың ойынын бақылай отырып, олардың қуанышы мен ренішін байқауға болады. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшеліктері деп мыналарды атауға болады: олар ойланады, түрлі эмоциялық күйге енеді, қиял елестері дамиды [2, 205 б.], мұның бәрі баланың қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын жағдайлары мен ондағы іс-әрекеттер мектепке дейінгі шақтағы балалардың ақыл-ой әрекетінің дамуына үнемі әсер етеді. Біртіндеп заттармен жасалатын ойын қимылдары азая түседі, бала заттар туралы және олармен ақыл-ой тұрғысынан іс-әрекет жасауды ойлауды үйренеді. Мектепке дейінгі балаларда сюжеттік ойындармен қатар қозғалмалы, баланың көңіл-күйінің жоғары болуына, денсаулығына, айналасына шаттықпен қарауына және ақыл-ойының дамуына (тез әрі дұрыс шешім қабылдау) әсер ететін фактор болып табылады. Баланың сау болып өсуіне әсерін тигізетін бұл ойындар далада таза ауада немесе спорттық алаңдарда ойналатын ойындар. Осы ойындардың арқасында балалардың көңіл-күйі, эмоциясы жоғарылап, оның нерв жүйесі жақсара түседі. Ойын әрекетінде балалардың психологиялық қасиеттері мен жеке басының ерекшеліктері неғұрлым тез қалыптасады.

Ойын барысында балаларда сөйлесу үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп балалар өз пікірлерін білдіреді, қарым-қатынас орнатады, басқа балаларға өз қалауын немесе наразылығын жеткізе алады. Ойында сөзбен уәделесу ұйымдастырушылық қызмет атқарады, балалар арасында өзара түсіністік пен достық сезімін тудырады. Балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл- ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Сонымен, ойын- мектеп жасына дейінгі бала дамуында ең маңызды фактор болып саналады. Адамдардың іс-әрекеті балалардың ойынында әр қалай бейнеленеді. Өзіне үлгі тұтатын адамның рөлін ойнауда бала асқан шеберлік танытуы мүмкін. Немесе керісінше, онша ұнатпайтын адамдардың рөлін ойнуда енжарлық таныта алады. Бұл баланың қиялына және шығармашылығына байланысты. Ойын барысында кейбір бала өз белсенділігін жақсы көрсетсе, кейбір балалар құлықсыздық танытып, басқалармен тіл табыса алмауы мүмкін. Мұндай жағдайда тәрбиешінің немесе ата-ананың балаларды ұйымшылдыққа, жолдастыққа шақыруда шеберлігі болуы тиіс. Бала бойында ұжымшылдық, достық сезімдерді қалыптастыруда ойынның рөлі ерекше. Бала ойыншықты басқалармен бөлісе ойнай отырып, тез тіл табысуды, сыйластықты, басқаларды құрметтеуді үйренеді.

Бала бойында жақсы қасиеттерді қалыптастырғымыз келсе, күнделікті іс-әрекетімізге абай болуымыз керек. Себебі, бала үлкендерге, ата-анасына еліктейді, солардан көргенін ойын барысында қайталайды. Ата-ана, тәрбиеші болсын баласының дұрыс өсіп, жақсы азамат болып қалыптасуы үшін жақсы жағдай жасап, баланың ойындарын қадағалап, тәрбиелік маңызы бар ойындар ойнатуы керек. Бала ойыннан қанағаттанушылық сезімін алуы тиіс. Ойын барысында баланың іс-әрекеттерін, дұрыс сөйлеуін, қарым-қатынасын қадағалау маңызды.

Қазіргі кезде өкінішке орай, балалардың көбісі ұялы телефонмен, компьютермен ойнағанды ұнатады. Рөлдік сюжеттік ойынға қызығушылықтары азая түсуде. Бұл ойындар балаға зиян әкелмесе, пайдасы аз деуге болады. Себебі, баланың денсаулығына тигізетін әсерімен қоса бала өзімен-өзі тұйықталады, ешкіммен қарым-қатынас орнатпайды, жүйке жүйесіне әсер етіп ашушаңдық, сабырсыздық секілді мінездер пайда болуына әкеледі. Ондай балалар көпшілік ортаны, басқалармен бірге ойнауды ұнатпауы мүмкін. Сондықтан ата-аналар өз баласын бақылауда ұстағаны жөн. Сонымен бірге, оларды көбіне ойын арқылы тәрбиелеуге мән берген маңызды.

#### Әдебиеттер

1. Жарықбаев Қ. Жантану. Алматы, 2008
2. Жұмабекова Ф., Нұрғазиева Н., Жамалиева С. Психология (мектепке дейінгі кезең): Астана, 2015
3. Намазбаева Ж.И. Психология: Алматы, 2005



## ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕР ЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Халқымыз бір қолымен бесігін, екінші қолымен әлемді тербеткен ананы ерекше сыйлап, құрмет көрсеткені бізге белгілі. Қазіргі таңда әйелдер саясатта, бизнесте, экономиканың барлық салаларында ер азаматтармен қатар еңбекке белсене араласып, өздерінің біліктілігімен, қабілет, дарынымен, іскерлігімен көзге түсіп отыр. Олар мемлекетіміздің өсіп – өркендеуіне лайықты үлестерін қосуға белсене араласып жатыр. Әйел адамзаты жер шары халқының жартысын құрайды. Олардың түйінді мәселелері зор әлеуметтік маңыздылыққа ие.

Қазіргі уақытта бүкіл жер шары бойынша тарихи қалыптасқан еразаматтарының әйел азаматтарынан үстем болуы әртүрлі өзгерістерге ұшырап отыр. Өнеркәсіптік дамыған және әлеуметтік бағытталған мемлекеттерде құқықтары мен мүмкіндіктері туралы сұрақтарында, қажеттіліктерінде әйел азаматтары біршама теңдікке жетті. Әйел адамның күнделікті өмірдегі амандығы бүкіл қоғамға жағымды әсер етіп, адамзаттың дамуының көрсеткіші болып саналады. Бірнеше ғасырлар бойы адамзаттың санасында қалыптасқан азаматтық қоғамдағы әйел адамзатының екінші дәрежедегі рөлі мәселенің түйіні болып табылады. Өкінішке орай, бұл мәселе бойынша біршама даму орын алып отырса да біздің қоғамда ер азаматы мен әйел азаматы арасында теңсіздік сақталғаны белгілі.

Қазақ халқы қыз баланы әрқашан әлпештеп өсірген. Төріне отырғызып, төбесіне көтерген. Анаға, әйелге ерекше құрмет көрсеткен. Өкінішке қарай, қазір осынау жақсы салт-дәстүрімізден тамырымызды үзіп, ажырап бара жатырмыз. Әлбетте, біз демократиялық жолмен жүреміз. Бірақ қазіргі мынау жаһандану заманында біз ұлттық түбірімізден ажырап қалмау жағын да ойластыруымыз қажет.

Жалпы, гендерлік саясаттың даму тарихының шығуы ХІХ ғ. басталады деп санауға болады. Батыс Еуропа және АҚШ елдерінде екі жыныстылардың теңдігі туралы феминистік қозғалыстары пайда болғаны белгілі. Бұның негізгі бағыты - әйелдердің сайлау құқығы туралы күрестері болды.

Феминизм, гендерлік саясат деген ұғымдар 18 ғасырда Еуропада дүниеге келгені мәлім. Алғашында әйел теңдігі Солтүстік Америкада 1775 – 83 жылдары тәуелсіздік соғысында көтерілген болатын. Феминистер ХVІІІ ғасырдың аяғы мен ХІХ ғасырдың басында еркектермен қатар еңбек ету, білім алу, тек еркектер ғана пайдаланатын саяси құқықтарға қол жеткізуді ғана көздеген еді. Әлемде осылайша әйелдер ұйымдары дүниеге келген болатын.

Феминизм (лат. *femina* - әйел) – әйелдердің еркектермен саяси, экономикалық, мәдени, жеке және әлеуметтік құқықтарының теңдігі жолындағы және әйелдердің кемсітушілігіне қарсы қоғамдық қозғалыс болып табылады. Феминизмнің басты идеясы – қоғамның бүкіл саласында әйелдерге еркектермен тең мүмкіншіліктерді орнату еді. Феминизм теория ретінде Батыстың интеллектуалдық ағымдарынан бастау алған: либералдық философия және адам құқығы (Локк, Руссо, Миль және тағы басқа негізін қалаушылары), әлеуметтік теория, адамның сексуалдық тәлімін әлеуметтік және саяси тұрғыда қаралуы (Зигмунд Фрейд, Вильгельм Райх, Маргарет Мид, Франкфурт мектебінің философтары: Герберт Маркузе және Теодор Адорно).

Әйелдік зерттеулердің жаңа дәуірі 1986 жылы американдық зерттеушісі Джоан Скоттың «Гендер - полезная категория исторического анализа» мақаласы жарыққа шыққан соң басталды. Осы уақыттан бастап «гендер», «пол-род», ұғымдары бұл мәселелерді зерттеуде маңызды категорияға айналды. Бұл көзқарас аясында «гендер» концептісі жыныстар арасындағы теңсіздіктің әлеуметтік сипатын жоюға бағытталды.

Әйел тақырыбын талқылауда бүгінгі күннің өзінде үлкен орын алатын жұмыс ол атақты француз философы Симон де Бовуардың 1949 жылы баспадан шыққан жұмысы «Екінші жыныс» деп аталады. Онда әйел мәселесі философиялық тұрғыдан қарастырылған.

Ал, Қазақстанда әйел бейнесі мен гендерлік мәселені зерттеудің дамуына «Введение в теорию гендера» (Алматы, 1999) деп аталатын топтық ғылыми жинақ пен «Пол женщины» жинағы (Алматы, 2000) үлкен түрткі болды.

Әйел теңдігі мәселесі қанша жерден көтерілгенімен, шындап келгенде, жаратылыс тұрғысын да еркек пен нәзік жандылар тең емес. Әрқайсысы өзіне тән қасиеттермен ерекшеленетіні белгілі.

Гендерлік саясат дегеніміз, әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешуекені белгілі. Бұл гендерлік саясат – қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет болып табылады.

Гендерлік саясат дегеніміздің басты мәні, әйел адамның табиғат берген бүкіл қасиет – мүмкіндіктерін жарқырата көрсетуі, өзінің өмірден теңін тауып, отбасының ұйытқысы болып, сәбилерін бауырына басуы. «Отбасы – шағын мемлекет» десек, сол мемлекеттің іргетасы мықты болуы, оның гүлденуі және дамуы, төңірекке шуақ шашуы – сол әйелдің басты бақыты. Осы бақытты да қоғаммен қосаалып жүреалса, онда мемлекетіміздің өркендеуіне зор септігін тигізетіні сөзсіз. Әрбір ошақ мықты болса, бүтіндей еліміз де мықты болады.

Әр халық қыз баласын тәрбиелеу жүйесін ғасырлар бойы жинақтап, өз уысында ұстай білді. Қыз бала тәрбиесіне мән беріп, оның қағидалары мен ережелерін ұстанғандардың бірі – қазақ халқы. Қазақ елінің тарихи, әлеуметтік – экономикалық жағдайларының, халықтың көшпелі өмір салтының ерекшелігіне сәйкес қыз баланы тәрбиелеуде өзіне тән талаптары қалыптасты. Қазақ халқында әр отбасындағы қарым – қатынастың өзіндік ерекшелігі ретінде, біріншіден, қыз балаларға деген мейірімділік, екіншіден, белгілі бір дәрежеде қатаңдық орын алды. Демек, «әйелді сүйіктіге айналдыратын – ар мен ұят» деп білетін қазақ халқы әйелдік қадір – қасиет туралы қыз балаларына жастай тәрбие жүргізеді.

И.Қарақұлов «Қырық сұрақ» атты еңбегінде жастарды отбасын құруға даярлау, жыныстық тәрбие жайлы диалог ретінде берілген ойлар мен деректер, жастар тәрбиесіне көңіл бөле келіп, ана ұғымын терең түсіндіріп, анаға деген ілтипат, құрметтеу сезімдерін ғылыми тұрғыда дәлелдеген.

З.Ө.Жантекеева жыныстық тәрбиені ұл мен қыз арасындағы гигиеналық, физиологиялық және жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі кезеңге бөліп қарастырған. Жас ерекшелігі кезеңдеріндегі өзгерістерге, мінез-құлық пен көңіл-күй толғаныстары, достық қатынастарын дұрыс түсініп, оларға аса сезімталдықпен қараудың маңызын көрсеткен.

Әйелдік қадір – қасиет дегеніміз әйелдерге тән әдеп-иба, ар-ұят, бауырмалдылық, мейірім-шапағаттылық, кеңпейіл-кешірімділік, адалдық пен пәктік, нәзіктік пен биязылық болып табылады.

Әйелдер мәселесі тарихи жағынан алғанда да, бүгінгі шынайы уақыт шеңберінен алғанда да бұқаралық санаға әсер ететін, қоғам дамуына да ықпалды көпшілік құбылыстар қатарына енген.

Қазақ тарихында, ұлт мәдениетінде, салтында, дәстүрінде әйел адамның, қыз баланың қоғамдағы орны ең алдымен отбасындағы орнымен қадірлі саналған. Яғни, әйел адам қоғамымыз үшін болашақ ұрпақты жалғастырушы ана, мемлекет өміріндегі жауапты қызметкер, отбасындағы аяулы жар екендігін біз ешқашан науқандық саясатқа айналдырмауымыз қажет екенін естен шығармаған дұрыс.

«Әйелдер – отбасы тірегі, яғни – мемлекет тірегі. Біздің еліміздің болашағы біздің бүгінгі баланы тәрбиелеуімізге тікелей байланысты», - деп Елбасымыз айтқандай, бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналарымызсыз қоғамды елестету мүмкін емес. Отбасы барлық кезде адами құндылықтар, ұрпақтардың мәдени және тарихи мұрасы сақталатын асыл ұя, қоғамның іргетасы болып табылады. Елбасымыздың «Отанға деген ыстық сезімі жақындарына, туған – туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады», - деген сөзінің астарына үңілсек, тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасында алып, онда адамгершілік пен ізгіліктің негізі қаланатындығын сезінуге болады.

Отбасындағы тәрбие мәселелерінде заманауи мазмұн сипат алғанмен, көп жағдайда дәстүрлі әдістерді қолданатындығы рас. Этнопедагогикадағы тәжірибеден сыналған озық тәрбие әдістерінің бірі: *үлгі тұту, өнеге көрсету*. Қазақ отбасындағы ұрпақ тәрбиесіндегі – адамгершілік қасиеті жоғары адам болу үлгісінің негізгі кейіпкері баланың *әкесі мен анасы болмақ*. Бұдан ересек адамдардың жастарға үлгі бола білуі және әрбір ата-ана баласының рухани-әлеуметтік сұранысына жауап беруге ұмтылу қағидасы туындайды.

#### Әдебиеттер

- 1 Шакирова С.М. Теория гендера. – Алматы: АГУ, 1999.
- 2 Шеденова Н.У. Социальные проблемы женского труда в условиях рыночных отношений. – Алматы: Галым, 1998.
- 3 Сарыбекова Ж.Т. Қыздар тәрбиесін ұйымдастыру: Оқу құралы. – Тараз: Тараз университеті, 2015. – 21 б.
- 4 Воронина О.А., Васильева Э.П., Якимова Е.В. Феминизм: перспективы социального знания. – М., 1992.
- 5 Симон де Бовуар. Второй пол. – М.: Прогресс, СПб.: Алетейя, 1997.
- 6 Қарақұлов И. Қырық сұрақ. – Алматы: Жалын, 1983. – 119 б.
- 7 Жантекеева З.Ө. Қыз намысы. – Алматы: Білім қоғамы, 1977. – 36 б.
- 8 Қоңырбаева С.С. Отбасы: бала мен ата-ана. – Алматы, 2006.- 199 б.

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АУТИЗІМІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Балалар аутизмi – психологиялық дамудың бұзылуы, мұндай балалар адамдармен қатынасуда және әлеуметтік әрекеттестікте қиындыққа ұшырайды. Аутистік дамудың бір ерекшелігі – сөйлеу және интеллектуалдық мүмкіндіктері қалыпты болғанына қарамастан, бала бұл мүмкіндіктерін шынайы өмірде, айналасындағылармен араласқанда қолдануға асықпайды [3,96 б. ].

Қазіргі уақытта әлемде аутистік ауытулары бар балалар саны күрт артып барады. Осыдан 20 жыл бұрын әр 10 мың балаға шаққанда аутизммен ауырған 3-4 бала тіркелетін болса, қазір бұл сан 10-нан 20-ға дейін жеткен. Аутизмнің жайылуын эпидемияға теңейтіндер де бар. Мұндай дертке шалдыққан балалар саны Қазақстанда да артып барады. Облыстың психолого-медико-педагогикалық консультациялардың деректеріне сенсек, 2002 жылы 93 бала аутизмге шалдыққан болса, 2010 жылы 465 балаға артқан.

Аутизмге шалдыққан балалар саны артқандықтан, оларға лайықты және уақтылы коррекциялық көмек көрсету қажеттілігі туды. Аутизмi бар бала қоғамға бейімделуі үшін оған үнемі қолдау және симуляция қажет болады. Егер аутизмi бар баланың отбасы балабақша, мектеп, әлеуметтік қоршаған орта сияқты қоғамдық институттардан өзіне қажетті қолдауды ала алатын болса, онда көмек көрсетуге мүмкіндік бар. Қоғам тарапынан түсіністік болуы үшін халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, аутизмi бар балаларды оқыту және әлеуметтік тұрғыдан дамыту бойынша білімдерін арттыру қажет. Әр баланың өз ерекшелігі бар, сондықтан әрқайсысы өз тәжірибесі негізінде дербестігін және қабілетін дамытуға тиіс. Жетістікке жетіп, тәжірибе жинау үшін оған сіздің қолдауыңыз бен оң көзқарасыңыз қажет. [1,482 б. ]

Психикалық дамудағы ауытқудың бөлек түрі түрі ретінде балалар аутизмін алғаш ретін 1943 жылы доктор Л.Каннер ұсынды. Ол балалар арасында кездесетін дамудағы ауытқуды сипаттай келе бұл құбылысты «ерте жастағы балалар аутизмi» (Каннер синдромы) деп атады. Оның негізгі белгілері мыналар:

- айналадағы адамдармен эмоциялық байланыс орнатудағы елеулі қиындықтар;
- үнемі қайталанатын, біртекті әрекеттерді орындауға деген зор құлшыныс;
- белгілі бір нысандарға қатысты істерге шамадан тыс ден қою;
- сөйлеуге мүмкіндігі бола тұра сөйлемей (мутизм), немесе адамдармен қарым-қатынаста сөйлеу әдісін қолданбау;
- белгілі бір салаларда ерекше қарым-қабілетінің болуы.

*Аутизмнің диагностикалық критерийлері [2, 333 б.].*

Оныншы рет қайта қаралған аурулардың халықаралық классификациясына (МКБ-10) сәйкес балалар аутизмi дегеніміз – психологиялық дамудың первазивтік бұзылу (жалпы, барлық жерде кездесетін, әртүрлі фомадағы) түрі. Психика дамуының барлық салаларда: сенсорлық және моторлық дамуда, танымдық және эмоциялық салада, өсе келе қалыптасатын мінез-құлықта, ақыл-ой мен тұлғалық дамуда ауытқулар байқалады.

Балалар аутизмi синдромының үш негізгі және міндетті белгісі бар:

1. қатынастың сапалық тұрғыдан бұзылуы;
2. әлеуметтік әрекеттестіктің сапалық тұрғыдан бұзылуы;
3. мінез-құлықтың стереотиптік формалары.

Қосымша маңызды критерийлеріне мыналар жатады:

- ауытқудың міндетті түрде ерте басталуы (сәби немесе кішкене бала шағында);
- биологиялық шығу тегі (орталық жүйке жүйесіндегі органикалық жетіспеушілік кесірінен);
- басқа психикалық аурулар сияқты ремиссия, рецидив жағдайлары болмай, үнемі көрініс табуы.

МКБ-10 балалар аутизмін психикалық аурулар симптомы (шизофрения), әлеуметтік психиканы жаралаушы факторлардың (психогендік аутизм, парааутизм) әсерінен болған ауытқулармен бірге, бір топта қарастырмайды.

Балалар аутизмi - дамудың асинхронды және ауытқыған түрі. Мұндай жағдайда психиканың кей тұстары уақытымен дамыса, енді бірі уақытынан озып кетеді, ал кей түрлері мүлде артта қалып қояды. Аутизмi бар балаларда интеллектуалдық және эмоционалдық дамудың айырмашылығы үлкен болады, бір салада көп жетістікке жетсе, бір сала дамымай қалады.[4, 95 б.]

*Аутизм симптомдары [3, 98 б.]:*

1. Әлеуметтік әрекеттестіктің сапалық тұрғыдан бұзылуы:

а) басқа адамдардың әрекеттеріне эмоциялық реакцияның немесе жағдайға қарай тиісті мінез-құлықтың болмауы;

ә) әлеуметтік әрекеттестік және байланыс мақсатында көзқарас, беттің мимикалық құбылуы, ым-ишара әдістерін дұрыс қолдана алмауы;

б) қатарластарымен қарым-қатынас орнатып, бірге ойнай алмауы;

в) басқа адамдармен араласқанда эмоционалды, әлеуметтік тұрғыдан лайықты жауап қатпауы, ортақ мүдденің болмауы.

2. Қатынастағы сапалық ауытқулар:

а) сөйлеу әдісін коммуникативтік тұрғыда қолданбауы, сөйлеуді қолданбаған жағдайда оның орнына дауыс ырғағын, ым-ишараны, мимиканы пайдаланбауға тырыспауы;

ә) басқалармен салыстырғанда әңгімені бастап, оны әрі қарай жалғастыруда (сөйлеу дамуының кез келген кезеңінде) қиындық көруі, сөйлеу арқылы ойын білдірудің дамып-жетілмеуі, қайталанатын, стереотипті сөйлеу әдісі;

б) рөлдік және әлеуметтік тұрғыдан имитация жасайтын ойындар кезінде өзін дұрыс ұстамауы, синхрондылықтың болмауы, қатынас кезінде айналасындармен лайықты түрде әрекетке түспеуі.

3. Мінез-құлық формаларының, қызығушылықтарының және белсенділігінің шектеулі, қайталанбалы және стереотиптік болып келуі:

а) Күнделікті өмірдің түрлі салаларында қатып қалған темірдей тәртіп орнатуға ұмтылуы; белгілі бір заттарға, әрекеттерге (рәсімдерге), қызығушылықтарға ерекше ден қоюы;

ә) стереотиптік және шектеулі әрекеттер мен қызығушылықтарға толықтай берілуі;

б) моторлық стереотиптер;

в) заттардың кейбір бөліктеріне, ойыншықтардың маңызды емес элементтеріне (олардың иісіне, сыртқы материалына, шығаратын дыбысына, вибрациясына) ерекше мән беруі.

Балалар аутизмне диагноз қоюдың қосымша белгілеріне үрей, ұйқының бұзылуы, дұрыс тамақ ішпей, ызақорлық және агрессивтілік, және өзіне қарсы агрессия сияқты белгілер жатады. Балалар аутизмі кезінде сандырақтау және галлюцинация (елес) болмайды. Аутистикалық регрессия (қалыптасқан психикалық функциялар мен дағдылардың жойылуы) болды ма, әлде қазір болып жатыр ма, осыны анықтап алу қажет. Балалар аутизмі кезінде көру, есту қабілеттері де нашарлауы мүмкін.

*Аутизмнің таралуы:*

Осыдан 20-10 жыл бұрын әлемнің түрлі елдерінде аутизмге шалдыққандардың саны әрбір 10 мың балаға шаққанда 4-тен 26-ға дейін болып келетін. Эпидемиологиялық зерттеулердің көбіндегі мәліметтерге сенсек, балалар аутизмінің негізгі түрлері - Каннер және Аспергер синдромымен ауыратындар саны әр 10 мың балаға шаққанда 4-5 баладан келген. Соңғы жылдары аутистік сектордың балалар аутизміне ұқсас түрлі ауытқулары табылғалы бері мұндай балалар саны әр 10 мыңға 30-60 баладан келетін болды. Қазақстандағы облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың статистикасына сенсек, 2014 жылы аутизмге және аутистік спектр ауытқуларына шалдыққан 1456 бала тіркелген.

Түрлі деректер бойынша Каннер синдромына шалдыққан ұлдар мен қыздардың үлесі 3:1 не 4:1 болып келеді. Яғни, бұл дертке шалдыққан ұлдар саны қыздардан 3-4 есе көп. Аутистік ауытқулар спектріндегі аурулар саны артқан сайын ондағы ұлдардың да үлесі 13:1, 13:1,5 болып арта түсетіні белгілі болды.

*Аутизмнің себептері:*

Аутизмді тудыратын нақты себептер әлі анықталған жоқ. Түрлі елдердің зерттеушілері аутизмнің пайда болуы мен қалыптасу механизмдеріне байланысты ортақ теория қабылдай алмай келеді. Аутизм баланың ерте дамуы кезінде мидың барлық немесе бірнеше функционалды жүйесіне әсер ететін көптеген факторлардың тоғысуынан болған бірнеше ауытқудың кесірінен қалыптасады деген тұжырым бар. Аутистік ауытқуларға алып келетін отыздан астам фактор бар. Ықтимал себептерді үш топқа бөліп қарастырамыз [3, 96 б.].

**Себептердің 1-тобы** тұқым қуалаушылықпен байланысты. Кейбір мамандардың айтуынша, аутизм – тұқым қуалайтын ауру және ол гендік деңгейде беріліп отырады. Кей жағдайларда бұл тұжырымның растығын дәлелдейтін мысалдар да бар, себебі аутистік белгілер бір отбасының мүшелерінен байқалып жатады. Алайда, ғалымдар аутизмге жауап беретін генді әлі күнге таба алған жоқ.

**Себептердің 2-тобына** хромосомалық (генетикалық) мутация, зат алмасудың туа бітті аурулары жатады. Кейбір генетикалық синдромдар мен зат алмасу ауруларының клиникалық симптомдарының қатарына аутистикалық белгілер де кіреді. Мұндай аурулардың қатарында сынғыш (фрагильді) X-

хромосома, Ретт, Мебиус синдромдары, сонымен қатар фенилкетонурия, мукополисахаридоз және басқалары бар.

**Себептердің 3-тобы** орталық жүйке жүйесінің түрлі себептермен зақымдалуымен байланысты. Оған мыналар түрткі болуы мүмкін:

а) жүктілік және туу кезінде түрлі патогендік факторлардың әсер етуі: нейроинфекция, вирустық инфекция, жарақат, асфиксия, және т.б. Мұндай жағдайда аутизмді аурудың салдарынан болған жүйке жүйесінің резидуалды-органикалық күйі деп қарастырады.

ә) биохимиялық, нейробиохимиялық және метаболикалық ауытқулар. Арнайы зерттеулер (жұлын сұйықтығы, қан, несеп сараптамалары) көрсеткеніндей, аутистикалық симптомдар физиологиялық тұрғыдан белсенді заттар (серотонин, катехоламин және дофамин) алмасуының бұзылуынан болады. Биохимиялық өзгерістер мен аутистикалық белгілердің арасындағы байланыстың бар екенін дәлелдейтін зерттеулер бар.

б) екпе салу, экологиялық жағдайдың нашарлығы, дұрыс тамақтанбау салдарынан ауыр металдардың (сынап, қорғасын, кадмий) ағзаны улауы. Кейбір зерттеу нәтижелері көрсеткеніндей, аутизм синдромдарының пайда болуына қоршаған ортада және азық-түлік құрамында бар ауыр металдармен улану да әсер етеді. Аутизмнің пайда болуына иммундық дисфункция мен екпе салудың әсері де зерттелді. Баланың улануына екпе дәрінің құрамында сынаптың консервант ретінде кездесуі де әсер етуі мүмкін деген болжам бар. АҚШ-тың Калифорния штатында құрамында сынабы бар екпе дәрілер санын шектеу аутизммен ауырған балалар санын 25%-ға төмендетті деген дерек бар. Десе де, аутизммен ауыратын балалардың арасында ешқандай екпе алмаған, қан құрамында сынаптың мөлшері көп емес балалар да жетерлік.

Аутизмнің аталған себептерінің барлығы тек аутизмге ғана емес, психологиялық дамудың басқа да ауытқуларына тән. Бала дамуының түрлі кезеңдерінде оның ағзасына әсер ететін факторлар (тұқымқуалау, органикалық, биохимиялық, әлеуметтік) өте көп. Аутизмнің пайда болуында тұқымқуалаушылық пен органикалық факторлар шешуші рөл ойнаса, психогендік факторлар аутизмді тудырып, қоздырып, күрделілендіретін фактор рөлін атқарады.

Қорыта келгенде, аутизмді бар бала өзі қалап тұрса да, басқа балалар күнделікті өмірде ешқандай қиындықсыз меңгеріп алатын адамдармен қарым-қатынас жасасудың, әрекеттесудің жалпыға ортақ әдістерін өз бетімен меңгере алмайды.

#### **Әдебиеттер**

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.
2. Джереми Тейлор. Здоровье по Дарвину: Почему мы бодем и как это связано с эволюцией = Jeremy Taylor: "Body by Darwin: How Evolution Shapes Our Health and Transforms Medicine". – М.: Альпина Паблишер, 2016. – 333 р. – ISBN 978-5-9614-5881-7.
3. Лебединская К. С., Никольская О. С. Диагностика раннего детского аутизма: начальные проявления. – М.: Просвещение, 1991. – 96 с. – ISBN 5-09-003454-0.
4. Лебединская К. С., Никольская О. С., Баенская Е. Р. и др. Дети с нарушениями общения: ранний детский аутизм. – М.: Просвещение, 1989. – 95 с. – ISBN 5-09-001264-4.

**Сейдина М.З.**

(Астана қ., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті)

## **ЕРЕСЕКТЕРДІҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталғанын айта келе, «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасак, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек», -деп атап көрсетті [1]. Бұл жаһандық өзгерулер мен ғаламдық процестер контекстінде еліміздің тәуелсіздік дәуіріндегі ұлттық және зияткерлік әлеуетінің жаңа сапасын шығармашылықпен жаңғыртудың қажеттілігін ұғынуға ықпал етеді.

Бұл жаңа дәуірдегі экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени, педагогикалық, психологиялық өзгерістерге ересек адамдардың толеранттылығын қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады.

Психология ғылымында толеранттылық мәселесіне соңғы онжылдықта назар аударылды. «Толеранттылық» ұғымының негізгі сипатын жеке тұлғаның мінез-құлқымен байланыстырады, атап айтқанда :

- «Сәйкестік» - Р.Фогельсон, Э.Эриксон, В.А.Лекторский;
- «Басқаны құрметтеу» - И. Дзялошинский, Г.Шеламова, Т.Загоруля;
- «Белсенді өмірлік ұстаным» - А.А.Асмолов;
- «Өзара әрекеттесудің ерекше тәсілі ретінде тұлғааралық диалог» - С.Братченко;
- «Креативтілік» - Н.Бахорева, С.Бондырева, Д.Колесов, Г.Солдатов.

Ал, «ересек адамдар» дегенде біздің ойымызға оралатын тұжырым: «Кәмелеттік жасқа толған, рухани-моральдік жағынан жетілген адам».

Психолог И.Б.Гриншпун «толеранттылық» ұғымын жеке адамның сипатына байланысатын параметрлерді ұсынады:

1. Толеранттылықтың объективті қатынастары. Толеранттылық әртүрлі нысандар мен әртүрлі түрлердің өзара байланыстарынан сараланғаны анық.

2. Толеранттылық ауқымы. Толеранттылықтың жеке сипаты өзара фрустрациялық шегі санының шартты белгісі ретінде анықталады.

3. Толеранттылықтың фокусы. Екі полюстің біреуіне стилистикалық жақындығы (толеранттылық-интолеранттылық) немесе ықтимал баланс белгілейтін типологиялық сипаттамасы.

4. Толеранттылықтың тұрақтылығы. Уақытша сипаттамасы.

5. Динамикалық толеранттылық. Бұл уақыт ауқымы мен осы өзгермелілік параметрлерінің өзгермелілігіне нұсқайды. Төзімділік статистикалық емес, біріншіден, ережеге нақтылық, екіншіден, полюстердің біріне жақындаған кезде баса назар аударудағы ықтимал өзгеру динамикасы.

Жоғарыда көрсетілген параметрлер адамның басқа адамдарға деген қарым-қатынасын сипаттау және толеранттылық дәрежесін анықтау үшін психологияда коммуникативтік толеранттылық қолданылады. Бұл адамның тәрбиесі мен дамуының барлық факторларын, оның құндылықтар жүйесін, мәдениетін, темпераментін, ойлау қабілетін және әлеуметтік тәжірибесі мен қарым-қатынасын біріктіреді.

Күнделікті өмірде барлық адамдар басқалармен өзара әрекеттеседі, әр жағдайда әрбір адам үшін толеранттылық дәрежесі өзгереді. Бірақ адамдағы көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, ол басқалармен ортақ тіл табады, яғни түсіністікке жетелейтін толеранттылыққа негізделген өзара әрекеттестік жүйесі тізбектеледі.

Коммуникативтік толеранттылықты төмендегідей түрлерге бөлуге болады:

- нақты бір адамға қатысты өзін көрсететін *ситуациялық жағдай*. Эмоциялардың бағыты тұрақты болып табылады: объект симпатиялық немесе жағымсыз;

- адамдар тобына (ұлттарға, мамандықтарға) қатысты *типологиялық жағдай*. Белгілі бір типтегі өкілдермен қарым-қатынас жасағанда, адамдардың бүкіл тобына қатысты оң немесе теріс эмоциялар бар;

- *кәсіптік толеранттылық* адамның белгілі бір мамандығына және жұмыс процесінде өзара қарым-қатынас жасайтын адамдардың түрлеріне байланысты. Мысалы, әртүрлі науқастармен айналысатын дәрігердің толеранттылығы: қыңыр, агрессивті, режимді және басқаларды бұзады;

- адамға адамның өзіндік сипаты, моралі мен өмірлік тәжірибелік қасиеттерін ескере отырып *жалпы* қарым-қатынас жасауы.

Л.Ю.Рюмшина: толеранттылық - қолайсыз факторлар болған жағдайдағы *адамның тұрақтылығы*. Мысалы, толеранттылық қауіпті жағдаятта үрейлену эмоцияның шегін арттырса, сыртқы бейнесі бейтараптылықты төмендетпестен ұзақ уақыт бойы қолайсыз әсерлерге шыдамдылықпен, ұстамдылықпен, өзін-өзі басқаруымен ерекшеленеді [2].

Е.Ю.Клепцова толеранттылықтың мазмұнын көзқарас, пікір, бағалау, наным-сенімдер, адамдардың мінез-құлқы және т.б. келіспеушіліктер жағдайында жеке тұлғаның жеке қасиеті болып табылатындығымен толықтырады. Сонымен қатар, толеранттылықтың механизмдері (ұстамдылық, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі байқау) объектіге сезімталдықтың төмендеуінде көрінеді [3].

А.Г.Асмоловтың «толеранттылық» ұғымын үш қиылысатын мағынада түсіндіреді: 1) «тұрақтылық», «шыдамдылық»; 2) «төзімділік»; 3) «шегі», «ауытқушылықтың шегі» [4].

Психологтар Г.У.Солдатова, Л.А.Шайгерова, О.Д.Шарова: «Толерантты адам - «өзін жақсы білетін және басқаларын танитын адам». Мейірімділік пен рақымшылықтың көрінісі - толерантты қоғамның маңызды құндылығы және толерантты адамның ерекшелігі» [5].

Психологияда толеранттылық негізінен оның жеке көріністеріне, яғни адамның жеке қасиетімен байланысады. Бір жағынан, бұл тұрақты және туа біткен, кем дегенде, қатаң психологиялық

конструкциялармен байланыстырылған қасиет, ал екінші жағынан, қарым-қатынасты өзгерту арқылы психологиялық түзетуге жатады.

Толеранттылық халықаралық, қоғамдық және тұлғааралық қатынастардың маңызды принципі ретінде, басқа адамдарға деген құрмет пен тең қарым-қатынастың болуын білдіреді. Бір қоғамда бірлесіп тіршілік етудегі ересек адамдардың коммуникативті толеранттылығы бөтен адамдардың көзқарастары мен құндылықтарына, мінез-құлқында либералды шешімді орната алуы мен басқа адамға тәуелді болмаса да оларға ашық болу, агрессия көрсетпеу.

Толеранттылық - адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын мойындау негізінде қалыптасқан белсенді қарым-қатынас, олай болса, толеранттылықты диалог арқылы және пікірлер мен позициялардың әртүрлі жолымен жүру қабілетіне күмәнданбайтын күшті және ақылды адамдарға арналған артықшылық ретінде ұғыну керек.

Толерантты ересектердің жеке ерекшеліктері туа біткен емес, ол бала кезінен басқа адамдармен өзара қарым-қатынас жасай бастаған сәттен бастап қалыптасатын әлеуметтік қасиеттері ие болып табылады.

Ересектердің қалыптастырудың екі жолы бар: интолеранттылық және толеранттылық. Бірінші жолы, өзінің айрықшылықтығы, жауапкершілікті басқаларға беру ниеті, қауіп-қатер төніп тұрған қатерді қабылдау, қатаң тәртіпке және күшті билікке ұмтылу. Екінші, бұл басқаларға оң көзқараспен және әлемге мейірімділікпен еркін қатынас жасай білетін адамның жолы.

Интолеранттылық шыдамсыз, үрейлі адам, кінәні өзінен емес басқа адамнан іздейді. Сондай ересектердің өмірде жиі кездесуі қоғамда түрлі проблемаларды тудыруға ықпал етеді. Қоғамның еркін дамуы мен жалпы өмір сүруіне деген күреске қажетті принциптер мен құндылықтарды алға қою бүгінгі таңда толеранттылықты қалыптастыруға тікелей байланысты.

Сонымен, ересектерге толеранттылықты қалыптастырудың маңыздылығын төмендегідей топтастыруға болады:

Біріншіден, ата-аналардың отбасындағы өзара қарым-қатынасы балалардың еркін өмір сүруіндегі өмірлік қағидаларды шынайы, біртұтас қабылдай алуы;

Екіншіден, ересектердің әртүрлі әлеуметтік институттармен толерантты орта жасау принципі тепе-теңдік, үйлесімділік іс-әрекеттер мен рефлексивті көзқарастардың болуы, мінез-құлық ерекшеліктеріне сәйкес қабылдауы тұрақты.

Үшіншіден, ұлттық болмыс ерекшеліктеріне сәйкес, ұрпақтан ұрпаққа берілетін толеранттылық жол.

Толеранттылық - Қазақстан жағдайында бірін-бірі түсіну, сену мен құрметтеу және азаматтық келісімді орнату, ұлтаралық татулықты сақтау біздің текпен келген, мінез сипатына тән құбылыс.

Толеранттылық – ересектер жағдайында ішкі рухани күй. Егер, біздің қоғамымызда толерантты ересектер неғұрлым көп болса, оның тұрақтылығы да жоғары болады. Толерантты ересек адамдар - өмірлік тәжірибе мен әлеуметтік қарым-қатынастың, үздіксіз рухани ізденістің жемісі.

Ересектердің толеранттылығын қалыптастыру психология ғылымының салаларымен тығыз байланысады. Психология салаларының бәріне ортақ құбылыс – пән біртектілігінің сақталуы.

#### Кесте 1 - Ересектердің толеранттылығын қалыптастырудағы психология салаларының мүмкіндіктері

Нақты іс-әрекет бойынша	Даму бойынша	Адамның әлеуметтік жағдайы мен оның қоғамға қатынасы бойынша
еңбек психологиясы	салыстырмалы психология	әлеуметтік психология. Бөлімдері: этностық психология, ұлт психологиясы, дін психологиясы.
педагогикалық психология. Бөлімдері: оқыту психологиясы, тәрбие психологиясы, мұғалім психологиясы.		тұлға психологиясы
медициналық психология. Бөлімдері: нейропсихология, психофармокология, психопрофилактика және психогигиена, патопсихология, клиникалық психология.	даму психологиясы: балалар психологиясы, жеткіншектер психологиясы, жасөспірім психологиясы, ересек адам психологиясы, герантопсихология.	топтар психологиясы
өнер психологиясы		тап, тайпа психологиясы
Заң психологиясы. Бөлімдері: сот психологиясы, қылмыс психологиясы, еңбекпен түзету психологиясы.		ұлыс, ұлт психологиясы
спорт психологиясы және т.б.		

Ересек адам көп сатылы құрылымға ие. Ол жеке өзінің бағыт-бағдарын, қоғамға, басқа ересектерге, өзіне қатынасынан және қоғамдық әрі еңбектік міндеттерінен туындайды. Сонымен бірге, ересек адам үшін мәнді құбылыс тек оның ұстанған бағыттары ғана емес, оның өз қатынас мүмкіндіктерін іске асыру қабілеті де үлкен маңызға ие. Ал, бұл өз кезегінде адамның іс-әрекеттік икемділігіне, оның қабілеті, білімі және ептілігіне, көңіл-күй, еріктік және ақыл ой сапаларымен байланысып жатады.

Сонымен қатар, толеранттылық психикалық құбылыстардың (психикалық процестер, психикалық жағдайлар (қалыптар, күйлер), тұлғаның психикалық қасиеттері) өзара байланысында да көрінеді.

Қорыта келе, қоғамдағы ересектердің толеранттылығын қалыптастыру ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың негізі ретінде мәдениетаралық және этносаралық келісім мен тұтастықты қамтамасыз етеді.

#### Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы // [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)
2. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (жүгіну мерзімі 4.02.2018).
3. Рюмшина Л.Ю. Библиотека психологии и педагогики толерантности // Вопросы психологии. – 2002. – № 2. – С. 130-131.
4. Клепцова Е.Ю. Психология и педагогика толерантности: Учеб. пособие для слушателей системы дополнительного профессионального педагогического образования. – М.: Академ. проект, 2004. – 176 с.
5. Асмолов А.Г., Солдатова Г. У. О смыслах понятия «толерантность» // Век толерантности: Науч.-публ. вестн. – 2001. — № 1.
6. Солдатова Г.У., Шайгерова Л.А., Шарова О.Д. Тренинг «Учимся толерантности» // На пути к толерантному сознанию. – М., 2000. – С. 181.

*Сембаева С., Әбуова С.*

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,  
Педагогика және психология мамандығы студенттері  
Ғылыми жетекшісі: Күрбаева Г.А.*

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СУИЦИДКЕ БЕЙІМДЕЛУІ

Бүгінгі таңда бүкіл әлемді елеңдетіп, қоғам дертіне айналып отырған жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсауы - дүние жүзіндегі ең өзекті мәселелердің бірі. Суицидті зерттеп жүрген мамандардың пікірінше, дүниежүзінде әрбір 20 секунд сайын бір адам өзіне-өзі қол жұмсайды екен. Тіпті жылына 1 миллион адам өзін ажалға қиып, шамамен 20 миллион тұрғын өмірмен мәңгілікке қоштасуға әрекет жасайды. Сорақысы сол, бұлардың 8 мыңы қазақстандықтар екен. Ал бұл дегеніңіз, республика бойынша сағат сайын бір адам өз еркімен өмірмен қоштасады деген сөз. Әсіресе, бұл дерттің жасөспірімдер арасында кең етек жайғаны алаңдатады. Оған жасөспірімдік «өтпелі» шақта кездесетін қиындықтарды көтере алмау, айналадағылармен тіл табыса алмау, бала психологиясының толық қалыптаспауы, т.б. жағдайлар себеп болуда.

Суицид (лат; *suicidare* – өзін өлтіру) – адамның өзіне-өзінің қиянат жасап, өз өмірін қиюы.

Суицидтік мінез-құлық – бұл өзіне қол жұмсау туралы ойларға бағытталған психикалық актілердің сыртқы және ішкі нысандары. Ішкі нысандарға суицидтік ойлар (елестету, уайымдау); суицидтік үрдістер (ниет, мақсат) сыртқы нысандарға – суицидтік көріністер, суицидке оқталу (әрекеттену) жатады.

Суицидтік ойлар (елестету, уайымдау) – өмірдің мағынасыздығы, құнсыздығы туралы пассивті ойлар («Өмір сүруге тұрғысыз», «Өмірде бақыт жоқ», «Өмір сүрмейсің тек қана күнелтесің»), сондай-ақ өз өлімі туралы фантазиялар («Өлсем жақсы болар еді», «Ұйықтап содан қайта оянамын»), бірақ өзіне-өзі қол жұмсамау. Қандай да бір қақтығысты немесе жүйкені зақымдайтын жағдайларды бастан кешкенде әдетте суицидтік ойлар барлық адамдарда кездеседі, бірақ олар суицидтік үрдіске ұласпайды.

Суицидтік үрдіс (ниет, мақсат) – өзіне-өзі қол жұмсауды жан-жақты қарастыру, суицидтің жоспарын әзірлеу, өзіне-өзі қол жұмсау әдістерін, оның уақыты мен жүзеге асыратын орнын белгілеу болып табылады. Бұл ретте суицидтік әрекетті тікелей орындауға ниеттенуге байланысты сыртқы мінез-құлықта қобалжу байқалуы мүмкін. Осы кезеңде суициденттер көп жағдайларда өзінің суицидтік ниеттерін туыстарына, достарына, тұспалдап немесе әзілдеп (суицидтік көрініс) жеткізеді. Суициденттердің ішінде шамамен 15% мұны ашық және көпшілік алдында білдіреді. Қоршаған орта осындай ашық жариялауларды әдетте шындық ретінде қабылдамай, көбінесе көңіл аудармайды. Алайда оларды бағалауға болмайды. Осындай барлық жағдайларда, яғни ашық пікірлер айтылған кезде



міндетті түрде психологтың кеңесі қажет. Психолог баланың жан дүниесіне терең талдау жасай отырып тікелей ықпал ете алады.

Суицидтік тәуекел – жеке тұлғаның суицидтік және суицидке қарсы факторларының өзара қатынасы ретінде бағаланатын өзін-өзі өлтіруге ықтимал дайындалу.

Суицидке оқталу (әрекеттену) – өзін-өзі өлтіру мақсатында өз өмірін қиюға белсенді әрекеттену. Кейде суицидентке байланысты емес себептерден (жарақаттың ауыр болмауы, жіптің үзілуі, уақытылы көрсетілген медициналық көмек, реанимациялық көмек және т.б.) өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті өлімге әкеп соқпауы мүмкін. Соңына дейін жеткізілген өзін-өзі өлтіру мен демонстративтік сипаттағы өзіне-өзі қол жұмсау әрекетін соңына жеткізілмеген суицид ажырата білу керек. Соңғысы өмірмен қоштасуды мақсат етпейді. Оның мақсаты көпшіліктің көңілін өзіне аудартуға немесе жоғалтқан назарын, зейінін қайтаруға қоршаған ортаның сезімі мен аяушылығына, жазалаудан құтылуға бағытталады.

Өзіне-өзі қол жұмсау әдісі. Өзіне-өзі қол жұмсау әдісін, орнын және уақытын таңдау жанама түрде суицидтің аяқталуы сатысында суицидтік ниеттің қандай деңгейде күрделі екенін білдіреді.

Пайдалану бойынша өзіне-өзі қол жұмсаудың мынадай әдістері: асылу; қарумен жарақат келтіру; химиялық заттармен немесе медикаменттермен улану; жоғарыдан құлау, келе жатқан пойыздың астына немесе көліктің астына түсу.

Суицидке оқталу бойынша әдістер мынадай түрде өзгеше бөлінеді: улану; өзіне-өзі жарақат келтіру; асылу [1,105 б.].

Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының жұртшылыққа жариялап отырған жан түршігерлік мәліметтерінен Қазақстанда жасөспірімдер арасындағы суицид оқиғаларының көбейе түскендігін, өзіне-өзі қол салуға көбінесе олардың заң бұзуы, қылмыстық жауапкершілігі алдында үрейленуі, шыдамсыздығы, төзімсіздігі, қорқақтығы, сабақ үлгерімінің төмендігі, қызығушылық деңгейінің нашарлығы, көңіл күйінің болмауы, тез ашулануы және тәбетінің төмендігі себеп болып отырғаны баршамызға аян.

Америкалық психолог Едвин Шнейдмен суицидтің назар аударатын басты себептерінің бірі деп адам төзгісіз жан ауруын көрсетеді. Шынында да суицид тәннің емес жанның ауруы. Психологтар суицид жасайтындардың көпшілігі «Барлық күрделі мәселелерді шешетін тек қана ажал» деген пікірді ұсынатынын дәлелдеген. Ал өзіне-өзі қол жұмсауға ешбір күрделі проблемасы жоқ жандар да баратын көрінеді. Мұндай жағдай көбіне психологиялық тұрғыдан әлсіз адамдарда болады. Олар өмірде кездескен болмашы қиындыққа бола өлімге жүгінеді екен [2, 95 б.].

А.Г.Амбрумова өз ойын былай білдіреді: «Өзіне-өзі қол жұмсау - шынайы суицид, сондай-ақ өзін-өзі өлтіруге әрекет - аяқталмаған суицид». Ал, А.Е.Личконың пікірі бойынша суицидалдық мінез-құлық жасөспірімде демонстративті, аффекті және шынайы болып келеді. Жасөспірім кезеңде суицидалдық мінез-құлықтың кейбір өзгешеліктері болады. Жасөспірім арасында ересек балаларға қарағанда өзіне-өзі қол жұмсауға әрекет жасау жиі кездеседі. Бірақ, олардың аз ғана бөлігі өздерінің қойған мақсатына жетеді. Бұл жаста көбінесе демонстративті сипат алады. А.Е.Личконың көрсеткеніндей, жасөспірімдердің тек 10 пайызы ғана шынайы өмірден кеткісі келетін ниет білдірсе, ал 90 пайызы көмекке шақырған жанайқай мақсатын көздейді.

14-18 жас аралығындағы балаларға зерттеу жүргізген А.Е.Личко мен А.А.Александров жасөспірімдер суицидінің негізгі себебі: депрессия (жан күйзелісі) екенін анықтаған. Сондай-ақ, балалар депрессиясының белгілеріне әрбір ұсақ-түйекке мән берушілік, іш пысу мен шаршағандық сезімдері, айтылғанды тыңдамаушылық және жанжал шығаруға іштей дайын тұрушылық белгілері жататынын атап көрсеткен.

Көршілес Ресей мемлекетінің прокуратуралық тексеру нәтижелерінің қорытындысы мектеп оқушылары арасындағы суицидтік оқиғалардың 62% отбасылық дауға, қолайсыз жағдайларға, үлкендер тарапынан болатын қысымдарға, кейбір педагог мамандардың әдепсіз қылықтарына, достары мен сыныптастарының арасындағы дау-дамай мәселесі, өзара реніш, қоршаған адамдардың немқұрайлы қатынасына байланысты туындайтындығын көрсетеді.

Еліміздің Бас прокуратурасы балалар суицидтіне байланысты зерттеу жүргізіп, оларды өлімге итермелейтін факторларды анықтауға тырысқан. Бірінші кезекте баланың әлеуметтік-психологиялық жағдайы күрделі болуы мен тұрмыс деңгейінің төмендігімен байланыстырған. Алайда, осы күні жан қиып жатқан жасөспірімдер арасында ауқатты отбасыдан шыққан балалар да бар. Жасөспірімдер арасындағы суицидті мамандар өтпелі кезең мен баланың жас ерекшелігімен байланыстырады.

А.Е. Личко жасөспірімдер арасында кездесетін суицидтердің ең жиі кездесетін себебіне мыналарды жатқызады: сүйікті адамын жоғалту; шектен тыс қалжырау жағдайы; өзіндік қадір-қасиетін осал сезіну; алкогольді, гипногенді, психотропты дәрілерді және есірткіні пайдалану нәтижесінде пайда

болатын жеке бастың қорғаныш тетігінің бұзылуы; өзін-өзі өлтірген адаммен өзін теңестіру; әртүрлі сылтаулар бойынша туатын қорғаныш, ызалану мен жабырқаудың әр алуан формалары [3, 200 б.].

Дәрігерлер өзін-өзі қол жұмсауды үш түрге бөледі: Бірінші, анық күйзелістік жағдайдан соң, өмірдің мәнін жоғалтып, адам өзін ұзақ уақыт өлімге дайындайды. Екінші, жасырын суицид, адам өзін өлімге арнайы дайындамайды. Тек саналы түрде тәуекелге бел буу күтпеген өлімге алып келеді. Үшінші, басқалардың көзінше ашық түрде өлімге бет бұру. Бір нәрсені дәлелдеу үшін, біреуге ерегісу.

Өзіне-өзі қол салу негізгі үш топқа бөлінеді: ашық, демонстративтік және жасырын. Ашық суицид – қашанда жабырқау дағдарыстық жағдай немесе өмірден бас кешу жайлы ой, өмір сүруді мәні жайлы ойланып, күйзелу жатады. Өйткені, өзін ешкімге керексіз сезінеді. Яғни, ашық суицид көбіне жасы егде тартқан адамдар мен жасөспірімдер арасында жиі кездеседі. Мысалы, жасөспірімдерде «Қалай өмір сүремін? Мен қандай адам боламын?», яғни болашаққа деген сенімсіздік себеп болса, қарт кісілерді «Мен қалай өмір сүрдім, бұл өмірде кім болдым?» деген ой мазалайды екен.

Демонстративтік суицид - өлуге деген ниеті жоқ, жай ғана басқалардың назарын өзіне аудару үшін өз-өзіне қол жұмсау әрекеті жатады.

Жасырын суицид - өлуді мәселенің шешімі деп санамайды, одан басқа жол таба алмай қиналатындардың мінез-құлығының бір түрі. Жастар арасында еліктеуіш күш те қарқынды әсер етеді. Олар теледидар, радиохабарлар, интернет арқылы «көшірме» ретінде өз үлгілерін табады да, оларға еліктейді [4, 248 б.].

Суицидалдық мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктері:

- эгоцентризм (тұлға тек өзіндік күйзеліске, уайым-қайғыға назар аударады, басқа мәселелерге қызығушылық танытпайды);

- аутоагрессия (өзін-өзі орынсыз кінәлау, тұлғаның өзін төмен деңгейде бағалауы және т.б.);

- кризистен шығу жолына пессимистік тұлғалық қатынас (депрессия, қорқыныш, суицидалдық әрекетке әзірлік);

- паранойялдылық (нерв-психикалық үрдістердің ригидтілігі, дайын ойшыл стереотиптерді ұстану, өте бағалы идеялар табу икемділігі).

Қиын да қызықты өмір жолында қандай жағдайлар болмайды, адам ғұмыры қуанышты сәттер мен қайғылы оқиғаларға толы. Өмірде кездескен қиындықтарды жеңе білу табандылықты қажет етеді. Адам алдынан шыққан қиындықты өмір тәжірибесі арқылы, осыдан мен сабақ алуым керек деп саналы түрде ұғынса, жіберілген қателіктерін екінші рет қайталамайтындай етіп ғұмыр кешуге бейімделсе, міне сонда мәнді де мағыналы өмір кешкені. Мұндай кезде барлық нәрсе адамның ерік-жігеріне және психикалық дағдарыс кезінде өзін қалай ұстай білуіне байланысты болады. Жас ұрпақты тәрбиелеуде, үлгі-өнегелілікке жетелеуде, ересектер, міне осыны ұмытпағандары жөн.

#### Әдебиеттер

1. Аймауытов Ж. Психология. «Рауан» Алматы, 1995.
2. Елшібаева К.Ф. Жас өспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу. Арман ПВ баспасы, Алматы, 2012.
3. Осипова А.А. Справочник психолога по работе в кризисных ситуациях. Ростов-н/д: Феникс, 2005.
4. Павлов П.Р., Кузнецов Т.Р., Лукашина О.О. Профилактика суицида среди школьников. Душанбе, 1998.
5. Романов А.А., Сухаров И.П. Психология суицида. 2001.

*Смайлова С.М., Саякова А.М.*

*(г.Алматы, РГП на ПХВ «Научно-практический  
Центр развития социальной реабилитации»),*

## **АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МЕДИКО-СОЦИАЛЬНОГО И ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ ДЕТЕЙ С СИСТЕМОЙ КОХЛЕАРНОЙ ИМПЛАНТАЦИИ**

Проблема детской инвалидности в Республики Казахстан является одной из самых актуальных.

На сегодняшний день нет единого учета и регистрации детей-инвалидов, существующие данные не отражают истинного количества детей-инвалидов. В связи тем, что детьми-инвалидами занимаются разные ведомства: Министерство здравоохранения, Министерство образования и науки и Министерство труда и социальной защиты населения, которые ведут статистику по разным критериям.

В структуре заболеваний, которые приводят к детской инвалидности, преобладают различные заболевания, такие как, врожденные пороки развития, болезни нервной системы, психические расстройства, расстройства поведения, сенсорные нарушения (нарушение слуха, зрения).

Известно, что среди различных категорий нарушений у детей, нарушение слуха является одной из основных причин возникновения инвалидности, где занимает первое место среди болезней сенсоневральной системы.

Исходя из данных ВОЗ, по оценкам глобальной численности населения 2016 года, более миллиарда человек, или около 15% населения мира, живут с какой-либо формой инвалидности. Это более высокий показатель, чем предыдущая оценка, выполненная ВОЗ в 1970-м году, где доля инвалидности составила 10%. Измерение детской инвалидности (0–14 лет) проводится только в «Докладе о глобальном бремени болезней»; по его оценкам, она составляет 95 миллионов (5,1%) детей, из которых 13 миллионов (0,7%), имеют «тяжелую форму инвалидности» [1, 5 с.].

Данный разброс указанных показателей, скорее всего, объясняется применением разных понятий и показателей функционального ограничения, которые описываются одним неоднозначным термином «инвалидность».

Следовательно, в разных странах, в том числе в Казахстане регистрируются различные показатели распространенности инвалидности среди детского населения [2, 3 с.].

Учитывая вышесказанное можно предположить, что истинный уровень детской инвалидности в стране гораздо выше, чем фактический.

Как мы уже отметили, что среди детского населения, большая часть детей-инвалидов имеет нарушения слуха. Одним из главных проблем в социализации ребенка с нарушениями слуха является медико-социальное и психолого-педагогическое сопровождение ребёнка после операции кохлеарная имплантация.

В настоящее время кохлеарная имплантация признается одним из современных методов оказания помощи детям с серьезными нарушениями слуха и получает в мировом сообществе все более широкое распространение. Кохлеарная имплантация позволяет принципиально изменить развитие ребенка с тотальной потерей слуха и предоставляет возможность для его полноценной социализации, способствует гармоничному развитию личности ребенка в целом.

Рассматривая проблему сопровождения детей с системой кохлеарной имплантацией, необходимо обратить внимание на само понятие «сопровождение», которая *позволяет определить пути и средства организации социального, медицинского и образовательного процессов для детей с системой кохлеарной имплантации в принципиально новых условиях.*

Так, под «сопровождением» понимается не просто сумма разнообразных методов коррекционно-развивающей, профилактической, нормативно-правовой, реабилитационной и оздоровительной работы с детьми, а именно комплексная деятельность специалистов, направленная на решение задач коррекции, развития, обучения, воспитания, социализации детей с системой кохлеарной имплантации. Исходным положением для формирования теории и практики комплексного сопровождения стал системный подход. Ведущей идеей сопровождения является понимание специалистами необходимости самостоятельности ребенка в решении его проблем развития. В рамках этой идеологии могут быть выделены концептуальные следствия сопровождения, которые включают:

**во-первых**, систематическое отслеживание психолого-педагогического статуса ребенка и динамики его всестороннего развития в процессе его включения в образовательное пространство;

**во-вторых**, создание социально-психологических условий для развития личности ребенка и его успешной социализации в общество;

**в-третьих**, создание специальных психолого-педагогических и медико-социальных условий для оказания помощи детям с системой кохлеарной имплантации.

Учитывая тот факт, что сопровождение детей после кохлеарной имплантации является актуальной проблемой, специалисты серьезно задумываются над вопросом усиления медицинской, социальной, психологической и педагогической помощи детям.

Для решения проблем медико-социального и психолого-педагогического сопровождения, необходимо решать вопросы о создании благоприятных условий для успешной социальной адаптации детей с системой кохлеарной имплантации, особое внимание обратить на тот факт, что дети нуждаются в комплексном (медицинском, психолого-педагогическом и социальном) индивидуализированном сопровождении [3, 25 с.]; [4, 69 с.].

Исходя из вышесказанного, мы предполагаем, что решение проблем организации медико-социального и психолого-педагогического сопровождения детей разного возраста с системой кохлеарной имплантации должна проводиться на базе РГП на ПХВ «Научно-практического центра развития социальной реабилитации», где для данной категории создаются все необходимые условия для полноценного прохождения слухоречевой реабилитации, познавательного и личностного развития детей с нарушениями слуха.

В настоящее время перед командой педагогов, психологов, медицинских работников на базе РГП на ПХВ «НПЦ РСР» рассматриваются и решаются актуальные проблемы – научить детей с системой кохlearной имплантации пользоваться слухом и речью в процессе общения, помочь им адаптироваться в окружающем мире.

Бастауыш мектептің алдында үнемі оқу, жазу, есептеудің тиянақты дағдыларын, қарапайым тілдік қарым-қатынас тәжірибесін, қоғам және табиғат туралы бастауыш білім беру, шығармашылықпен өзін-өзі көрсетуге бағдарланған, басқаша айтқанда, баланың жеке тұлғасын қалыптастыру, оның жеке қабілетін қалыптастыру міндеті тұрады.

Бастауыш білім алу үрдісінде оқушылар дұрыс, еркін, тез әрі түсінікті оқуға, өз ойларын ауызша, жазбаша дұрыс қорытуға, мазмұндауға, арифметикалық есептер шығаруға бауланады, оларға табиғат жөнінде кейбір түсініктер беріледі. Оқу барысында балалардың көркем өнерге деген ынтасы, өнерге деген ықылысы, сүйіспеншілігі артады, шығармашылық қабілеті, музыкалық сезімі, эстетиканы (көркемдікті) сезіне білу қабілеті дамиды. Баланың ғылыми мәліметтерді ұғып алуға ынталануы, ойлану операцияларын игеруі оның ойлау қабілетінің басты ерекшеліктеріне айналады да, ол қажетті білімдерді меңгере бастайды. Бастауыш білім алу үрдісінде жасөспірімнің одан әрі білімін жетілдіре беруіне негіз салынады.

Жоғарыдағы педагог-психолог ғалымдардың еңбектерінен бастауыш мектеп жасында бала зейінінің дамуы, ұшқыр да, шапшаң қабылдау, ашық ойлау, есте сақтау жолымен оқу-танымдық әрекетті қалыптастыру қажетті және маңызды екенін байқауға болады. Бұл жерде бірдей жастағы балалардың жалпы ортақ қасиеттері туралы айтылғанмен, оның өзі оқушыны сенім, дүниетаным, мұрат, бейімділік, қызығу, түрткі, қабілет, талғам, көзқарас арқылы сипатталатын тұлға екеніне сүйенуден шығады. Жеті жастан он жасқа дейінгі кезеңге неғұрлым тән негізгі белгі мынада: бұл жаста мектеп жасына дейінгі бала мектеп оқушысына айналады. Бұл бала өз бойында мектеп жасына дейінгі балалық шақтың белгілерін оқушының ерекшеліктерімен ұштастыратын өтпелі кезең. Адамның көптеген психикалық қасиеттерінің негіздері тап осы бастауыш мектеп жасында қалыптасады және әдетке айналады. Сондықтан ғалымдардың ерекше назары қазір бастауыш сынып оқушыларын дамытудың резервтерін анықтауға бағытталған. Бұл резервтерді пайдалану балаларды одан ары қарай оқу және еңбек қызметіне неғұрлым табысты дайындауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың оқу - танымдық іс- әрекетін, белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденісіне, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше.

Оқушылардың оқу – танымдық іс – әрекеті – күрделі процесс. Ол іс – әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды.

Оқу – танымдық іс – әрекет – баланың білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл- амалдарынан тұрады. Оқу үрдісі оқушылардың оқу- танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу - танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Танымдық белсенділіктің орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Оқушылардың белсенді танымды іс- әрекетінің көздейтін мүддесі – білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету негізінде дамыту. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады.

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Соған сәйкес бүгінгі таңда балалардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың психологиялық негізін жақсы білу маңызды.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздеріне алынатын дидактикалық ұстанымдар екі бағытта белгіленді.

1. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың дәстүрлі ұстанымдары.

## 2. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың арнайы ұстанымдары.

Дара тұлғаға бағдарлап оқыту ұстанымы бойынша барлық оқыту жүйесі оқу әрекетінің субъектісі – оқушының даралық сипатына, мотивіне, шынайы өмірлік қажеттілігіне, мүмкіндігіне, бейімділігіне, әлеуметтік-мәдени дамуына орай құрастырылады.

Оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын (жаратылыстану, математика, оқу және жазу, т.б.) қалыптастыруда, ең бастысы, оқушыларды ғылыми біліммен қаруландыру міндеті аса маңызды. Осы орайда оқытудың ғылымилығы ұстанымы жетекші рөл атқарады. Бұл ұстаным бойынша оқушыларға берілетін білімнің мазмұнының ғылымның қазіргі даму деңгейіне сәйкестігі, оларға заттар мен құбылыстардың заңдылықтарын ұғындыру және олардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты ашу ескеріледі.

Кез - келген пәнді оқытуда оқушылардың қарапайым ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттар мен құбылыстардың негізгі және жанама белгілерін ажырату, қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы құрылымының компоненттері ретінде зерттеушілер [6] мыналарды нақтылады: мотивациялық, когнитивтік, әрекеттік және рефлексивтік компоненттер. Осымен функционалдық сауаттылық оқушылардың оқу-танымдылық құзыреттіліктерінің одан әрі даму негізін құрайды.

В.Н.Максимованың пікірі бойынша, пәнаралық біліктер - бұл «ұқсас пәндерден білім мен біліктерді қорытындылау және ауыстыру үдерісінде байланыстарды орнату және меңгеруде оқушының қабілеттілігі» Пәнаралық байланыстар теория мен практиканы біріктіреді, қоршаған болмыста білімдерді қолдануға ықпал етеді (табиғатта, тұрмыста, өндірісте) [7].

жеке мүмкіншіліктері мен қабілеттерін, пәнге деген қызығушылығын, шығармашылық ойлауын дамыту, жаңашылдық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру;

- ғылым негіздерін меңгеруде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру;
- қоғамдағы қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу, мораль нормаларына дағдыландыру;
- өзін-өзі жетілдіру қабілеттерін дамыту, талдамалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру;
- өз бетімен білім алуда қазіргі байланыс құралдарын, оның ішінде ерекше коммуникативтік-ақпараттық кеңістік ретіндегі интернетті қолдану білігін қалыптастыру;
- бейіналды және бейіндік дайындықта мемлекеттік және әлемдік тілдерді қолдануға қол жеткізу;
- ғылым негіздері мазмұнындағы қазіргі кездегі өзекті мәселелерден хабары болуы және оны шешу жолдарын іздеу дағдыларын қалыптастыру.

Бастауыш білім беру деңгейі баланың жеке тұлға ретінде адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң ынтасы мен іскерлігін: негізгі мектептің білім мазмұнын меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталып, таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен шеберліктерінің дамуын, функционалдық сауаттылығының қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Бүгінгі күні функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың психологиялық негізін жан - жақты зерттеу нәтижесінде тұлғаны қоғамның талабына сай дамыту мақсаты іске асырылады.

### Әдебиеттер

1. ҚР Үкіметінің 2012 ж. 25 маусымдағы № 832 қаулысымен «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспары»
2. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын. - Астана, 2010.
3. Блонский П.П. Психология младшего школьника. – М.. Воронеж. 1997.
4. Акулова, О. В. Современная школа: опыт модернизации. СПб. : Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2005. - 290 с.
5. Александрова, Т. К. Активизация познавательной деятельности учащихся в процессе формирования межпредметных умений. Л. , 1984. - С. 58-64.
6. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.
7. Максимова В.Н. Межпредметные связи в учебно-воспитательном процессе современной школы: Учеб.пособие по спецкурсу для пед. ин-тов. - М.: Просвещение, 1987. - 157 с.



## **МАМАНДЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ТҰЛҒАНЫҢ СТРЕССКЕ ТӨЗІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ**

Өмірдің әр түрлі жағдайлары, оның ішінде адамның өзі күтпеген оқиғалары стресстік жағдайды басынан өткізуіне себеп болады. Г. Селье бойынша «адам тіпті ұйқы кезінде де кейбір стресстік жағдайды басынан өткізеді» [2]. Жоғарыда айтқанымыздай, стресс төтенше жағдайларда ғана емес, кез-келген қауіпсіз іс-әрекет кезінде де кездеседі. Стресске тұрақтылық –қысым тудырушы стимулды адамның қабылдау деңгейі. Оның нәтежиесінде адамдар стресске тұрақты немесе тұрақсыз болып келуі мүмкін.

Стресс моделдері жөнінде шет елдік және отандық психологиялық зерттеулерде көптеген концепциялар кездеседі. Олардың қатарында – кәсіби стресстің концепциялары, М. Сандомирскийдің психологиялық стресстің когнитивті теориялары [1], стресстің әлеуметтік-психологиялық теориялары және т.б. Стресске тұрақтылық - адамның стресс жағдайында өзін бірқалыпты ұстап, табысты іс-әрекеттер жасай алуы кезінде көрінеді. Осыған сәйкес, мұндай жағдай кезінде маманның кәсіби іс-әрекетінің сапасы қанша жоғары болса, сәйкесінше стресске тұрақтылығы та сонша жоғары болады.

Стресске тұрақтылық мәселесі ең алғаш төтенше жағдайларға байланысты мамандықтар пайда болып, дамуына байланысты туындады. «Төтенше жағдайларға байланысты мамандықтар аймағында адамның психологиялық және физиологиялық ағза жүйесінде жоғары деңгейде толқу жүреді, яғни физикалық және психикалық жоғарғы деңгейдегі стресстің көп туындауы адамның денсаулығына және оның еңбек үнімділігіне әсер етуі мүмкін» деген болжамдар жасалына бастады.

Стресске тұрақтылық мәселесі төтенше мамандықтармен ғана байланысты деп айта алмаймыз, себебі, стресске тұрақтылыққа адамның жеке өмірлік тәжірибесі де әсер етеді. Сонымен қатар, стресске тұрақтылық тұлғалық өзара қарым-қатынас та маңызды рөл атқарады, яғни жанындағы адамдардың жаппай нервтік толқуда тұруы көптеген жағдайда неврозға душар етуі де мүмкін. Кәсіби іс-әрекеттің стресске тұрақтылығына әсері бойынша 2014 жылы Дағыстан мемлекеттік университетінде жүргізілген зерттеу нәтежиесінде құқық қорғау мекемелерінде жұмыс жасайтын қызметкерлердің стресске тұрақтылығы 80% ды көрсетсе, сауда-саттықпен айналысушы қызметкерлер 40%, спортшылар мен мұғалімдердің стресске тұрақтылығы 60 % болды. Зерттеуге қатысушылардың бұл нәтежиесі ескере кетуіміз қажет. Осыған сүйене отырып, адамдардың бойындағы маңызды сапалар өзін қоршаған адамдарға, ортасына, өзімен жиі ұшырайтын жағдайларға байланысты екенін нақтылай түсуімізге болады.

Психологиялық стресс аумағын зерттеумен айналысушы заманауи психолог В.А. Бодров бойынша, стресске тұрақтылықты зерттеудің бастамасы ретінде «адамның интегративті қасиеттерін атады. Бұл қасиеттер біріншіден, оның сыртқы (әлеуметтік орта, гигиеналық жағдай т.б), ішкі (жеке) орта жағдайларындағы төтенше факторларына бейімделуіне және іс-әрекетіне байланысты болып келеді. Екіншіден, іс-әрекет субъектісінің функционалды сенімділігіне және сол жағдайдағы психикалық, физиологиялық және әлеуметтік реттелу механизмін қолдану. Үшіншіден, бұл қасиет ағза мен психиканың функционалды қорынын белсенділігі кезінде, сонымен қатар, адамның еңбекке жарамдылығы мен мінез-құлқының өзгеруі кезінде функционалды бұзылысты ескерту бағытында көрінеді» [3].

Тұлғаның стресске тұрақтылығы – бұл қиындықтарды жеңе білу, өзінің эмоцияларын басқарып, өзін тоқтата алу. Стресске тұрақтылық адамға айтарлықтай әсер ететін интеллектуды, еріктік және эмоционалды қысымдарға кейін өзіне және өзгелерге зиянын тигізбейтіндей төзе алатын тұлғалық қасиеттер жиынтығы [4]. Кәсіби қызмет кезіндегі ұзаққа созылған стресс «кәсіби эмоционалды жану» синдромын туғызуы мүмкін. Сондықтан мамандарды еңбек іс-әрекеті кезінде стресске тұрақтылыққа және оның салдарларына үйрету маңызды мәселе болып табылады. Кәсіби іс-әрекетке байланысты стресс мамандардың денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін.

Ағылшын психотерапевті Дэвид Фонтана коммуникативті мамандықтарда көбірек стресс тудыратын факторлар ретінде төмендегілерді көрсетті:

**1. Қарым-қатынастың көптеген күрделі эмоционалды және коммуникативті жағдайларын қамтитын ұзақ әрі ашық сөйлесу.** Көп жағдайда кәсіби стресс «қиын клиенттермен» байланысты болады. Ондай клиенттер қызметкерлер үшін ең бірінші стрессор ретінде қабылданады, себебі қызметкер қатал талаптар себебінен және кей клиенттердің әр түрлі формада келетін әділетсіз

әрі оқыс наразылықтарынан өзін «нашар» сезінеді. Мұндай қақтығыстар көпке дейін ұмытылмай, қызметшінің жұмыс сапасына да әсер етеді.

2. **Кәбіси дайындықтың жеткіліксіздігі.** Көптеген мамандар әр жыл сайын көптеген жаңа теориялар, құрылғылар, әдіс-тәсілдер, зерттеулер шығып жатқандықтан ол білімді алуға ілесе алмай жатады. Жаңа білімді алу үшін уақыт, күш, ақша қажет. Бұл стрессор көбіне барлығын біліп, алда жүргісі келетін адамдарға өте қатты әсер етеді.

3. **Клиент және бағынушылармен эмоционалды өзара қарым-қатынас.** Бұл фактор қызметкерлерге үнемі орындауы керек болған төмендегі талаптарға байланысты стрессогенді болып келеді:

- Эмоционалды бейтараптық
- Эмпатия мен тілектестік білдіре алу
- Клиенттер мен науқастардың күшті эмоцияларын жеңіп шығу
- Өзінің күшті эмоцияларын жеңе білу

4. **Кәсіби жауапкершілік.** Аз ғана қателіктің өзін жібермеуге тырысу керек. Себебі оның өзінің салдары адам өміріне қауіпті немесе мекеменің жабылуына әкеліп соғу мүмкін.

5. **Эффективті қызмет көрсете алмау немесе көмектесе алмау.** Кез-келген іс сәтті шығуы үшін екі жақты күшті қажет етеді. Кей жағдайларда қызметкерлер тырысса да клиенттер себебінен қалағандай нәтиже көрсете алмауы мүмкін. Осындай кезде қызметкерлер өздерін кінәлі сезінеді.

6. **Ұжымның қолдауынан тыс қалу.** «Адам-адам» аумағында жұмыс жасайтын болғандықтан қызметкерлер жұмыс уақытында ұжыммен араласып, кәсіби мәселелерді талқылай алмайды. Бұл қызметкерлерде кәсіби эмоцияналды жану синдромын туғызуы мүмкін.

7. **Моралдық және материалдық стимулдың жеткіліксіздігі.** Қызметкерлердің жалақыларының аздығы «өзіндік сыйлау» қасиетін төмендетуі мүмкін. Егер бұл мәселе ұзақ уақыт бойы шешілмесе, стрессор нәтижесі тұлғалық кризиске немесе психосоматикаға әкелуі мүмкін.

Қорыта келгенде, стресске тұрақтылық қиын әрі кең тұлғалық қасиет болып табылады. Ол көптеген қабілеттер мен әр түрлі деңгейдегі құбылыстарды біріктіреді. Стресске тұрақтылық туа берілетін қасиет емес және ол эмоционалды өзін-өзі реттеудің қалыптасу деңгейіне байланысты болып келеді. Стресстік жағдайдың сипаты мен қарқындылығы кәсіптің белгілі бір маманның іс-әрекетіне байланысты қойған талаптары мен маманның шынайы мүмкіндігінің сәйкестік деңгейіне байланысты. Стресске тұрақсыздық адамда негативті тұлғалық қасиеттердің туындауына себепші болып, оның психосоматикалық денсаулығында көріне бастайды және кәсіби міндеттерін орындауына кедергі келтіреді. Мұндай жағдайда стресске тұрақтылық - ұжыммен кәсіби іс-әрекет нәтижесіне әсер етуші сапа болуы мүмкін және тұлғаның гомеостазын қамтамасыз ететін жүйе ролін атқаруы мүмкін.

Заманауи кәсіби іс-әрекеттегі стрессогенділік қайта жасақтау қоғамынан келген ерекшеліктерден шығады. Бұл, біріншіден – жоғары деңгейдегі белгісіздік, екіншіден, қоғамдық процесстер мен құбылыстардың танымдық қиындықтары, үшіншіден, көп мамандықтарда кездесетін жоғарғы деңгейлі эмоционалды ашықтық болып табылады.

#### **Әдебиеттер**

1. Марк Сандомирский: Защита от стресса. Работа с подсознанием. 2-е изд. Питер, 2009 г.
2. Селье Г. Стресс без дистресса / Г. Селье. - М., 1979
3. Бодров В.А. Система психической регуляции стрессоустойчивости человека-оператора/ В.А. Бодров, А.А. Обознов // Психологический журнал. – 2000.
4. Василюк Ф.Е. Психология переживания: анализ преодоления критических ситуаций / Ф.Е. Василюк. - М.: Наука, 1984.
5. <http://5psy.ru/karera-i-uspex/stressi-v-professiyax.html>

*Еркинбекова М.А., Турсунбаева Г.И., Ымыралиева Э.А.  
(Алматы қ., Қайнар академиясы)*

### **«ҚЫЛЫСҚЕР ТҮЛҒАСЫ» ЖӘНЕ ОҒАН ӘСЕР ЕТЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ**

Қазіргі таңда қылмыстылық мәселесі өзіне ерекше назар аудартуда. Қылмыстылық және оны тудыратын себептерді ауыздықтамай, құқықтық демократиялық мемлекет құру мүмкін емес. Сонымен қатар Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «заңның шексіз үстемдігін және заңды сақтаушы азаматтарды қылмыстылықтан қорғауды орнықтыру қажет» деп айтын өткені бар [1]. Қылмыстылық өзінің шеңберінің өсуімен қазіргі уақытта ұлттық қауіпсіздікке және елімізде жүргізіліп

жатқан реформаларға қауіп төндіруі сөзсіз. Демек, бұл мәселені шешу жолы ретінде қылмыстың, қылмыстылықтың негізгі себепшілерінің бірі болып табылатын қылмыскер тұлғасын жетік зертеу, оның практикалық маңызын ашып көрсету алдағы мақсаттардың бірі болып тұр.

Бұл мәселенің өзектілігі, ең алдымен, қылмыс жасаушыларды ғылыми тұрғыдан танып білмейінше қылмыстылықпен ықпалды күрес жүргізу мүмкін емес екендігінде болып отыр. Соның ішінде «қылмыскер тұлғасы» мәселесі қылмыстылықтың мәнін түсінудің кілті болып табылады десек қателеспейміз.

Қылмысты адамдар жасайды, қылмыс адамдар арасында жасалады. Сондықтан да, адам мәселесі ескі де және үнемі жаңа мәселе болып табылады. Ол ауқымды және күрделі, өйткені «адам еңбек пен қарым – қатынастың субъектісі, ол - әлемнің құрушысы және қайтақұрушысы, жердегі құндылықтардың жинақтаушысы, материя дамуының жоғарғы нысаны – қоғам өкілі».

Қылмыстылықпен күрестің барлық сатысында, қылмыстық жауаптылыққа тартудан бастап және жазаны орындау процесімен аяқтағанға дейін қажетті шарт пен міндетті қылмыстық әрекет жасаған кінәлінің тұлғасын зерртеу болып табылады.

Қылмыскер тұлғасын зертеу жөнінде мәселе төңірегінде Ағыбаев А.Н., Антонян Ю.М., Баймурзин Г.И., Бегалиев Қ., Блувштейн Ю.Д., Волежкин В., Волков Б., Герцензон А., Дагель П.С., Жекебаев У.С., Закалюк А.П., Карпец И.И., Кузнецов А.В., Кудрявцев В., Кайыржанов Е.І., Лейкина Н.С., Милуков С.Ф., Миньковский Г., Нәрікбаев М., Сейітжанов М., Стручков Н.А., және тағы басқа ғалымдар өз еңбектерінде жан – жақты қарастырған болатын.

«Адам» ұғымында оның мәнінің ажырамас әлеуметтік және биологиялық жақтарының біртұтастығы бекітілген. «Тұлға» ұғымына тек спецификалық әлеуметтік белгілер тән. Тұлға – бұл адамның әлеуметтік бет бейнесі, қоғамның әлеуметтік даму, қалыптасып және өмір сүру процесіндегі оның болмысы. Олай болса біз, «қылмыскердің тұлғасы» деген ұғымды қолданған кезде қылмыс жасаған адамның тек «әлеуметтік бейнесі» деп түсінуіміз қажет.

Қылмысты уақтылы және нәтижелі ескертуді тек қылмыскердің тұлғасына назарды аудару арқылы ғана қол жеткізуге болады. Себебі тек адам қылмыскердің себепкері. «...Тұлға – қылмыстық мінез – құлық механизмінің барлық сатысының негізгісі және маңыздысы болып табылады... Сондықтан қылмыскер тұлғасы мәселесі криминология мәселелерінің ең күрделі және жетекшілерінің біріне жатады» [2].

Қылмыс жасаған адамды, оның тұлғасының қалыптасу процесін, оның әрекетіндегі қоғамға қарсы бағыттылықтың пісіп жетілуіне жағдай жасайтын ішкі және сыртқы жағдайларды, әлеуметтік және психологиялық факторларды зерттеу – жеке қылмыстық әрекеттің себепін едәуір толық ашуға апаратын жолдардың бірі ғана емес, сонымен бірге жалпы қылмыстылықпен күрес жүргізудің бірден бір тиімді жолы болып табылады.

Әрине, қылмыскер тұлғасын, оның қоғамға қауіптілігін, тұлғаның деформациялану деңгейін дұрыс сипаттау және бағалау үшін, ең алдымен жағымды және жағымсыз әрекеттерінің жасалуына жол ашатын барлық қасиеттерін, тұлғалық ерекшеліктерін объективті түрде ескеруіміз қажет. Ендеше, біз қылмыс жасаған адамның бойынан жеке және жалпы белгілерге ие индивидті, қоғамның толық құқылы өкілін, біздің болсымыздың, өкінішке орай, көлеңке жағын ашатын адамды көруіміз қажет.

Қылмыскер тұлғасы, оның маңыздылығына, зерттелуіне, құрылымына, типологиясына жаңаша көзқараста ғылыми теориялық және практикалық ұсыныстар беріп әрі қарай дамытуында негізделеді. «Қылмыскер тұлғасы» ұғымының ғылыми және практикалық мәні мен маңыздылығына қатысты криминологтар арасында түпкілікті шешімін тапқан пікір жоқ. Қылмыскер тұлғасына жүргізілген психологиялық және әлеуметтік зерттеулер тынымсыз жүру үстінде.

Қылмыстық іс жүргізу заңының көптеген ережелерін жүзеге асыру барысында да (кәмелеттік жасқа толмағандардың ақыл-ойының қалыптатылуын куәгерлердің және жәбірленушілердің оқиғаны дұрыс қабылдап, айта білу қабілетін ескеру) қажетті психологиялық білім көлемінің болуы, соттық-психологиялық сараптаманы тағайындау талап етіледі. тергеу-іздеу әрекетіндегі бастапқы бейхабар жағдайларды ізделінуші қылмыскердің мінез-құлықтық ерекшеліктерін бағдарға алу шешуші маңызға ие (куәгерсіз жасалған қылмыстардың 5 пайызы ғана материалдық іздер арқылы, дәйектер арқылы ал қалған бөлігі мінез-құлық көріністері арқылы көрінеді). Қылмысты ашудың теориясы мен тәжірибесінде, тергеу әрекеттерінің стратегиясы мен тактикасында психикалық заңдылықтарды білу аса маңызды.

Заң бұзушы адамның анатомо-физиологиялық жүйесінің бұзылулары анықталған. Сондықтан да жазалаудан кейін өз тәрбиелерін өзгерте алмайды. Н.Ф.Кудряцева, В.Е.Эминова еңбектерінде бұл себеп, біз білетіндей әрбір адамда өзіне тән темпераменті болады. Сондықтан да бұл кейбір жағдайда тұқым қуалаушылық фактордың әсерінен және де бала туа сала жаман тәрбиеге жақын болуы мүмкін.

Егер бұны ата-анасы қалай жеңуді білмесе, жөндемесе, жасөспірімдік кезеңде әртүрлі психикалық бұзылыстарға ұшырауы мүмкін.

Шеппардтің көзқарасы бойынша органикалық себептер әр қылмыскердің 25%-ын құрайды. Мысалы, ол 10-15 жасар қыз бала туралы айтады. Ол инсулиннің жетіспеушілігінен зардап шеккен, яғни қанының құрамында қанттың мөлшері өте аз болған. Жасөспірім құбылмалы көңіл күйімен, импульсивтілігімен, агрессивтілігімен ерекшеленген. Дұрыс емделу мен диета толық емделуге мүмкіндік берді. Ол басқа да адамдар туралы көрмеушіліктен зардап шеккендер. Органикалық себептер сонымен қатар босануға дейінгі және кейінгі асқынулардан болуы мүмкін.

Қылмыскер - ол қылмыс жасаған адам болып табылады. Статистика болса, тек ұстап алғандарды немесе сотталғандарды ғана қылмыскер есептейді. Ал бұл екеуі бірдей нәрсе емес. Қазіргі кезде қылмыстық әрекеттің шығу себептері жан-жақты зерттелуде. Әсіресе, *тұқым қуалайтын факторлардың қылмысқа әсерін зерттеуде* қылмыскердің интеллектісі мен әлеуметтік-экономикалық статусы бірдей есепке алынады [3].

*Тұқым қуалайтын факторлардың қылмысқа әсерін зерттеудің* мысалы ретінде артық Y-хромосомасы (ХҮҮ) мен Клайнфельтер синдромын (ХХҮ) айтуға болады. Қылмыскерлердің арасында осындай мутациялары бар адамдар жалпы популяцияға қарағанда 7-10 рет қалыпты жағдайдан жиі кездеседі. Мұндай мутациялары бар адамдардың ақыл-ойларының дамулары артта, интеллект коэффициенті төмен, әлеуметтік бейімделулері нашар, эмоциялары мен агрессивті әрекет-қылықтарын қадағалай алмайды, яғни өз-өздерін ұстай алмаушылықтары жарқын көрініс береді. Артық хромосома мен Клайнфельтер синдромымен ауыратын адамдардың қылмыс жасауларының себептері агрессиямен байланысты емес.

Осы көрсеткіштер бойынша Клайнфельтер синдромы мен қалыпты қадағалаудың арасындағы қылмыстың көрініс беруі айырмашылығы жоғалады. Артық Y-хромосомасында (ХҮҮ) айырмашылық қалады. Ол жеке тұлғаның дамуындағы қосымша бұзылыстармен байланысты, солардың нәтижесінде адамның қоғамға бейімделуіне кедергі туындайды. Көп жағдайларда оларда эмоционалды стимулдандыру кезіндегі импульсивтілік, эмоцияны қадағалай және ұстай алмау, реакцияның басым болуымен жүреді. Жоғары агрессивтілік қоғамда қалыпты бейімделуге кедергі жасайтынын ескерген жөн.

Адамдардың *қылмысқа баруының тағы бір себебі ретінде гипогликемияны* айтуға болады. Гипогликемия деп, қанның құрамындағы глюкоза деңгейінің төмен болуын, тамақтанғаннан кейін 4-6 сағаттан соң глюкозаның көлемі 10 мг% -тан төмен болса, жоғары тітіркенушілік пен антиәлеуметтік әрекет-қылық көрініс беретіні анық болды. Гипогликемия Кволля тайпасының индейецтарында жиі кездеседі, сондықтан олар қатал, тітіркенгіш, тұйық, суық адамдар болып келеді.

Ер адамдардың қылмысының негізі ретінде геннің нүктелік мутациясы А (МАОА- генді кодтайтын моноаминооксидаз ферменті) да есте болуы керек. Көптеген психодиагностикалық әдістер арқылы қылмыскердің психикалық ерекшеліктері мен қасиеттері психология ғылымында кеңінен анықталып жүргізілуде. Қылмыстық әрекеттерді жасаған адамдар арасында қылмыстық дамуында кемсітігі, ауытқуы, тежелуі немесе «аномалды жағдайларда» кездеседі.

Жасөспірімдердің қылмыстық топтарына кіруіне итермелейтін себептерінің бірі – жанұядағы түсініспеушілік мәселесі. Егер жасөспірімдер өздерінің эмоционалды және жанұядағы социалды қажеттіліктерін қанағаттандыра алмаса, ол қылмыстық топтардың құрамына еніп, өзін сол жерден табуға тырысады. Қылмыстық топқа енген соң, жасөспірім жалғыз өзі жүрсе ешқашан қолы бармайтын қылмыстарды жасайды. Бұл топтар барлық қоғамға қорқыныш, қауіп тудырып отыр.

Жалпы алғанда, қылмыскерлердің өзіндік психикалық ерекшеліктері, тәртіптері бар. Бірақ олардың көпшілігіне әлеуметтік ортаға бейімделуі өзіне-өзі қанағаттанбауы, ккңілі толмауы тән. Мінездері ерекше: шыдамсыз, өз-өзіне деген төмен, ойланбай істейтін істері көп, эмоционалды жетіспеушілік болады. қарым-өатынасқа түсуде де өзіндік тән ерекшеліктер бар: айналасындағылармен қарым-қатынасқа түсе алмауы, басқаның көзқарасын түсінбеуі, өз-өзіне сын көзбен қарай алмауы. Қоршаған ортаға, адамдарға түсініспеушілік, дұшпандық көзқарас, басқалардан оқшаулану, қызғаныш, агрессивті мінез қалыптасады.

Криминологтардың пікірі бойынша әйелдерге қарағанда, еркектер арасында қылмыстық әрекеттермен көбірек айналысатындығы анықталған. Әсіресе, қылмыстық әрекеттің белсенділігі 25-29 жастағылар арасында жоғары болатыны, одан кейін 18-24 жас, 14-17 жас, 30-45 жас екендігі анықталды. 30-жастан кішідегілердің арасында кісі өлтіру, біреудің денсаулығына зиян келтіру, тонау, ұрлау, төбелесу, бұзақылық, зорлау сияқты әрекеттер жиі кездеседі. Төбелес шығару, бұзақылық, тонау, ұрлау әрекеттерімен айналысқандардың тұрақты мекен тұрағы, жұмысы жоқ, еңбек етудегі тұрақсыздығы тән болса, зорлау, қорлау, ауыр қылмыс әрекеттерін білімдері төмен тұлғалар

жасайтындығы дәлелденген. Ал білімдері жоғары қылмыскерлер – өз қызметтік лауазымдарын асыра пайдалану, мемлекет құндылықтарын тонау т.б. істермен айналысады [4].

Ал жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстық әрекеттердің белсенділігі олардың әлеуметтену барысындағы жағымсыз факторлардың: тәрбиедегі кемістік, мәдениет деңгейінің төмендігі, қызығушылықтар мен өмірлік құндылықтар жайлы түсініктер шектелгендігі, өмірлік тұрақты бағыттарының жоқтығымен сипатталады.

Осы аталған әлеуметтік – демографиялық белгілер адамның психикасы мен психикалық сапаларымен тығыз байланысты. Мысалы, білім деңгейінің төмендігі адам интеллектісінің таяздығымен байланысты болса, ал әлеуметтік бейімделудегі қиындықтар еріктік, эмоционалдық тұрақсыздылығымен, агрессивтілігі мен импульсивті жоғарылығымен сипатталады. Сондықтан әлеуметтік-демографиялық белгілерді талдау арқылы қылмыскердің әлеуметтену үрдісін, психикалық қасиеттерінің қалыптасуына түсінуге көмектеседі.

Қылмыскердің психикалық ерекшеліктері мен қасиеттері қазіргі психология ғылымындағы көптеген психодиагностикалық әдістермен анықталады [5]. Қылмыстық әрекеттерді жасаған адамдардың арасында психика дамуында кемістігі «аномальді» жағдайларда кездеседі. Олардың эндогенді, экзогенді себептері бар және мінез-құлықтық, әрекеттік өзіндік сипаттары анықталған.

Көптеген аномальді мінез-құлықтардың ішінде соттық психиатр мен психологтарды психопатиялық жағдайлар көп алаңдатады. Олардың еріктік- эмоциялық тұрақсыздығы, интеллект дамуындағы ерекшеліктері, криминогендік ортаға тез бейімделуі, қылмыстық әрекеттер мен шараларды тез үйренуі байқалады.

Сонымен, тұлға – бұл адамның әлеуметтік бет бейнесі, қоғамның әлеуметтік даму, қалыптасып және өмір сүру процесіндегі оның болмысы. Олай болса біз, “қылмыскердің тұлғасы” деген ұғымды қолданған кезде қылмыс жасаған адамның тек “әлеуметтік бейнесі” деп түсінуіміз қажет.

Қылмыс жасаған адамды, оның тұлғасының қалыптасу процесін, оның әрекетіндегі қоғамға қарсы бағыттылықтың пісіп жетілуіне жағдай жасайтын ішкі және сыртқы жағдайларды, әлеуметтік және психологиялық факторларды зерттеу – жеке қылмыстық әрекеттің себебін едәуір толық ашуға апаратын жолдардың бірі ғана емес, сонымен бірге жалпы қылмыстылықпен күрес жүргізудің бірден бір тиімді жолы болып табылады.

#### Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.А. Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояние всех казахстанцев. – Алматы, 1997
2. Алауханов Е.О. Криминология (Қылмыстану): Оқулық. - Алматы: - Жеті жарғы, 2005.
3. Равич-Щербо И. В, Марютина Т. М., Григоренко Е. Л. Психогенетика. - М., 2002.
4. Прихожан А. М. Тревожность у детей и подростков: психологическая природа и возрастная динамика. – М., 2010.
5. Психологическая диагностика /Под ред. К. М. Гуревича. – М., 2000.

*Еркинбекова М.А., Сейтжапарова А.Б.  
(Алматы қ., Қайнар академиясы)*

### **ТРЕНИНГТЕР – КОНФЛИКТІК ЖАҒДАЙЛАРДЫ ШЕШУДІҢ БЕЛСЕНДІ ЖОЛЫ**

Тренингтер – қазіргі таңдағы белсенді оқыту әдістерінің бір түрі болып табылады. Олар өз құрылымы және мағынасына қарай дәстүрлі оқытуға да, психологиялық кеңес беру мен терапияға да қатысты емес. Кей жағдайда оқытудың бұл түрі «эксперименталды оқыту» (*ex`erienbe*, ағылшын тілінен аударғанда - өмірлік тәжірибе) деп те айтылып жүр. Ағылшын ғалымдары Баркли мен К. Мейплдің пікірлерінше, оқытудың бұл түрінде білім алушы міндетті түрде ақиқатпен түйісуге мүмкіндік алады. Осы ой-пікірдің негізінде келесі анықтама еріксіз туындайды, яғни *әлеуметтік-психологиялық тренинг – бұл өмірлік тәжірибені игеру мақсатында белсенді оқыту, тек топтық қатынаста адамдардың өзара әрекеттесу нәтижесінде жүзеге асуы тиіс*. Педагогикалық әрекетте әлеуметтік-психологиялық тренингтер білім беруші және білім алушы субъектілер арасындағы педагогикалық қарым-қатынасты реттеуге көмегін тигізеді. Ал психолог-ғалым М.П. Оспанбаеваның пікірінше, психотренингтер – бұл да қолданбалы психология ғылымының белсенді әдістерінің бірі. Басты мақсаты – қарым-қатынас іскерлігін дамытуға; сезімталдықты жетілдіруге және мінез-құлықты реттеуге бағытталған [1].

Әлеуметтік-психологиялық тренингтердің сипаттамалары:

1) топтық жұмыс ұстанымдарын сақтау: қатысушылар белсенділігі, серіктестік қатынас, басқалардың көзімен өз мінез-құлқына объективті көзқараспен қарай алу мүмкіндігінің тууы, кері байланыс;

2) топтық жұмыстың белсенді әдістерін қолдану: ойындар және топтық талқылаулар;

3) тұрақты топ мүшелерінің болуын қамтамасыз ету;

4) топ мүшелерінің өзара қарым-қатынастарына баса назар аудару;

5) кеңістікті қамтамасыз ету (тренинг өтетін орынды дұрыс таңдай білу);

6) топ мүшелеріне психологиялық көмек көрсетуге бағытталуы (білім беру үрдісіне бағытталуы міндетті емес);

7) еркін қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігін туғызу: интенсивтілігі, эмоционалдығы, ашықтығы, шынайылығы.

Л.А.Петровская [2] психологиялық тренингтегі қарым қатынаста келесі ұстанымдардың қажеттілігін ескертеді:

– «Осында және дәл қазір» - әр жағдай туралы нақты әңгіме жүргізу, жалпыламалыққа және абстрактілікке жол бермеу.

– Ой - пікірлерді жалқы есім тұрғысында айтып үйрену, мыс: «Менің ойымша...», «менің шешімім...» және т.с.с.

– Сөз нақтылығын сақтау, дәйекті сөйлеу.

– Белсенділік таныту.

– Сенімді қарым-қатынас орнату.

– Құпия сақтай білу: тренинг барысындағы қарым-қатынас мазмұнын сыртқа шығармау.

Қарым-қатынас тренингтерінің төмендегідей ерекшеліктері бар:

- біріншіден, қатысушылардың әлеуметтік дамуын ынталандырады, өзін-өзі тануға, рефлексиялық деңгейлерін көтеруге мүмкіндік береді;

- екіншіден, конструктивтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады, мінез-құлық моделдерін үйренуге көмегін тигізеді.

Сонымен қатар, осы аталған ерекшеліктермен тұспа-тұс тұлғаның ішкі өзгерістері мен сыртқы өзгерістердің жүруіне әсерін тигізеді. Осы ерекшеліктерге байланысты қарым-қатынас тренингтерінде психологиялық түрлі бағыттағы технологияларды қолдану мүмкіндігі туады. Ресей ғалымдары И.В.Вачков пен С.Д.Дерябо тұлғааралық қатынастар сипаттамасына қарай отырып, тренингтерді төрт парадигмаға бөледі:

- жаттықтырушы тренингтер;

- үйретуші тренингтер;

- тәрбиелеуші (тәлімгерлік) тренингтер;

- субъектілікті дамытушы тренингтер.

Қарым-қатынас тренингтерінің сан алуандығын қарастыра отырып, зерттеу жұмысымыздың барысында төмендегідей құрылымда топтастыруға тырыстық:



1-сурет. Қарым-қатынас тренингтерінің түрлері.

Тренингтерінде көбіне келесі мақсаттар қойылады:

1. Адамдармен тиімді және үйлесімді қарым-қатынас негіздерін құруға арналған тұлғааралық өзара әрекеттесудің механизмдерін, тәсілдерін және психологиялық заңдылықтарын үйрену.
2. Тұлғалық даму үрдісіне, шығармашылық потенциалдың жүзеге асуына әрекет ету.
3. Қатысушылардың өзін-өзі сезінуі мен өзін-өзі зерттеу үрдісін дамыту, эмоционалдық бұзылулардың алдын алу.
4. Топ мүшелерінің психологиялық мәселелерін анықтау және шешімін табуға көмек көрсету.
5. Психологиялық саулықтың алдын алу және субъективті өзіндік сезінуін жақсарту.

Қарым-қатынас тренингтеріне негізінде алғашқы мақсат қойылса, ал тұлғалық даму тренингтері үшін екінші мақсат сәйкес келеді. 3-5 мақсаттар психотерапевтік және психопрофилактикалық сипатта болып келеді, сонымен қатар қосымша мақсаттар ретінде қойыла береді. Бұл жұмысқа кеңінен тоқталып отырғанымыз білім көтеруге келген педагогтардың алғашқы күннен белсенді әрекет жағдайына қоюдың мысалы болғандығынан және өзара әрекеттестік мәселесінің тиімді шешуге ықпалы тиетіндігіне байланысты.

Тренинг және білім беруді процесс деп салыстыруға болады. Тренинг бұл механикалық процесс. Ол стандарт инструкциясы қайталау және жаттықтыру шеберлігіне бағытталады.

Тренинг технологиялары қарым-қатынас жасау барысында оқушының тұлғааралық және өзіндік мінез-құлқын жетілдіруді көздейді. Бұл технология ынтымақтастықта оқытуға бағытталып, жай ғана бір нәрселерді бірге орындау ғана емес, бірге оқу идеясын жүзеге асырады.

Тренингтің негізгі талаптары:

- топта кез келген басқа серіктерімен өзара әрекетте болу;
- берілген тапсырмаларға жауапкершілікпен қарап, белсенді жұмыс істеу;
- серіктестерімен сыйлы қатынаста болу;
- өз жетістіктеріне қарап, барлық серіктестеріне, топтың жетістіктеріне деген жауапкершілікті сезіну;
- топта бірлесіп жұмыс істеу – бұл күрделі және өте жауапкершілікті әрекет екенін толығымен саналы мойындау.

Тренинг технологияларын пайдалануда оның ерекшеліктерін білу қажет:

- топ мүшелерінің бір-біріне өзара тәуелділігі;
- әрбір топ мүшесінің өз жетістіктері мен жолдастарының жетістіктері үшін жеке жауапкершілігінің болуы;
- бірлескен оқу-танымдық, шығармашылық және топтағы басқа да жұмыс түрлерінің болуы;
- топтағы оқушы іс-әрекетін әлеуметтендіру;
- топ жұмысын жалпы бақылау.

Осы ерекшеліктеріне байланысты тренинг технологиялары үш негізгі принципке сүйенеді:

- барлығына ортақ марапат, яғни топ бірлесіп әрекет ету арқылы барлығына ортақ бір ғана бағаға ие бола алады;
- әрбір топ мүшесінің жеке жауапкершілігі, яғни топтың жетістіктерге ие болуы немесе болмауы оның әрбір мүшесіне байланысты;
- жетістікке жетуде әрбір топ мүшесінің бірдей мүмкіндіктері, яғни әрбір топ мүшесінің өз тобына ұпай әперу мүмкіндігі бар.

Тренинг, интерактивті оқыту әдістеріне жатады. Оның бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас жасау біліктерін дамытуға, тілдік қорын байытуға, ой-өрісін кеңейтуге және өзін-өзі тану қабілетін қалыптастыруда әсері мол. Тренингтің барысында «әр адамға өз пікірі тиесілі, әркімнің идеясы әрқашанда дұрыс» қағидасын ұстанған тиімді.

Ойын тренингі тұлғаның өсуіне бағытталады. Тренинг ойын түрлерінде оқушылар өздерінің сыртқы түрлерін қабылдауды үйренеді. Бұдан кейін өзін және өзінің мүмкіншіліктерін қабылдауды үйренеді. Топтық тренингтерде оқушылардың қателеспеуіне, тұлғаралық проблемаларды шешуге, шынайы қарым-қатынас орнатуға, келісімге келушілік, тіл табысу тәсілдерін, өз ойымен бөлісу т.б. көмектеседі. Топта оқушылар өздерін өзгелермен салыстыра алады, өзге көзқарастарды сынай отырып, өз бойындағы кемшіліктер мен іс-әрекетіндегі қателіктерді көре бастайды. Осылай топтық тренинг өзін-өзі реттеу, өзін-өзі зерттеу, өзін-өзі іске асыру т.б. өзін-өзі тану үрдісін жетілдіруге көмектеседі.

Топтық тренингтерде рефлексиялық ойлау мәдениетін де дамыту көзделеді. Бұнда топтық идеялар туындату барысында оқушылардың батыл шешім қабылдауы мен өз бетінше жанашылдықты меңгеруі, тапқырлығы мен ізденімпаздығын дамытады. Әрбір тапсырманы бірлесіп шешуге, өздерінің ойлары мен жобаларын бірлесіп жасауға мүмкіндік алады.

Ал білім бұл табиғи органикалық процесс. Тренинг мақсаты адамды нақты тапсырманы орындауға қажетті білім шеберлік және бағытты қамтамасыз ету. Тренингте өзгеріс, нәтиже бірден көрінеді. Осы сияқты міндетті Рельдік, видло, қарым-қатынас, іскерлік қарым-қатынас, мәдени бизнес және тағы да басқа тренингтер мен қиындықтарды түзету өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан дамытуда бұл халықтың әлеуметтік ортада өзіндік реттеуіне мүмкіндік болатын қажетті жағдай туғызады.

Психологиялық тренинг қалай ұйымдастырылады және жүргізілу барысы туралы сөз алдында, «тренинг» ұғымын толық ашып алу қажет [3]. Тренингтің үйрену, білім беру және дамыту ұғымдарына сәйкестігін анықтау.

Үйрену – зерттеу немесе нұсқаушының білім, дағды және тәжірибе жинау үрдісі.

Білім беру немесе оқыту тар көлемді әрекеттегі мәселені талдап, кең мағынада шешуде білім және құндылықтарды жүйелі меңгеру үрдісі.

Дамыту – жеке адамда саналы және бейсаналы үйрену мүмкіндіктерін кеңейту және икемдіктерінің өсуі.

Қазіргі заман талабына сай оқыту және тәрбие істерін жүргізуде белсенді әдістерді қолдану кеңінен өріс алуда. Оқытудың белсенді әдістерінің біріне әлеуметтік – психологиялық тренинг жатады.

Психологиялық тренинг дегеніміз топтық жұмыстың белсенді әдістеріне негізделген психологиялық әсер етудің тәжірибесі.

Білімді жеткізуде, қарым-қатынас сферасындағы іскерлік пен дағдыға, қатерсіз мінез-құлыққа үйретуде, іс-әрекет, тұлғалық даму, түзетуде мәлімет берудің өзгеше арнаулы формаларын қолдану қарастырылады.

Тренингтік қызметтің мақсаты ағымдағы процестердің көпжақтылығын бейнелейтіндей, әрқилы болуы мүмкін. Бағыты мен мазмұны жағынан әрқилы тренингтік топтарды біріктіретін жалпы мақсаттарды нұсқауға болады:

- топ мүшелерінің психологиялық мәселелерін зерттеп, олардың шешімін табу жолында жәрдемдесу;

- субъективті ахуалды жақсарту және психикалық денсаулықты бекіту;

- адамдармен неғұрлым тиімді әрі үйлесімді қарым-қатынаста болудың негізін жасау үшін, тұлғалар арасындағы өзара әріптестік тәсілдерінің және механизмдерінің психологиялық заңдылықтарын зерттеу;

- ішкі мінез-құлықтағы өзгерістердің негізінде туындаған эмоционалды ауытқулардың алдын-алу үшін тренинг мүшелерінің өзіндік танымы мен өзіндік сана-сезімінің дамуы;

- адамның тұлғалық даму процесінде шығармашылық потенциалын жүзеге асыруына, тіршілік әрекеті мен бақыт пен жетістікті сезінудің тиімді деңгейіне жетуіне ықпал ету.

Тренингтердің басқа жұмыс формаларынан айырмашылығы: әр оқушы өзінің «Меніне» үңіліп, ішкі дүниесін түсіну арқылы өз еркімен, өз қалауы бойынша таза жолмен тәжірибе жинақтауға мүмкіншілік алады.

Тренинг және білім беруді процесс деп салыстыруға болады. Тренинг – бұл механикалық процесс. Ол стандарт инструкцияны қайталау және жаттықтыру шеберлігіне бағытталады, ал білім беру – бұл табиғи, органикалық процесс.

Жоғарыда аталған кедергілерді педагогтар басшылыққа ала отырып, қарапайым қарым-қатынас іскерліктерін барынша жаттықтыра түсуі қажет. Тек қана осындай кәсіптік – педагогикалық қарым-қатынаста, оған қоса өз кәсібін шынайы жақсы көре білгенде ғана біліктілікті арттыру процесінің бүкіл мәні айқындала түсетіні анық.

#### Әдебиеттер

1. Еркинбекова М.А. Біліктілікті арттыру жүйесіндегі этностық қарым-қатынастың маңыздылығы. Монография. – Алматы, 2014. – 127 б.
2. Петровская Л.А. Компетентность в общении. Социально-психологический тренинг. -М.1989. 59-65 б.
3. Грецов А.Г. Тренинг общения для подростков. –СПб.:Питер, 2007. -160 с.:ил.



## **ТҰЛҒАНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Денсаулық бөлінбес құндылық ретінде адам өмірінің жан-жақты толықтығының шарты болып табылады. Адам өмірінің құндылығы абсолютті, өйткені – ол кез келген басқа құндылықтың жалғыз шарты және критерийі болып саналады. Соңғы жылдары біздің елде және өзге де шет елдерде, денсаулық психологиясы атты ғылыми бағыт қалыптасты.

Маяя Гоголан «Денсаулық бізге өмірмен бірге беріледі, ол қарапайым қызмет немесе қажеттілік (дем алу, ас қорыту, қан айналым, т.с.с) ретінде беріледі. Сондықтан болар ешкім өз денсаулығын оны жоғалтып алмаса тіпті ойламайды да. Денсаулық әлемді билейтін, оны білмеуге және сақтамауға болмайтын ортақ заңдарға бағынады, онсыз өмір мүмкін емес. Сондықтан әрқайсысымыз тым болмаса ғылымға адам және оның денсаулығы жайлы белгіліні меңгеруіміз міндетті»- дейді.

В.А.Ананьев: «Өмір сапасының деңгейін көтеру және денсаулықты нығайту арқылы тұлғаның өзіндік өсуі денсаулық психологиясының басты өнімі болуы керек», - деп есептейді.

В.Н.Понкратов өзінің «Денсаулық психологиясын өзіндік реттеу» атты оқулығында, тұлғаның денсаулығының психикалық құраушы негізі ретінде келесіні көрсетеді: «... Егер адам өзінің мінез-құлқын, эмоциясын, ойларын бақылап, түсіне алса, онда ол оптималды салмағын сақтай алады, отбасылық, және сексуалды қатынастарды үйлестіре алады, толыққанды өмір сүруіне кедергі келтіретін әдеттерден құтыла алады. Осылайша денсаулықтың психикалық құрауыштарын түсіну және жақсарту арқылы біз аурудың тууын ескертіп, денсаулықты нығайтып қана қоймаймыз, сонымен қоса адамды, оның денсаулығын өсіре аламыз».

Академик В.П.Казначевтің жеке бас денсаулығы анықтамасы бұдан да толығырақ: «денсаулық дегеніміз, организмнің ұзақ өмір сүру барысында биологиялық және психологиялық әрекеттері мен тиімді жұмыскерлігінің әлеуметтік белсенділігінің, сондай-ақ жас ерекшеліктеріне сәйкес дені сау ұрпақ жалғастыру қабілетінің сақталуы мен дамуы».

Денсаулық- физикалық, рухани және әлеуметтік болып бөлінеді.

Физикалық саулық дегеніміз- адам организмінен функциялардың өздігінен реттелуі, функциялық үрдістердің келісімді өтуі, сыртқы орта әсерлеріне бейімделу қасиеттерінің жоғарғы дәрежелі жағдайда болуы.

Психикалық саулық дегеніміз - ауруды болдырмау, қайтсе де одан арылу «адам өмірінің мақсаты» болуын болжайды.

Әлеуметтік саулық дегеніміз - адамның әлеуметтік белсенділігінің, яғни жеке адамның айналадағы өмірмен біте қайнау дәрежесі.

Денсаулық, қалып (норма) деген ұғымдар бір-біріне ұқсас. Қалып – дені сау адам баласының бәріне бірдей тұрақты стандарт мақсат ететін үлгі болатындай денсаулықтың көрсеткіштері. Денсаулық жағдайын бағалау үшін жасқа байланысты жеке адамдардың қалып көрсеткіштері пайдаланылады. Жасқа байланысты қалып көрсеткішін анықтау үшін белгілі көрсеткіштің әрбір жастағы адам топтарының орташа көрсеткіші есептеліп шығарылады. Әрбір топта табылған орташа көрсеткішті қалып стандарт етіп алынады. Бірақта бір топқа кірген адамдардың көрсеткіштерінің бір бірінен айырмашылығы әжептеуір болуы мүмкін. Өйткені олардың жыныстық, кәсіптік, тұрған жерінің, өмір салтының т.б. айырмашылықтары болады. Орташа көрсеткіштерді анықтағанда, айтылған айырмашылықтарды да еске алған жөн.

Осыған орай «қалып» деген ұғым «денсаулық» деген ұғым тәрізді әр адамның жеке басына ғана тән көрсеткіштері болмақ.

Дене жаттығуларының әсерінен бұлшық еттерде едәуір өзгерістер болады. Егер де бұлшық еттер ұзақ уақыт қимылсыз күйде тұратын болса, онда олар әлсіздене бастайды, көлемі кішірейді. Дене жаттығулары, олардың көлемін ұлғайтады, нығайтады, нығайтады. Мұнымен қатар бұлшық еттердің өсуі, олардың талшықтар санының көбеюінен, ұзаруынан емес жуандауы әсерінен болмақ. Бұлшық ет созылуы жақсартады, тонусы, қан айналым және бұлшықет қоректенуі жақсартады.

Дене жаттығуларымен айналысқан кезде көптеген капиллярлар кеңейіп қана қоймайды, олардың саны да бірден көбейе бастайды. Әсіресе бас ми капиллярларының саны өсуінің ерекше маңызы бар, кезінде И.М.Сеченов ми даму үрдісінде бұлшықет қозғалысының маңызын талай атап өткен. Жаттығу кезінде оттегін тұтыну деңгейі бірден көтеріледі, өйткені бұлшықет жүйесі қаншалықты белсенді қызмет істесе, соншалықты жүрек те әлуатті қызмет етеді. Дене шынықтыруымен, спортпен

айналыспайтын адамның жүрек бұлшық еті әр жиырылыс сайын, қолқаға 60мл шамасындай қан сол қарыншадан лықсып шығарылатын болса, жаттыққан адамда жай тыныштық жағыдайда бір жиырылыстың өзінде қолқаға 90-100 мл қан шығарады. Жаттықпаған адамда жүрек минутына 70 рет жиырылады, ал спортшыларда пульс жиілігі 1 минут ішінде жүрек 50-60 рет жиырылатын болады. Кейбір спортшыларда пульс 40-тан аспай, бір сөзбен айтқанда, жаттыққан адамның жүрегі әр систола сайын қанды көп шығарады, яғни жүрегі үнемі де, ұтымды жұмыс істейді.

Дене жаттығулары өкпенің тіршілік сыйымдылығын кенейтеді, қабырға шеміршектерінің икемділігін жақсартады, тыныс еттерін күшейтеді, олардың тонусын жоғарылатады. Тыныстың минуттық көлемі –қалпы 8 л көп болмайды. Ал, тез және бар күшімен жүгіргенде не жүзгенде ТМК 20 есе көбейеді, 120-130 л жетеді.

Дене шынықтырумен айналысу, зат алмасудың бар үрдістеріне және зәр шығару ағзаларының жұмыстарына дұрыс әсер етеді, қан тасмалдау, лимфа жүйесінің функциясын күшейтеді.

Дене жаттығулары жамбас қуысында қанның іркіліп қалуын, қатпаны, гемаройды болдырмайды.

Қандай болмасын дене жүктемесі-склероздық өзгерістерді болдырмайды. Дене жаттығулары адамның психикасына да үлкен әсерін тигізеді. Осының әсерінен жүйке-жүйесінің күш қуаты өседі, ішкі секретция бездерінің жұмысына дем береді және жағымды эмоция тудырады.

Дене шынықтыру мен айналысуды бастайтындар үшін көптеген әр түрлі дене шынықтыру жаттығуларының мол жиынтығының арасындағы ең бірінші орынға шығаратындары: сауықтыра жүгіріс, жүріспен алмастырып тұратын жүгіру, аэробика, шейпинг, жүзу, туризм, ерік гимнастикасы, таңертеңгі сауықтыру гимнастикасы, дәстүрлі гимнастика және тыныс алу жаттығулары.

А.Ф. Лазурскидің айтуы бойынша, тұлғаның денсаулығы - әлеуметтік ортада өз-өзін басқаруына және іс-әрекетін басқара алуына байланысты. Жан денсаулығының басты көзі ол ойын, эмоциясын, моторлық функциясын, өзін-өзі басқара алуында дейді.

Ғалымдардың тұжырымы бойынша, психикалық ауытқушылықтардың пайда болуы өмірлік жағдайына көп көңіл бөлінуінен болады.

Зерттеулердің көрсеткіші бойынша 48% жұмысшылардың медико-психикалық қиындықтары бар екені анықталды. Зерттеу нәтижесінде оның 10% - да әлеуметтік-психологиялық дезадаптация құбылысы байқалған. Яғни әлеуметтік ортаға бейімделе алмауы. Оның қиындықтары төмендегі жағдайларға байланысты пайда болып отырған:

1. Физикалық денсаулығына байланысты туындаған қиыншылықтар (проблемалар);

2. Психикалық ауытқушылығына байланысты, яғни эмоциялық сферасы, көңіл-күйін басқара алмауынан туындайды;

3. Қарым-қатынастағы қиыншылықтар;

4. Жанұялық жағдайдағы қиыншылықтар;

5. Темекі шегуі мен алкогольді қолданғаннан туындаған қиыншылықтар.

Әр түрлі аурулардың пайда болуына адамның көңіл-күйі, яғни эмоциялық жағдайы әсер етеді. Ол жағымды немесе жағымсыз жағдай болуы мүмкін. Осы арқылы әлеуметтік және биологиялық орны анықталады.

Физиологиялық зерттеулерге сүйенсек, адамның көңіл-күйі іс-әрекет реакциясын және өзін-өзі іштей басқара алуына тікелей әсер етеді. Адам ағзасындағы биохимиялық және физиологиялық өзгерістерді реттеп отырады. Ол туралы П.К.Анохина еңбектерінен мәлімет алуға болады.

П.В. Симоновтың айтуы бойынша, эмоция дегеніміз, ол – сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау және ағзаның соған бейімделуі.

Қазіргі уақытта ағзаның жағдайын мынандай сатыларға бөлген:

1. Денсаулық – патогендік, физикалық, психикалық және әлеуметтік бейімделулер, өмір жағдайына байланысты өзгерулері. Осыған ағзаның бейімделуі.

2. Сыртқы ортаға әсері – яғни адамның қоршаған ортасындағы әр түрлі өзгерістерге әсері. Өзгерістерге физикалық және психикалық өзгерістер жатады. Ағза осы өзгерістерге бейімделе алуы тиіс.

3. Аурудың алдындағы жағдайы – патологиялық процесс, әсер ету факторы, өзін-өзі дамыту жағдайы болып табылады.

Бұл екі сатыда жүреді:

- Ағзаның өмірге қажетті гомеостазы, яғни жүрек ауруларының, спецификалық аурудың алдын-алу;

- Белгілі бір ағзаның гомеостазының, механикалық компенсация әсерінен туындаған аурудың алдын алу.

Этологиялық ауруларды оқыту жолдарында детерменизм принципі ең басты орынды алады. С.С.Гурвич, В.П.Петленко және Г.И.Царегородцевтің айтуы бойынша, детерменизм принципін қолдану ол – аурулардың пайда болуы, нақты жағдай және ауруды тудыратын себептерге байланысты қолданылған.

Өмірге қауіп төндіретін жағдайларда болады. Ол адамның денсаулығына тікелей әсер етеді. Олар: Әлеуметтік жағдай:

- Эндогендік – ол индивидуалдық-психологиялық тұлға ерекшелігі;
- Экзогендікке – өмір жағдайы, кері әдеттері (привычка) әлеуметтік микроклимат жатады.

Әлеуметтік – биологиялық жағдай.

- тұлғаның ішкі жағдайына - тәжірибенің жеткіліксіздігі, білім алуы, психикалық процесіне
- есте сақтауы, сенсомоторикасы ең басты қажетті қасиеттері болып табылады.

Биологиялық жағдайы:

Эндогендік - инерттілігі, жоғарғы нерв жүйесінің тұрақсыздығы, оң жарты шарының жеткіліксіздігін басқара алу функциясы, артериялықтың дәл еместігі жатса, экзогендікке – морфофункционалық, гентикалық себеп-салдарды жатқызған.

Ағзаға факторлардың әсер етуі ол индивидуалды. Дамуға жалпы әсер етуші бейімделу болып табылады. Денсаулық-физикалық, соматикалық, әлеуметтік және рухани болып, төртке бөлінеді. Ағзада денсаулықтың осы аталған түрлері бірі-бірімен ете тығыз байланыста болады.

#### Әдебиеттер

1. Психология здоровья / Под ред. Г.С. Никифорова. – СПб., 2003.
2. Панкратов В.Н. Саморегуляция психического здоровья: Практическое руководство. - М., Изд-во Института Психотерапии, 2001.-352 с.
